



ЗАҢ мен ТӘРТІП ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылары, ІІМ Алқасының мүшелері және орталық аппараттың басшылық құрамы, өңірлік полиция департаменттерінің, аумақтық қылмыстық атқару жүйесі департаменттерінің басшылары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігі мемлекеттік басқару жүйесінде айрықша рөл атқаратын құрылым екенін атап өтіп, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу аса маңызды міндет саналатынын айтты.

— Тәртіп сақшыларының қызметі оңай емес. Бұл белгілі. Күн-түні жұмыс істейтін кездер жиі болады. Қауіп-қатер де бар. Тәулік бойы, яғни 24 сағат бойы сақадай сай болу үшін ерекше қажыр-қайрат пен төзімділік қажет. Себебі қиын жағдайға тап болған жандар, ең алдымен, полициядан көмек күтеді. Азаматтарымыз сіздерге мемлекеттің, яғни биліктің өкілі ретінде қарайды. Қауіп-қатерден қорғайды деп сенеді. Сондықтан сіздерге әрдайым орасан зор жауапкершілік жүктеледі, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, полиция халықтың құрметіне ие мамандықтың бірі болуы керек. Сондықтан қазір ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіруге баса мән беріліп, полиция қызметінің сервистік моделі енгізіліп жатыр.

— «Жұртқа жақын полиция» қағидатын орнықтыру үшін нақты шаралар қабылданды. Осы қарқынды тоқтатпау керек. Пилоттық жоба аясында қол жеткен жетістікпен шектеліп қалуға болмайды. Ашығын айтқанда, қызмет көрсетудің сервистік моделі туралы тек мамандар ғана айтып жүр. Қарапайым азаматтар мен қоғам өкілдері пікір білдіріп жатқан жоқ. Бұл — халық оның нақты нәтижесін, оң өзгерістерді көріп

жатқан жоқ деген сөз. Сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу саласына да назар аударған жөн. Бұл — құқық қорғау жүйесіндегі мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қоғамдағы алаяқтық әрекеттерге тағы бір өзекті мәселе ретінде арнайы тоқталды.

— Қазір көптеген азаматтарымыз алаяқтардың айласына түсіп, алданып қалып жатыр. Сондықтан құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы табанды күрес жүргізуге тиіс. Оларға ешқандай жеңілдік жасалмауы керек. Себебі алаяқтардың жасаған әрекетінен халық зардап шегуде. Мысалы, жақында бір туристік компания заңға бағынатын бір топ азаматты алдап, оларды қажылыққа жіберген. Енді кінәсіз адамдар Сауд Арабиясының полиция учаскесінде қамауда отыруға мәжбүр. Осындай алаяқ компанияның заңға қайшы әрекеті азаматтарымыздың денсаулығына, олардың моральдық жағдайына және жалпы еліміздің беделіне үлкен нұқсан келтіріп отыр. Бұл жерде, әрине, адамдардың құқықтық сауатсыздығы да бар. Енді мемлекетіміз, яғни Сыртқы істер министрлігі оларға барынша көмектесуі қажет. Ал Ішкі істер министрлігі алаяқ компанияның басшылығын, қызметкерлерін заңға сәйкес жауапқа тартуға тиіс. Әділетті қоғам құрамыз десек, дәл осындай өзекті мәселелерді шешуіміз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ЗАМАНЫНА ҚАРАЙ «БАРБИИ»...

Жақында сіңліме қуыршақ алмақшы болып, ойыншықтар дүкеніне кіргем. Бала кезімнен көзтаныс Барбидің жаңа образдарын көріп, кәдімгідей таңғалдым: үйреншікті XS өлшеміндегі белі қылдырықтай түрлерінен бөлек, сатылымда дене бітімі толық, шашы қысқа, бір аяғына протез киген, витилиго синдромы бар, мүгедектер арбасында отырған нұсқалары пайда болған екен. Ойыншықтың балалар дамуындағы маңызды құрал ғана емес, сондай-ақ балаға қоғамның қандай екенін танытатын айна екенін ескерсек, оны негізгі әлеуметтік және мәдени процестердің индикаторы ретінде де қарастыруға болады.

12»



ОПЕРА ӨНЕРІН ДАМУ ТУРАСЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сәлемдесуімен Шымкент қалалық опера және балет театрының директоры Майра Мұхамедқызы қабылданды.

Кездесу барысында еліміздегі опера өнері мен мәдениеттің дамуы мәселелері талқыланды.

Президентке Шымкентте қалалық опера және балет театрының жаңа ғимаратын салу жоспары туралы мәлімет берілді.

Сонымен қатар Майра Мұхамедқызы Президентке өңірдегі опера және театр өнерін дамыту жұмыстары, сондай-ақ жас әншілерді, театр және балет әртістерін оқыту ісі жөнінде айтты.

Мемлекет басшысы жас таланттарды дайындау, театр



репертуарын шетелдік және ұлттық қойылымдармен жаңарту маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Майра Мұхамедқызының көп

жылдан бері Қазақстанның мәдениет саласының дамуына зор үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, опера әншісіне шығармашылық табыс тіледі.



МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен әскери және қызметтік борышын атқарудағы жанқиярлығы, сондай-ақ төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін бірқатар әскеріге мемлекеттік наградалар берілді.

ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен Нұрлан Байдоллаев, Дамир Доллаев, Орал Садықов марапатталса, ІІІ дәрежелі «Айбын» орденіне Думан Баймұратов, Ілияс Қасымов, Иван Никифорова, Рустам Смайлұлы ие болды.

Ермек Ақағалиев, Талғат Әубәкіров, Бахтияр Белгібаев, Мұхамед-Шәріп Ермеков, Бекболат Жиренов, Ертай Кенжебаев, Болат Күдербеков, Арман Кабдулин, Мұрал Мұхамет, Бақытжан Нұрмұхамбетов, Гилани Сайдулаев, Өркен Хурайға «Ерлігі үшін» медалі берілді. «Жауынгерлік ерлігі үшін» медаліне Талғат Жанғазиев ие болды. Ал «Ерен еңбегі үшін» медалімен Алексей Алексеев, Александр Лебединский марапатталды.

ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ – БІР ҒҰМЫР



ЖОШЫ ХАН ЖАЙЛЫ ЖАҢА ДАСТАН



КЛАССИКАДА НЕҢ БАР ЕДІ, ҚҰЛЫНЫМ?!

Соңғы кезде «Қыз Жібек» фильміне қатысты пікір көп айтылып жүр. Бірі қазақ киносының жауһарына айналған туындыға ремейк түсіруді қате деп санаса, енді бірі мұны әлемдік үрдіске балайды. Remake жанры қайдан шыққан? Жаңа нұсқа классикалық картиналарды қайта жаңғырта ала ма?

Tiger Films продюсерлік компаниясы «Қыз Жібек» фильміне ремейк түсіріп, ауқымды тарихи жобаны іске асыруды жоспарлап отыр. Компания өкілдерінің айтуынша, Қыз Жібек пен Төлегеннің аңызға айналған махаббат дастанын экранда танымал қазақстандық актерлер сомдайды. Ал барлық іс-қимыл жаппай шайқас сахналарымен сүйемелденеді. Ғабит Мүсіреповтің түпнұсқа мәтіні негіз ретінде пайдаланылмайды, Қанат Рамазановтың басшылығымен



жаңа сценарий әзірленіп жатыр. Компания картинаны жүзеге асыруға 2 миллиард тенге жұмсауды жоспарлап отыр.

—Осылайша, біз өзімізге, ұлы эпостың кейіпкерлеріне және культтік театр нұсқасын

жасағандарға құрмет көрсетіп қана қоймай, шығарманың жаңа инкарнацияға ие болып, жастардың назар аударғанын қалаймыз, — дейді Tiger Films өкілдері.

(Жалғасы 12-бетте)





Осы аптада Астанада «AMANAT» партиясынан сайланған барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының бірінші республикалық форумы өтті. Оның жұмысына 3 мыңға жуық адам қатысты. Олардың 2,5 мыңы немесе еліміздегі барлық мәслихат депутаттарының 77 пайызы – жергілікті өкілетті органдардағы «AMANAT» партиясының мүшелері.

ПАРТИЯ ІЗГІ ІСТЕРДІҢ АЛҒЫ ШЕБІНДЕ ЖҮРУГЕ ТИІС

«AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда ұсынған «Әділетті Қазақстан мен Адал азамат» концепциясына ерекше назар аударды.

«Әділет пен адалдық – ажырамас ұғымдар. Ал осы ұғымдардың салтанат құруы үшін қоғамдық сана мен әлеуметтік құндылықтар өзгеруі керек. Сонда ғана көздеген мақсатымызға жетеміз. Бұл бізге де қатысты. Осы жолда «AMANAT» партиясы барлық игі істің алғы шебінде жүруі тиіс. Халықтың сенімі бізге күш береді. Сол сенімнің арқасында өткен сайлауда Мәжілесте де, мәслихаттарда да басым дауысқа ие болдық. Премьер-Министрдің кандидатурасын ұсындық. Министрлерді тағайындадық. Мәслихаттағы фракцияларымыз облыстар мен мегаполистердің әкімдерін тағайындады. Бір сөзбен айтқанда, «AMANAT» зор абырой мен орасан жауапкершілікке ие дегенді білдіреді», – деді ол.

Ерлан Қошанов «AMANAT» партиясы үш науқанның, атап айтқанда, президенттік және парламенттік сайлаудың, сондай-ақ жалпыұлттық референдумның қозғаушы күші болғанын атап өтті. Мұны партияның институционалды тұрақтылығының көрсеткіші деп бағалауға болады. «AMANAT» партиялық вертикальдің жұмыс қабілетін және азаматтардың партияға сенім артатынын дәлелдей алды. Алдағы уақытта осы үрдіс жалғасын тауып, аманаттық депутаттар әкімдіктермен өзара тиімді қарым-қатынас жасауы тиіс. Себебі сайлауды уәделерді орындау осы механизмге келіп тіреледі.

«Қазір мәслихат депутаттарына партиялық вертикальға толық қосылуға, оның ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалануға, шешімдер әзірлеп, оны қабылдауға мүмкіндік беру маңызды. Жалпы, келесі сайлауда кадр резервін бірінші кезекте мәслихат депутаттарынан – белсенді, адал, халық арасында сенім мен беделге ие азаматтардан қалыптастыру керек деп санаймын. Мәслихат депутаттарының өкілеттілік аясы кең, олар өңірдің дамуына ықпал ете алады. Дәл осы мәслихат депутаттары облыс әкімін сайлайды, тексеру комиссияларын құрып, аумақтарды дамыту бағдарламалары мен бюджетті бекітеді. Бұл – мәслихаттар әкімдіктермен қатар өңірлердегі өмір сапасына жауапты деген сөз», – деді Партия Төрағасы.

Ерлан Жақанұлы мәслихаттарға есеп беру, бағдарламалар мен бюджетті бекіту тек қағаз жүзінде болмауы тиіс екенін баса атап өтті. Жергілікті деңгейде пікірталастар болуы қажет. Онда депутаттар өз сайлаушыларының мүддесін қорғауы керек. Бәрін бірдей көңілінен шығуға деген ниет мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына кедергі келтірмеуі тиіс. Сынын болғаны дұрыс, бірақ популизмге жол бермеу қажет. Әкімдіктер мен мәслихаттар өзара бәсекелес те, қарсылас та емес, серіктестер болып жұмыс істеуі тиіс. Сондай-ақ Мәжіліс Төрағасы халықтың билікке орындалмайтын талап қойып отырғанын атап өтті.

«Қазір онсыз да қоғамның сұранысы күшейді. Алайда азаматтар бізден орындалмайтын нәрсені сұрап отырған жоқ. Олар берген уәдеміздің уақытында әрі сапалы орындалуын, реформалардың

нақты нәтижесін тағатсыздана күтіп отыр. Олай болса, депутаттардың бел шешіп жұмысқа кірісетін шағы келді. Бұл, әсіресе мәслихат депутаттарына қатысты. Сіздер – партияның жергілікті жердегі өкілісіздер. Бүкіл өңірлік саясатқа ықпал етесіздер. Сіздердің мойындауыңыздағы жүк жеңіл емес. Бұрын халық әкімді іздейтін, қазір депутаттан сұрайды. Не жағдай болса да, «AMANAT қайда?» дейді. Оны өздеріңіз де сезініп жатқан шығарсыздар. Біз осы сынаққа дайын болуымыз керек», – деді партия Төрағасы.

САНА ӨЗГЕРМЕЙ, САПА ҚАЛЫПТАСПАЙДЫ

«AMANAT» партиясынан сайланған барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының бірінші республикалық форумында сөз алған Премьер-Министр Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының Сайлаудың тұғырнамасын және «AMANAT» партиясының бағдарламасын іске асыру Үкімет жұмысының негізі екенін атап өтті.

«Осы бағдарламалық құжаттарды тиімді іске асыру халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Алдымыздағы мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстың барлығы бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізу мәслихаттардың да белсенді қатысуын талап етеді», – деді ол.

Сондай-ақ Үкімет басшысы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға арналған «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруға биыл 100 млрд теңге бөлінетініне тоқталды.

«Жоба 7 жылда 1 млн-нан астам ауыл тұрғынын қамтиды. Бұған 1 трн теңге қарастырылды. Агроөнеркәсіптік ке-

ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ САРҚЫЛМАС КҮШ БЕРЕДІ

жаңғырту бағдарламасын іске асыру Конституцияға өзгерістер енгізуді талап еткен кезде Президент жалпыұлттық референдум өткізу жөнінде бастама көтерді. Референдум нәтижесі қоғамдық топтасудың сапалы жаңа деңгейге шыққанын айғақтады. Мұны президенттік және парламенттік сайлау қорытындысы да растады. Мәселен, реформалардың мән-мағынасы бойынша Президент елдегі барлық саяси күштен тысқары тұру керек. Бұл – басты қағидаттың бірі. Сондықтан былтыр конституциялық реформа аясында Мемлекет басшысы өз өкілеттігін атқаратын мерзімде ешқандай саяси партияның қатарында болмау керек деген ережені енгізу туралы бастаманы көтерді. Содан кейін Президент референдум қорытындысын күтпестен партия қатарынан шығып, төрағалықтан бастартты. Осылайша, Мемлекет басшысы реформаларды жүзеге асыруға табандылығын көрсетті», – деді Ерлан Қарин.

Сондай-ақ Мемлекеттік кеңесшісі енді заң бойынша Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата төрағасы мен мүшелеріне қандай да бір партияның қатарында болуға тыйым салынатынын еске салды. Сондай-ақ әкімдер саяси партияның филиалдарына төраға бола алмайды. Бұл – елімізде жаңа саяси мәдениеттің негізі қаланып жатыр деген сөз. Саяси мәдениеттің дамуы туралы айта келе, Мемлекеттік кеңесші кейбір партияның тәжірибесіздігінен немесе шамадан тыс амбициясы салдарынан ара-тұра саяси эгоизмге ұрынып жататынын атап өтті. Ондай партиялар басқа партиялар айналысатын мәселелер мен тақырыптармен айналысудың қажеті жоқ деп санайды. Алайда жалпыұлттық мәселелерден ашшақтап, саяси қателіктерге бой алдырады.

«Елімізде синтетикалық есірткіге қарсы күрес, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес, балалар зорлық-зомбылығын алдын алу сияқты проблемалар айтарлықтай көп. Бұл мәселер жаңа жалпыұлттық күн тәртібіне, президенттік реформаларды жүзеге асыруға тікелей қатысты. «AMANAT» партиясы өзінің мол тәжірибесі мен саяси жауапкершілігінің арқасында халықты толғандырған мәселелерді шешуге әрқашан атсалысуға

дамуын қамтамасыз ету. Бұл – партияның Саяси тұғырнамасындағы басымдықтарының бірі. 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауды бағдарламасы да өз бастауын осы құжаттан алады. Сайлау науқаны кезінде ол сайлаушылардың аманаттарымен толығымен болатын. Осылайша, сабақтастық жалғасып бағдарламаны жүзеге асырудың республикалық және 20 өңірлік Жол картасын бекітілді. Онда 78 млн шаршы метрден астам жаңа тұрғын үй салу, мектепке дейінгі ұйымдарда 300 мың, мектептерде 1,5 млн орын ашу, халықтың 100% сумен жабдықтауға қолжетімділігін қамтамасыз ету, шағын бизнес үшін 15 мың кедергіні жою сынды тағы да басқа нақты міндеттер қойылды. Бүгінде «AMANAT» фракциясының мүшелері осы міндеттерді кезең-кезеңімен жүзеге асыруда. Солардың бірі – форум делегаты, Абай облыстық мәслихатының депутаты Шағангүл Жанаева «AMANAT» партиясы кез келген қиындықта бірінші болып халыққа қол ұшын созатынын атап өтті. Мәселен, жақында Абай облысында болған өрт кезінде «Жастар Рухы» Жастар қанатының 500-ден астам еріктісі оқиға орнында жұмыс істеді. Олар зардап шеккен тұрғындарға көмектесіп, өрт сөндірушілерді тамақтандырды, үйінділерді тазартты. Бұл – «AMANAT» партиясының жауапты саяси күш екенінің айқын көрсеткіші. Десе де, өңірлерде шешімді күткен проблемалар жетіп артылады.

«Жасыратыны жоқ, қазір ауылда мамандар жетіспейді. Өзім колледжде студент жастармен жұмыс істейтіндіктен, жастардың жағдайын жақсы білемін. Оқу бітірген соң ауылға барайын десе не жұмысы, не үйі, не күйі жоқ. Сондықтан жастар ауылдан қашады. Ауылға жас мамандарды тартуды шұғыл жолға қоюды ұсынамын. Қазірдің өзінде Абай облысы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2 мыңнан астам ауыл жастарына өз ісін бастау үшін шағын несие беру мүмкіндігін қарастырып жатыр. «Дипломмен – ауылға!» жобасы шеңберінде жас мамандарға тұрғын үй сағып алу немесе салу үшін 600 адамға несие беру жоспарда бар. Осы мәселелерді жастарға айтқанда, олардың көзінен үлкен қызығушылық пен зор үміт барын байқадым. Жастарға арналған бағдарламаларды жан-жақты түсіндіріп, оларды көсіпке ынталандыру – біздің

да жиі өтініш-ұсыныстарымен шығады. Әсіресе, еңбек даулары жиі өтеді. Міне, осындай даулардың бел ортасында «AMANAT» партиясының депутаты ретінде халықпен кездесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдап, билікке ұсынысын жеткізіп, өз деңгейімізде шешуге үлес қосып келеміз», – деді депутат.

Форум делегаты, Алматы қаласы мәслихатының депутаты Әсия Ақанова министрлер мен әкімдер есеп беретін көптеген бастаманың «AMANAT» партиясының сайлауды бағдарламаларын орындау аясында жүзеге асырылып жатқанына назар аударды. Депутаттар билік пен халық арасында көпір болып, азаматтардың мүдделерін қорғауы және қордаланған мәселелерді шешуге көмектесуі тиіс. Өздеріңіз білетіндей, жақында «Заңсыз иеленген капиталды қайтару туралы» заң қабылданды. Форум делегаты, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров ат төбеліндей топ шетелге миллиардтаған долларды шығарып әкеткенін мәлімдеді. Ол ұрланған қаражатты елге қайтару жұмысын аяғына дейін жеткізу қажет екенін атап өтті. Осы мәселе бойынша партия мүшелері барлық деңгейде нақты іс-қимыл жасау керек. Бұл – халықтың талабы.

БАЯНДЫ БАСТАМА ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛМАҚ

«AMANAT» атынан сайланған мәслихат депутаттарының республикалық форумы дәстүрлі жиыны айналатын болды. Партия Төрағасы Ерлан Қошанов форумның пленарлық отырысын қорытындылаған сөзінде осындай ұсыныс айтты.

«Біздің мақсатымыз айқын. Ол – Мемлекет басшысы қолға алған реформаларды аяғына дейін табысты жүзеге асыру. Бұл бағытта биліктің барлық тармағының ортақ ұстанымы, ауызбірлігі бар екенін бүгінгі форум көрсетті деп ойлаймын. Осы форумды жыл сайын немесе екі жылда бір рет өтетін дәстүрлі форумға айналдырсақ деген ұсыныс бар. Сіздердің қол соғуларыңызды мен қолдау деп түсініп отырмын. Бұл форум бүгінгі жиынмен аяқталмайды. Келер жылы да осылай жиналып, Үкімет мүшелерін, жергілікті билік өкілдерін шақырып, Мемлекеттік кеңесшіміз бар, осындай жиында ақылдасқанымыз жөн деп ойлаймын. Осы ретте, Әлихан Асханұлы



шенде 536 млрд теңгені құрайтын 300-ге жуық жоба жүзеге асырылуда. Көктемгі егіс және орақ науқанын жеңілдікпен несиелендіру көлемі биыл 140 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Ауыл шаруашылығы техникасына жеңілдікпен несие беру мөлшері 145 млрд теңгеге жетті», – деді Үкімет басшысы.

Ал өз кезегінде Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин қоғамдық сана өзгермей, мемлекет пен қоғамның жаңа сапасы қалыптаспайтынына назар аударды. Ол президенттік реформалардың мәні негізгі саяси институттарды нығайту екенін атап өтті.

«Ең басты міндет – реформаларды жүзеге асыру ғана емес, оларды бүкіл қоғам болып жүргізу. Сондықтан саяси

дайын тұратынын ерекше атап өткім келеді. Бұл тіпті партиялық ұстанымға айналды. Туындыған қиындықты өзіңікі немесе өзгенікі деп болмеу – бұл жауапты саяси мәдениеттің көрінісі. Сондықтан да басқа партиялар «AMANAT» партиясынан саяси жауапкершілік қағидатын қабылдауы керек деп есептеймін. Ұлттық мәселелерді шешу – бүкіл қоғамның ісі. Оны партиялық немесе басқа идеологиялық бағыт бойынша бөліп қарастыруға болмайды», – деп атап өтті Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин.

МЫҚТЫ МӘСЛИХАТ – МЫҚТЫ ӨНІР

Форумда баса назар аударылған тезистердің бірі – өңірлердің теңгерімді

ортақ міндетіміз», – деді Абай облыстық мәслихатының депутаты Шағангүл Жанаева.

Өз кезегінде форум делегаты, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Евгений Булаев зиянды және қауіпті өндірістердің қызметкерлерін зейнетке ерте шығару мәселесін көтерді. Ол бұл мәселені партия өз сайлауды бағдарламасына енгізіп, шешуді көздеп отырғанын жеткізді. Ал Жанаевтен қалалық мәслихатының депутаты Асқар Ноғавтың айтуынша, халық қалаулары мұнай-газ саласында жиі кездесетін еңбек дауларын шешуге әрдайым атсалысады.

«Бізге мұнай-газ кешені саласының жұмысшылары мен кәсіподақ ұйымдары

мен Ерлан Тынымбайұлына, баршаңызға тағы да алғыс айтқым келеді», – деп түйіндеді «AMANAT» партиясының Төрағасы.

Күннің екінші жартысында «AMANAT» партиясынан сайланған мәслихат депутаттары бейінді министрлердің қатысуымен панельдік сессиялар аясында оқыту семинарларын өткізді. 11 панельді сессияның әрқайсысына 250-300 адам қатысты. Онда өзекті сауалдар қойылып, пікір алмасуға толық жағдай жасалды. Жалпы форум барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларын жүзеге асыру аясында өңірлерді дамыту, сондай-ақ мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейту мәселелері талқыланады.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ



«AMANAT» партиясы жанындағы Республикалық жастарды қолдау кеңесінің отырысы өтті. Жиында балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі «Бала қорғау» кешенді жоспары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда оқушылардың бір-біріне қысым, зорлық-зомбылық, әлімжеттік көрсетуі жиілеп кеткенін және бала тәрбиесіне қоғам болып мән беру қажет екенін айтқан еді. Осы ретте, Мәжіліс депутаттары, сарапшылар, құзырлы органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері бас қосқан жиын-дә аталған мәселеге баса мән беріліп, ондай оқиғалардың алдын алу жолдары қарастырылды.

«Елімізде балалар мен жасөспірімдерге қатысты жасалатын қылмыс саны артып барады. Бас прокуратураның дерегіне сәйкес, былтыр балаларға қатысты 2 005 қылмыс жасалды. Оның ішінде жыныстық қолсұғушылыққа қатысты — 719, балалар арасындағы суицид бойынша 155 оқиға тіркелді. Бұл жайт бүкіл қоғамды алаңдатады. Бүгінгі балакай — ертенгі ел тірегі. Оның болашағына бей-жай қарауға болмайды», — деді Парламент Мәжілісінің депутаты, Кеңес төрағасы Нартай Аралбайұлы.

Өз кезегінде, Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан 2023—2025 жылдарға арналған «Бала қорғау» кешенді жоспарымен таныстырып, оның басым бағыттарына атады.

«Бұл құжат әр балаға қауіпсіз орта құруды, ведомствоара-

лық қызметті үйлестіруді көздейді. Онда жеті негізгі көрсеткіш қамтылған. Соған сәйкес, жоспардың жүзеге асырылу барысына баға беріп отырамыз. «Бала қорғау» — 15 орталық және 20 жергілікті атқарушы органның бірлескен жауапкершілігін айқындайды. Бүгінде жобаның алғашқы нұсқасы ашық талқылауға шығарылды. Нәтижесінде, қоғамдық пікірді ескере отырып, бірқатар өзгеріс енгізіп үлгердік», — деді вице-министр.

Ал Мәжіліс депутаты, Кеңес мүшесі Ринат Зайытов балаларға қатысты бастама қоғамға ортақ мәселе екенін және оған аса жауапкершілікпен қарау керектігін алға тартты.

«Жобаны жүзеге асыру кезінде шетелдік бастамаларды үлгі ете бермей, өзіміздің отандық тәжірибеге сүйенуіміз керек. Балаларды оналту орталықтарының ғылыми, спорттық бағыттағы жоспарларын жеке-жеке саралаған жөн. Өскеден ұрпақты тәрбиелеу ісінде төл тарихымыз бен әдебиетімізді ұмыт қалдыруға болмайды», — деді халық қалаушысы.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев бала психологиясы мен дамуына кері әсерін тигізетін контенттер интернет кеңістігінде және әлеуметтік желілерде белең алып бара жатқанын айтты.

«Өкінішке қарай, мемлекеттік немесе басқа да жауапты органдар тарапынан интернет кеңістігінде тарап жатқан қысқаметражды бейнежазбаларға, сериалдар мен өзге де өнімдерге тиісті бақылау жүргізілмейді. Бақылау болмаған сон жасөспірімдер мен балалардың миын ұлайтын жат дүниелер көбейіп кетті. Миллион-

даған қаралым жинаған мұндай өнімдердің пайдасынан гөрі зияны көп екенін мойындауымыз керек. Нашакорлыққа, өз-өзіне қол жұмсауға, ойынқұмарлыққа итермелейтін бейнежазбаларға шектеу қою қажет», — деді «Жастар Рухының» төрағасы.

Жиын соңында кеңес төрағасы аталған жоспар Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына жүктеліп, құжат 5 620 рет қаралғанын және жобаны қолдағандар саны небары 2 дауыс болса, қарсылық білдіргендер саны 157-ге жеткенін атап өтті.

«Құжаттың мәні мен мақсатын жан-жақты талқылауды деп ойлаймын. Алайда біз мұнымен шектелмейміз. Бұл тақырып алдағы уақыттарда да қозғалады. Бала қауіпсіздігі — мемлекеттің басты мәселесі. Әр ата-ана баласының қауіпсіз ортада өмір сүріп, дені сау, білім-білігі мол, саналы ұрпақ болғанын қалайды. «Бала қорғау» кешенді жоспарын кем-кетіксіз, олқылықсыз қабылдау — бәріміздің ортақ парызымыз», — деп түйіндеді Нартай Аралбайұлы.

Айтпа кетейік, кешенді жоспар «Балалардың зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен қорғау құқығын жүзеге асыру», «Білім алушылардың педагогикалық қолдау құқығын іске асыру, балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының алдын алу және түзету», «Қазақстандық балалардың әл-ауқатының деңгейін арттыру, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылы» және «Ақпараттық сүйемелдеу» сынды төрт бөлімнен тұрады. Құжат биыл қыркүйекте қабылданады деп күтілуде.

НЕГІЗГІ МАҚСАТ – ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өзіне ведомстволық бағыныстағы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-мен бірлесіп, еліміздің еңбек нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарын әзірлеп шыққан болатын. Аталған құжат «AMANAT» партиясы жанындағы Экономика, цифрландыру және инновацияларды дамыту жөніндегі республикалық кеңестің отырысында талқыланды.

Республикалық кеңес төрағасы Екатерина Смышляеваның айтуынша, құжатты әзірлеуге көптеген сарапшылар, соның ішінде салалық және халықаралық сарапшылар тартылған. Жобаның негізгі мақсаты — тұрақты еңбек нарығына жағдай жасау және сапалы жұмыс орындарының санын арттыру.

«Еңбек нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді жоспары — халық табысын арттыру бағдарламасының негізгі блогы. Бағдарламада, жоспарда сан рет өзгеріп, ақырында құжат дайын болды. Соның негізінде азаматтарымызды тұрақты әрі сапалы жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге, ең бастысы, халықтың табысының артуына тікелей шаралар қабылданады деп сенеміз», — деді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Жобаны таныстыру барысында «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті Дәулет Арғандықов бүгінде Қазақстанда жұмыс орындарының тек 2,1 миллион, яғни жалпы санының 1/3 бөлігі ғана сапалы екенін атап өтті. Мақсат — бұл көрсеткішті 4 миллионға жеткізу. Осылайша, еліміздегі жұмыспен қамтылғандардың жартысы тұрақты және қауіпсіз жұмыс орындарында лайықты жалақы алып, 1,9 миллион адамның табысы артатын болады. Жыл сайын табысы орташа деңгейден асатын адамдардың саны шамамен 270 мыңға көбейіп, олардың жалпы өсімі 30 пайызды құрамақ.

Ведомствоның мәліметінше, экономиканы индустрияландыру, инфрақұрылымды жеделдетуді, шағын және орта бизнесті дамыту өсудің драйверлері болмақ. Кешенді жоспарды іске асыру еңбек нарығының барлық қатысушыларына — бизнеске, азаматтарға, мемлекетке оң әсер етеді. Мәселен, азаматтар үшін бұл — жеке және мансаптық өсудегі тек мүмкіндіктер, жұмыс орнын таңдаудағы артықшылықтар, біліктілікті мойындауға негізделген лайықты еңбекақы, әлеуметтік кепілдіктер мен



қауіпсіз жұмыс орындары, еңбек нысанын таңдаудағы икемділік. Ал бизнес үшін бұл — кадрларды даярлауға «тапсырыс» қалыптастыру, білікті кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің инвестициялық тартымдылығы, экспортқа бағытталған жаңа өндірістерді дамыту, оның ішінде экономикаға қажетті шетелдік мамандарды тарту. Мемлекет үшін бұл — теңдестірілген аумақтық даму, еңбек нарығының жаңа идеологиясы: жай ғана жұмыспен қамту емес, азаматтарды сапалы жұмыс орындарымен қамтамасыз ету.

Екатерина Смышляева еңбек нарығын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеушілерге құжаттың жан-жақты талқылануы белгіленген қыркүйек айына дейін жобаны аяқтауды ұсынды.

«Құзде жаңа экономикалық саясат пен халықтың табысын арттыру бағдарламасын талқылауға қайта оралатын боламыз деп ойлаймын. Сол уақытқа дейін кешенді жоспарға қатысты ұсыныстар көбейе түсуі мүмкін. Біздің өтініріміз: асықпау керек, қазір үлкен талдау жүргізілді. Бұл құжатта бірінші орында адам және оның адал да лайықты еңбек арқылы қол жеткізер әлауқаты болуы тиіс. Міне, осы канондардың барлығы мұнда сақталған, оны сарапшылар қауымдастығы, өнім өндірушілер, бизнес өкілдері қарап шықты, әлі де болса жетілдіру түскен жөн. Бұл кешенді жоспар барлық салалық бірлестіктерден, соның ішінде өңірлерден де талдаудан өтуі керек. Ол жақта қандай ұсыныстар енгізілетінін біз өңірлік кеңестерімізде талқылаймыз деп ойлаймын. Мысалы, оңтүстікті индустрияландыру бастауы жеңіл өнеркәсіпте жатыр. Бірақ жеңіл өнеркәсіп мәселелерін бүгіннен

бастап шешсек, кейін оны жұмыс істете алмай қиналатын боламыз. Ең бастысы, жоспар мен шын жағдайдың арасы алшақтап кетпеуі керек», — деді Екатерина Смышляева.

Сөз ретінде айта кететіні, соңғы бес жыл бойы елімізде жаңа жұмыс орындарын құру қарқыны тұрақты түрде төмендеп келеді. Құрылған жұмыс орындарының өсімі еңбек нарығына жаңадан еніп жатқан ЖОО-лар мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (ТЖКБ) түлектерін жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алмай отыр. Жұмыс күшінде аймақтық диспропорция бар: оңтүстіктегі тұрғындар саны 2030 жылға қарай Қазақстан халқының жалпы санының 35 пайызын құрайды деген болжам бар. Жұмыс орындарының жартысына жуығы өнімділігі төмен және негізінен мемлекеттің үлесі басым салаларда құрылған. Өзін-өзі жұмыспен қамту бойынша негізгі өсім қызмет көрсету саласына тән.

Сондықтан да бүгінгі барсын-кәтерлер мен кәзіргі әлемдік трендтер еңбек нарығының жаңа идеологиясын әзірлеуді талап етуде. Қазақстан бұл бағытта Дүниежүзілік банкпен бірлесіп отырып халықаралық тәжірибеге талдау жүргізген екен. Оның нәтижесінде еңбек нарығын дамыту үшін бизнесті ынталандыру бойынша ұсыныстар тұжырымдалған. Біріншіден, экономиканы индустриалды бағытқа бұру сапалы жұмыс орындары мен жоғары табысты қамтамасыз етеді. Екіншіден, жұмысшылардың табысының өсуін негізінен экспортқа бағытталған өнім бар жеке компаниялар қамтамасыз етіп отыр. Үшіншіден, кәсіпкерлікті қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етпек.

ВЕЙПКЕ УЛАНҒАН БАЛАЛЫҚ

Вейп пен электронды темекінің ұлт саулығына келтіретін залалы кәдімгі темекіден асып түспесе, кем емес. Сондықтан оған болашақ ұрпақтың денсаулығы үшін заңнамалық шаралармен қарсы тұратын уақыт жетті. «AMANAT» партиясы жанындағы Білім және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысына қатысушылар осындай қорытындыға келді.

Вейп пен электронды темекінің адам денсаулығына төндіретін қауіпі туралы елімізде бірнеше жылдан бері айтылып келеді. Кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова атап өткендей, партиялықтар бұған дейін де жаңа жаман әдетке қарсы күресу үшін бірқатар жүйелі іс-шара ұсынған болатын.

«Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев вейп және түрлі электронды темекілерді ұлт саулығына қауіп төндіретін кесел деп атап өтті. Ол электронды темекінің бәріне қолжетімді және оның зиянсыздығы туралы түрлі жарнаманың көбейіп кеткеніне алаңдаушылық білдірді. Мемлекет

басшысы осы қауіпті үрдіспен күресу үшін жүйелі және шұғыл шаралар қабылдау қажет екенін айтты. Осыған байланысты біз Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрліктерінің, прокуратураның, «Атамекен» ҰҚП және басқа да мекемелердің өкілдерін жинап отырмыз», — деді жиынды ашқан Ж.Сүлейменова.

Іс-шараға Мәжіліс депутаты, Экология мәселелері жөніндегі кеңестің төрағасы Еділ Жанбыршин, «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ басқарма төрағасы Абай Байгенжин, «Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық коалициясының жетекшісі Жәмила Садықова және басқалар қатысты.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспанның айтуынша, вейп шегуді жастар арасында белең алған өзекті мәселелердің қатарына қосуға болады.

«Өкінішке қарай, бүгінде жастар түрлі жаман әдетке бой алдыруға бейім. Нашакорлық, ойынқұмарлық, буллинг және кибербуллингпен қатар вейпинг те үлкен мәселесі айналды. Қазақстан тұтынушылар лигасының ақпараты бойынша, Астана мен Алматыда соңғы 6 айда вейп сатылымы 372 пайызға өсті.

Елімізде вейп сататын 6 мыңнан астам сауда нүктесі бар. Оларға толықтай тыйым салуды Мәжіліс депутаттары мен еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері қолдады. Бұл жерде біз балаларымыздың болашағын басты орынға қойып отырмыз», — деді ол.

Сондай-ақ вице-министр вейппен күрес аясындағы жұмыс қорытындылары туралы айтып берді. Оның айтуынша, 2023—2025 жылдарға арналған арнайы Жол картасы жасалып, жастар арасында түрлі іс-шаралар өткізу жоспарлануда. Мәселен, «Мен салауатты өмір салтын ұстанамын!» деген ұранмен марафон өткізу көзделіп отыр. Сондай-ақ ол оқу орындарының жанында рейдтер жүргізуді, жастар көп жиналатын орындарда вейптерді жарнамалауға тыйым салуды, өңірдегі кәсіпкерлер арасында түсіндіру жұмысын жүргізуді және әкімдіктерге вейптердің зияны туралы баннерлер орналастыруды міндеттеуді ұсынды.

Денсаулық сақтау вице-министрі Вячеслав Дудник вейптің зияны туралы ғылыми зерттеулерге тоқталды. Сонымен қатар ол темекі индустриясының нарығы үздіксіз дамып, жаңа өнім түрлері пайда болып жатқанын, оған денсаулық сақтау



жүйесі дер кезінде шаралар қабылдауы тиіс екенін атап өтті.

«Жаңа тренд пайда болды. 4 буын вейптері тыныс алу жолдарына зақым келтіреді. Зерттеулер бұл өнімнің жоғары уыттылығын көрсетті. Мұндай тұтыну деңгейі никотинге тәуелді азаматтардың жаңа буынының пайда болуына әкелуі мүмкін», — деп атап өтті В.Дудник.

Оның айтуынша, Қазақстанда 2018 жылы жүргізілген зерттеудің нәтижесіне сөйкес, 15 жастағы ұлдардың 14 пайызы және қыздардың 6 пайызы вейп шегіп

көрген. Бұл зерттеуді 2022 жылы қайталанған кезде вейпті тұтыну көрсеткіші 3,6 пайызға күрт өскені анықталды.

«Вейп және электронды темекі шегудің зияны кәдімгі темекіден кем емес. ДДҰ вейп тұтынуы темекі шегумен бірдей деп мойындады. Оларды кәдімгі темекіге арналған «трамплин» деп те санауға болады. Бұған қарсы қандайда бір шара қолдануымыз қажет, әйтпесе, еліміздің болашақ ұрпағынан айырылып қаламыз», — деп түйіндеді Денсаулық сақтау вице-министрі.

ЮНЕСКО ҒЫЛЫМДЫ ДАМУЫН «УАҚЫТПЕН ЖАРЫСҚА» ТЕҢЕДІ. Себебі түсінікті. Әлемде ғылым өркен жайған сайын адамзат та уақыттан оза түседі. Қазақ елінің де осы жарыс жолынан шығып қалмай, алға қарай дамығаны жөн. Әйтпесе, өркендеуде артта қалып, өркениет көшінің шетіне шығып қалуы мүмкін. Сондықтан мемлекет отандық ғылымды дамытуға баса мән беріп отыр. Бұл ретте ғылымды қаржыландыру соңғы үш жылда үш есе артты.

Дүниежүзінде, әсіресе дамыған елдерде ғылымға қаншалықты көңіл бөлінетінін келесі қызықты деректерден байқауға болады. ЮНЕСКО дерегіне, бес жылда жаһандық ЖІӨ 14,9 пайызға өсіпті, ал осы кезінде ғылыми зерттеулерге арналған жаһандық шығыстар одан көпке, 19,2 пайызға артқан. Жер-жаһанда ғылыми зерттеушілер санының өсуі планета халқының өсуінен үш есе асып түскен: 5 жылда адамзат саны 4,6 пайызға өссе, ғылымдар саны 13,7 пайызға көбейген.

Заманауи ғылым адамзаттың болашақ дамуын айқындайды. Сондықтан жаһандық тұрғыда бір жыл ішіндегі ең көп ғылыми жарияланымдар 10 негізгі ғылыми бағытқа тиесілі болып отыр: жасанды интеллект және робототехника (257,5 мың жарияланым), энергетика (215,8), материалтану (193,6), нанотехнология (87,1), оптоэлектроника және фототехнология (56,7), биотехнология (35,3), қорғаныс және қауіпсіздік (25,9), биоинформатика (19,1), заттар интернеті (6,9), блокчейн технологиясы (0,29).

Қазақстанда ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты және ведомстволық салалық ғылымды әкімшілендіруді 11 министрлік жүзеге асырады. Дегенмен отандық ғылымды дамытуға серпін беру үшін бытыр елімізде бұл салада жеке министрлік құрылды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, ғылым мен инновацияны өркендету — дамуың жаңа экономикалық бағытының негізгі басым-



ҒЫЛЫМ

дықтарының бірі. Сол себепті ғылымды қаржыландыру артты.

«Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасына сай, ғылымды қаржыландыруды кезең-кезеңімен ұлғайту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ғылымды қаржыландыру соңғы үш жылда үш есе артты. Сондай-ақ ғылыми жобаларды коммерцияландыру қаржысы төрт есеге артты. Быыл базалық қаржыландыру 54 ғылыми ұйымға берілді», — деді министр.

Ол ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары табысты іске асырылып жатқанына сендірді.

— Біріншіден, коммерцияландыруға арналған жобалар нәтижесінде инновациялық өнімдерді сатудан түскен табыс 22,6 миллиард теңгені құрады. Екіншіден, бюджетке салық төлемдері түрінде 5,7 миллиард теңге төленді. Үшіншіден, 465,5 миллион теңгенің өнімі шетелге экспортталды. Төртіншіден, жеке инвесторлар құйған қаржы көлемі шамамен 6,8 миллиард теңгені құрады, 1 400-ден астам жұмыс орны құрылды, — деді С.Нұрбек.

ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Соңғы мәліметтерге сәйкес, бүгінде елімізде 22 мың ғылыми кадр бар. Зерттеушілердің 37 пайызы ғылыми немере академиялық дәрежеге ие.

Қазақстандық ғылым айтарлықтай жасарыпты: ғалымдардың 35 пайызын 35 жасқа дейінгі жастар құрайды екен.

Соңғы жылдары жас ғалымдарды қолдау және оларды ғылымға тарту шаралары пәрменді жүргізіліп жатыр. Ғылым және жоғары білім министрлігі конкурстық құжаттамаларға жаңа талап енгізді: өз ғылыми жобасын бюджет есебінен жүзеге

қолдаудан кеңде емес

асырғысы келетін команда, ұжым өз қатарындағы жас ғалымдар мен зерттеушілердің үлесін кем дегенде 40 пайызға жеткізуі керек.

«2022 жылдан бастап «Ғылым туралы» заңға енгізілген өзгерістерді практикада іске асыру басталды. Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдерін апелляциялау институты енгізілді. Ғылыми тағылым-дамадан өтудің нормативтік базасы бекітілді. Жүргізілген шаралар нәтижесінде ғалымдардың жалақысы 2 есе ұлғайтылды. Сонымен қатар Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе берілді», — деді министр С.Нұрбек.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес және халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Президент жарлығымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес құрылды. Оның аясында да жас ғалымдарға зор қолдау көрсетіледі. Мысалы, бытыр мыңнан астам жас ғалым мен зерттеуші жұмыс істейтін 631 ғылыми жобаға бюджеттен жалпы сомасы 19,1 миллиард теңгеден астам қаражат шығындалды. Ал енді гранттық қаржыландыру конкурстары нәтижесінде жас ғалымдардың 881 жобасы қаржыландырылуда.

Жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 қазақстандық ғалым тағылымдамадан өтіп отырады.

ЕЛДІҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті іске асыратын 650 кәсіпорын мен 485 жеке тұлға аккредиттелген. Бірақ олардың 438-і ғана ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асырады. Олардың 101-і — мемлекеттік секторға, 95-і — жоғары білім беру секторына, 202-сі — кәсіпкерлік және 40-ы — коммерциялық емес секторға жатады.

Ғылыми ұйымдардың желісі 11 өңірде артты. Оның ішінде Астана қаласында — 14, Қарағандыда — 9 және Шығыс Қазақстан облыстарында — 7 белсенді жұмыс істейтін жаңа ұйым қосылыпты.

Қазір ғылыми әлеует 11 салалық министрлік пен ведомстволарға бағынады. Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты мемлекеттік ұйымдардың 34-і — Ауыл шаруашылығы министрлігіне, 17-сі — Денсаулық сақтау министрлігіне, 6-ауы — Цифрлық даму,

инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне, 5-уі — Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне, 3-і — Экология және табиғи ресурстар министрлігіне, 2-і — Энергетика министрлігіне тиесілі. Төтенше жағдайлар, Қорғаныс, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері — бір ғылыми ұйымнан еншіледі.

Салалық мемлекеттік органдардың қарамағында ғылыммен айналысатын 12 жоғары оқу орны бар. Тарата кетсек, АШМ — 3, Денсаулық сақтау министрлігі — 5, Мәдениет және спорт министрлігі — 4.

Өз кезегінде Парламент жаңа «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасына бастамашылық жасады. Депутаттар Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Мәдениет министрлігінің жоғары оқу орындарын — Ғылым және жоғары білім министрлігінің қарамағына, ал педагогикалық жоғары оқу орындарын — Оқу-ағарту министрлігінің қарамағына тапсыруды ұсынып отыр. Бұл білім берудің барлық деңгейі үшін педагогтерді даярлаудың тұтас моделін құруға мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеулерге және жұмыстарға қажетті тауарларды сатып алу үшін мемлекеттік сатып алуы жүргізудің ерекше тәртібін белгілеу ұсынылды. Әйтпесе, парадоксты жағдай қалыптасты: ғылыми-зерттеу институттары және жоғары оқу орындары ғылыми жобалар мен бағдарламаларға арналған конкурстарды жеңіп алады. Бірақ ары қарай зерттеудің өзін бастау үшін олар жабдықтарды, реактивтерді, зерттелетін объектілерді сатып алу бойынша тағы конкурстар өткізуі керек. Кейде бұл тендерлер жылдап өтпей қалуы немесе жабдықты жеткізу бірнеше айға созылуы мүмкін.

Жаңа заң жобасы қабылданса, қазақстандық ғалымдардың ғылыми журналдары мен монографияларын басып шығаруға арнайы гранттар бөлінеді.

Республикада базалық қаржыландыру аясында жобаға жетекші ғалымдарға жеке еңбекақы төлеу енгізілді. Бұрын олар негізінен атақ пен марапат үшін жетекші болатын. Ғылымды қаржыландырудың жаңа түрі — іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру енгізілді. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар енді мемлекеттен бұрынғыдай бір-екі жыл емес, 5 жыл бойы қаражат алып тұрады.

Яғни, ғылымның дамуына кең өріс ашылды, мол мүмкіндік берілді. Ендігі сөз — қазақстандық ғалымдарда. Олардан ел дарыны мен әлеуетін жарқырата жүзеге асыруды, ғылыми жетістігімен Қазақстанның жақсы атын шығаруды күтіп отыр.

Елдос СЕНБАЙ

ЖЕРДІ САТҚАН КІМДЕР?

Өңірде мал бағатын ұлтарақтай жер таппай жүрген шаруалар жетерлік. Кезінде «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» алаяқтықпен кепілге кеткен жерлердің бүгінгі тағдыры да қыл үстінде. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облысының аумағында ауылшаруашылық жерлерінің әлі де басым бөлігі латифундистердің шегелінен шықпай тұр. Жайылым жер үшін соңына дейін баруға ниеттенген тұрғындар жылдар бойы соттасып келеді.

Сондай өңірдің бірі — Айыртау ауданына қарасты Қаратал, Елецкий, Коскөл, Сарыөзек және Колесниковка ауылдары. Төрт жылға жуық жер үлестерін ала алмай, түрлі сатыдағы соттардың табалдырығын тоздырған жоғарыдағы ауыл тұрғындары кезінде өздері сеніп тапсырған «Жер Ана» компаниясының құрамынан шығуға ниеттеніп, Қаратал ауылында үлкен жиын өткізді. Аталған ауылдарға тиесілі 16 186 гектар ауыл шаруашылығы жерлері сонау 2010 жылдың 22 қазанында кепілге қойылып кеткен. Бірақ жерге егін салған компанияның халыққа білдірмей келген шикі істері болғаны туралы тұрғындар тек арада он жыл өткенде ғана барып анықтапты.

Алдымен мәселенің қалай басталып, артының қалай тізек сонау тоқсаныншы жылдары жерге «Әліби» ЖШС иелік етеді. Сол кезден бастап жердің айналасында сағызша созылған сан түрлі китурқы әрекеттер, миллиондаған доллар не-

сиелер мен ауыл жұртына тиесілі жерлер түгелдей банкроттің кепілдігіне кетеді. Ал артынан жаңағы компаниялардың бәрі төлем қабілеті жок болып банкротқа айналып шыға келген. Жоғарыдағы бес ауылға тиесілі 16 мың гектардан астам шұрайлы жер де «Халық банкі» акционерлік қоғамына кепілдікке беріліп, миллиардтаған сома несие алынған болып шықты. Алайда несие жерге егін еккен «Жер Ана» компаниясына емес, «Әліби» холдингі, «Бинюс» астық ком-

дауында тіпті әлдеқашан қайтыс болған, иелері Ресейге, тіпті басқа да мемлекетке көшіп кеткен адамдардың құжатқа «кол койып» жібергені де белгілі болған. Жер үлестерін ала алмай, «бармаған жер, баспаған тауы» қалмаған тұрғындардың ендігі бар үміті — жерлерінен айырған «Жер ана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрамынан шығып, өздері жеке шаруашылық серіктестігін ашу. Сот отырыстарында қаралып жатқан құжатқа сәйкес, Қаратал ауылдық округінің 15 065

Аталған ауылдарға тиесілі 16 186 гектар ауыл шаруашылығы жерлері сонау 2010 жылдың 22 қазанында кепілге қойылып кеткен. Бірақ жерге егін салған компанияның халыққа білдірмей келген шикі істері болғаны туралы тұрғындар тек арада он жыл өткенде ғана барып анықтапты.

паниясы сияқты бірнеше ауылшаруашылық компаниясына рәсімдеген. Қағаз жүзінде сол кездердің бәрінде халықтың қатысуымен «жина-лыстар» өткізілігімен, оның бәріден де халық хабарсыз қалған. Соның сал-дарынан жалпы саны 788 пайшы мүлде жер үлесінсіз қалады.

Бірнеше мәрте аудандық облыстық сот инстанцияларында қаралған жер

гектар егістік алқабы мен Елецкий ауылдық округінің 1 121 гектар жері кепілге қойылған. Жоғарыдағы ауыл тұрғындары жерді кепілдікке жіберген «Жер Ана» ЖШС-ның құрамынан шығу туралы жиын өткізілетінін аудандық газетте жариялағанымен аудан әкімдігінен жиынға қатысқан ешкім болмады.

— Қазір прокуратура 788 пай үлескерінің жері бойынша істі сотта қарап отыр.



Бүгінгі жиынға осы үлескерлердің 665-інен үлескерлер мен олардың өкілдері қатысып отыр. Жиынның негізгі мақсаты — тұрғындарды «Жер Ана» компаниясының құрамынан шығару мәселесі. Жиналыс қорытындысы бойынша, халық бірауыздан «Жер Ананың» құрамынан шығуға шешім қабылдады. Құжатта барлық азаматтардың қолы мен жеке деректері жазылған. Жиын қорытындысына сәйкес, хаттама шешімі Egemen Qazaqstan газетінде жарияланады. Газетке жарияланған алты ай ішінде ол заң жүзінде күшіне енетін болады, — дейді жер үлескерлерінің заңгері Жанболат Кабытай.

Жиынға құжат жүзінде тек 1 121 гектары ғана анықталған Елецкий ауылының тұрғындары да қатысты. Кезінде «бармақ басты, көз қысты» әрекеттер болғанынан ба, қалған жер үлестерінің кімнің меншігінде екені де беймәлім болып шықты. Ауыл белсенділері құжаттан тыс қалған аталған жерлерді кепілге кетіп қалған негізгі жер үлестерін алып шыққаннан кейін қайта қозғамақ ниетте.

— Осында отырған барлығымыздың мақсатымыз да, тілегіміз де біреу.

Жұмылған жұдырықтай бірлесіп, атабабамыздан қалған жерімізді өзімізге кері қайтарғымыз келеді. Сондықтан баршаңыз сот отырыстарына қатысып, елдігімізді көрсететін уақыт келді. Алдағы 17 шілдеде тағы сот болады. Соған баршаңызды қатысуға шақырамын. Тек күш біріктіріп, сонына дейін күресек қана оң нәтижесі болуы мүмкін, — дейді ауылдың белсенді тұрғындарының бірі Кабдуәлі Оразалин.

Жиын барысында ауылдағы баспасыз ауызсу, абадтандыру сияқты басқа да жылдар бойы қордаланған мәселелер де айтылды. Ауыл әкімі аудандық бюджеттен қаражат қарастырғыла, мәселе шешімін табатынын жеткізді.

Ауыл тұрғындарының жер үлестерінің алдағы тағдыры әлі де болса бірнеше мәрте сот отырыстарының қарауында талқыға түспек. Жерлері көкпарға түскендей ту-талақай болған жоғарыдағы ауыл тұрғындары соңына дейін күресуге белді бекем буып отыр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, «Ветеринариялық санитария» кафедрасының доценті, профессор, ветеринария ғылымдарының кандидаты Юрий Балджи ветеринария, тағам өнімдерінің қауіпсіздігі, ветеринариялық-санитариялық сараптау, экструдирленген мал азығы мен қоспалар бағытында көптеген зерттеу жүргізген. Біз ғалыммен тілдесіп, сапалы мал өнімдерін алу, саладағы күрделі мәселелер жөнінде пікірлесіп, оның осы түйткілді жою бағытындағы зерттеулерінің нәтижесі жөнінде білген едік.

— Алдымен инновациялық мал азығын әзірлеу үшін зерттеулерді қай кезде бастадыңыз? Нәтижесі қандай болды? Осыған тоқтала кетсеңіз.

— Бастапқыда Ақмола агротехникалық колледжін бітірген соң университетке оқуға түстім. Оны бітірген кезде жетекшім, ғалым Қуаныш Сыздықов дипломдық жұмысыма еттің сапа көрсеткішін анықтау жөніндегі тақырыпты зерттеуді ұсынды. Аспирантурада үш жыл бойы мал шаруашылығы өнімінің сапасы және қауіпсіздік көрсеткіштерін анықтау тақырыбын тереңдетіп зерттедім. Әсіресе, афлатоксикоз (тамақтан улану кезіндегі патология — *авт*) кезінде фитобиотикті, фитопрепараттарды қолдануға көбірек ден қойдым. Бұл — өте ұсақ саңырауқұлақ әрекетінен туындайтын кең таралған ауру. Ол тудыратын микотоксин ішінде ең қауіптісі — афлатоксин. Өзіңіз білесіз, шаруа қожалықтары малына қолында бар жемшөбін береді. Осы микотоксин барлық мал азығында кездеседі. Біреуінде аз, кейбірінде көп болуы ықтимал. Осындай жемді жегенде токсин малдың ағзасында өте ұлы затқа айналады. Ол сүтінде, етінде болады. Диссертацияны қорғаған соң профессор Балғабай Майқанов жетекшілігімен осы бағыттағы бірнеше жобаны зерттеуді қолға алды. Нәтижесінде, біз тұтынатын сүт, ет және сүт-ет өнімдерінде токсиндер, антибиотик қалдықтары, гормоналды препараттар, микробиологиялық лас-таушы заттар таптық. Бұлар денсаулыққа зиян келтіреді. Сондықтан «ұлы заттар мал өнімдеріне қандай жолмен келіп түседі, оны қалай тоқтатуға немесе азайтып, баулауға болады?» деген сұраққа жауап іздедік. Өйткені тұтынушы барынша қауіпсіз, таза өнімді пайдалануы тиіс. Бұл — бірінші мәселе.

Екінші мәселе — еліміздің көптеген өңірінде экологиялық ахуал нашар. Мысалы, Қарағанды облысында ірі өнеркәсіптік орын көп. Тіпті, қуруттық аймақтардағы экологиялық ахуалды зерттеген кезде токсикалық элементтердің көп көлемдегі шоғырын анықтадық. Таулар абсорбент секілді оларды өз бойына жинап алады. Олар ауа, су, топырақ, өсімдікте жиналып, мал ағзасына түседі, кейін осы мал өнімдері арқылы сауда сәресіндегі азық-түлікке келіп жетеді. Біз соны жейміз.

Біз малдың азығын зерттеген кезде қарапайым және патогенді микробтар, микотоксин бөлетін көптеген саңырауқұлақты анықтадық. Осыны зарарсыздандыру үшін 2015 жылдан бастап менің диссертациямда бұрын зерттелген фитопрепараттарды қолдандық. Зерттеуімдегі саңырауқұлаққа қарсы тиімді эффектіні тереңірек зерттей бастадық. Мал азығын экструдтау технологиясын қайта жаңғырттық. Азықтарды өңдеудің көптеген әдісі бар, мысалы, кеңейту, түйіршіктеу және экструзия. Соңғы технологияны көпшілік біле бермейді. Қазір оны қайта қолға алып, жетілдіруде. Өйткені қазір құрал-жабдық, технология біршама дамыған. Экструзия процесінде ұнтақтау, айғалдандыру, араластыру, термиялық өңдеу, желатиндеу, ақуыз денатурациясы, микроорганизмдерді және кейбір улы қосылыстарды жою және ішінара дегидратация сияқты бірнеше операция жүреді. Экструдтауда 90-105 градусты жоғары температурада гигиеналық құрама жем алу үшін қолданылады. Өте жоғары атмосфералық қысымда мал азығын өңдеу процесі жүргізіледі. Шикізат ретінде жүгері, бидай, бұршақ, арпа секілді дәнді-дақылдағы барлық пайдалы заттар алынады. Экструдтау процесінде мал азығының құрамы өзгереді. Ақуызды алсақ, ол өте ауыр қорытылады, ақуыз пептид пен аминокышқылға айналады. Майларда осындай жағдай. Экструдтау кезінде ол ыдырап, май ақуыз қапшығынан бөлініп кетеді. Крахмал — азық құрамындағы қорытылуы ауыр ең күрделі нутриент. Экструзия оны бөлшектейді, тез сінетін жеңіл көмірсуға айналдырады.

Бір қызық жайтты айтайын. Экструдтау жолымен алынған азықты 2020 жылдан бері полиэтилен қапшыққа сақтап келеміз, полиэтилен қапшығы түрлі саңырауқұлақ, заттардың өнуіне өте қолайлы орта. Алайда қапшықтағы азық ешбір өзгеріссіз калпында сақталды. Өзге малдың азығын осылай сақтаса, бір-екі аптадан кейін бүлініп кетеді. Соны зерттеп қарасақ, зиянды микроағза, саңырауқұлақтар жойылғандықтан, азықты ұзаққа сақтауға мүмкіндік бергенін көрдік. Зерттеулер нәтижесінде жазылған ғылыми әдебиеттерге жүгінсек, әдеттегі азықтың 30-40 пайызы малдың ағзасына сіңсе, ал 60 пайыздан астамы құнарлы заттар жануар



Юрий БАЛДЖИ,
ветеринария ғылымдарының кандидаты:

Шаруалар ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДЕН ҚОРЫҚНАУЫ ҚАЖЕТ

ағзасына толықтай сіңбей, шығып кетеді. Біз сөз етіп отырған экструдтау үдерісі кезіндегі азықтың сіңіру көрсеткіші 90-95 пайызға дейін жетеді. Яғни, жануар ас қорытуға көп қуат жұмсамайды. Артық қуат малдың өнімділігіне жұмсалды, егер сауылатын сиыр болса сүті, бордақылған ірі қара болса еті көбейеді. Біздің зерттеу жұмыстарымыз, басқа авторлардың еңбегіне, мәліметтеріне сәйкес дәлелденген. Біз әзірлеп шығарған фитобиотик мал шаруашылығында қолданылады. Препарат бұрын «тополи» деп аталды, оны М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде химия ғылымдарының докторы, профессор Владимир Поляков ойлап тапты. Диссертациямда және бірлескен жобаларымда оның препараттарын қолдандым. Қазір препаратты мемлекеттік тіркеу тізіміне енгізіліп, азықтық қоспа BioFeed-Р деп аталды. Оны экструдирленген мал азығына қосамыз.

— **Инновациялық мал азығын үш пехта өндіріп сатуға қол жеткізілген көрінеді?**

— 2015 жылы түрлі рецептура әзірлеуге қатысты ғылыми-зерттеу жобасын жүргіздік, жоба аяқталған соң соның нәтижесі бойынша патент алдық. «Ғылым қорының» коммерциализациялау жөніндегі байқауына құжаттарды жинап, өтінім бердік. Қор ғалымдарға өндіруші бизнеспен бірігіп жана өнім алып, өндіріске шығаруды жолға қою үшін көмектеседі. Цех аштық, қазір фитобиотикпен байытылған экструдтелген өнім шығарылып жатыр. Қазір басқа фитопрепараттар әзір-



леп жатырмыз. Енді фитобиотикпен тәжірибе жүргізіп, жемазық емес маститті емдеу және алдын алуға бағытталған биопрепарат әзірлеуге кірістік. Өнім түрлері де көбейтілуде. Көптеген адам біздің өнімді биологиялық белсенді қоспа деп түсінеді. Алайда биологиялық белсенді қоспада тұтыну мөлшері шектелмейді. Оны көп тұтынса зияны жоқ. Ал біздің азық-жем қоспалары белгілі бір әрекет ететін заттар мен олардың дозалары бойынша реттеледі. Бұл мемлекеттік



“

Мал шаруашылығымен айналысатын фермерлердің мал дәрігері қызметіне жүгінгені дұрыс. Зоотехник малдың рационын, оны немен азықтандыруды анықтайды.

тізілімге енгізілген. Бақылау жүргізіледі.

— **Қазір елімізде ұсақ шаруа қожалығы көп. Ондағы малдың көбі бордақыланып, етке өткізіледі. Әр фермердің малды семіртуге қатысты өз тәжірибесі, әдісі бар. Тіпті, кейбір жағдайда «малды семіретін препараттар егіледі» деп естіміз. Олар нені дұрыс жасап жүр, қай тұстан қателеседі? Осы тақырыпқа қатысты мал бағып отырған жанарға өз ақыл-кеңесіңізді айта кетсеңіз?**

— Мал шаруашылығымен айналысатын фермерлердің мал дәрігерінің қызметіне

жүгінгені дұрыс. Зоотехник малдың рационаын, оны немен азықтандыруды анықтайды. Мал дәрігері жалпы ветеринарлық қауіпсіздікті қадағалайды. Біз малды өнім алу үшін ұстаймыз. Барлығымыз таза әрі қауіпсіз өнім тұтынғымыз келеді. Бұл — ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Азық-түлік себепші болатын түрлі аурумен ауырғауымыз керек. Сіз айтып өткен малды семірту үшін препараттар егу жайы ол тек ветеринар бақылауымен жүргізілуі тиіс. «Ивермекті» алып қарасақ, бұл — паразитке қарсы препарат, қажеттілігі бар. Оны қолдану керек. Әрбір препараттың өз нұсқаулығына сәйкес оның құрамындағы залалды заттар жануар ағзасынан шығып кететін уақыт белгіленген. Бұл антибиотик, антипаразитарлық препараттарға қатысты. Ал жалпы қолданылмайтын тиіс гормоналды препараттар да қолданылып жатыр. Фермер препараттың нұсқаулығын оқып, соның талаптарын барынша сақтауы тиіс. Мысалы, антибиотикті қолданғанда оның ағзалануы үшін күнге созылады. Егер әсер етуі ұзаққа созылатын болса, ол мерзім — бір ай. Соңғы екіп салынғаннан кейін бір ай ішінде малды союға болмайды. Осынышама уақыт күту керек. Сонда ғана аға антибиотик қалдығынан арғылып, еті-сүті қауіпсіз, пайдалы болады. Алайда көп жағдайда бұл мерзім сақталмайды, оны ешкім бақылап жатқан жоқ. Қазір адамдар ауырса, интернеттен қарап, оқып алып, өз бетімен дәріханадан дәрі сатып алып, емделе беретін болды. Ауыл шаруашылығында да тура осындай жағдай қалыптасқан. Алайда интернеттегі ақпарат жалған болуы мүмкін. Сондықтан малды емдеуді маман бақылауы тиіс.

Тағы бір айта кетерлік мәселе, ауырған малды емдеу үшін түрлі антибиотик қолданады. Ірі шаруашылықтарда бұл бақылауға алынған. Егер сиыр желінсаумен ауырса, оны антибиотикпен емдегенде сиыр сүтін сауып, ішуге болмайды. Антибиотик қалдығы белгілі бір мөлшері сүттің құрамында қалып қояды. Оны

паса, «өнімде антибиотик жоқ» деп анықтама немесе қауіпсіздік сертификатын береді. Алайда өнімде басқа антибиотиктер көрінбей қалады. Оларды анықтау стандарттары да жоқ, олар тізімге алынбаған. Сондықтан қолданыстағы нормативтік құжаттарды қазіргі ахуалға бейімдеп өзгерту қажет. Өнімдегі антибиотикті жекелеп емес, жиынтық көлемін анықтайтын тестілерді енгізуді ұсынамын. Бұл — өте үлкен мәселе. Өнімдегі басқа антибиотиктерді анықтау қиын емес. Ондай тест көп, мысалы Қытайда, Еуроодақта осындай жүйелер көп әзірленді. Ғалымдарымыз да жалпы антибиотик көлемін анықтап беретін тест жасап шығарған. Тіпті, біздің өзіміздің жалпы антибиотикті анықтайтын патентіміз бар.

— **Тағы қандай зерттеу жобаларынан нәтиже шықты, қандай жетістіктеріңіз бар?**

— Осы зерттеулермен қатар біз азық-түліктің қауіпсіздік сапасын анықтайтын экспресс жиынтықтар мен тестілер, әдістерді жасап шықтық. Осы зерттеу нәтижесінде монография жазылды. Онда 40-қа жуық әдіс пен патент көрсетілген. Жеке адамдарға және зертханаларға қолдануға болатын мал өнімдерінен әзірленген тағамның қауіпсіздігін анықтайды. Бұл — біздің зерттеу бағытымыздың бірі. Ол туралы айтамын нәрсе көп. Мысалы, біз көп ИФА тест жасап шықтық. Оны дәріс оқытын шәкірттерге, біліктілік көтеруге келген мамандарға ғана көрсетеміз. Олар «мұны қайдан сатып алуға болады» деп сұрайды. Ол әзірге сатылмайды. Өйткені отандық ғалымдар әзірлеген қандай да бір өнертабысты өндіріске енгізу өте қиын. Мысалы, біз екі түрлі азық қоспасын мемлекеттік тізілімге енгізуге екі жыл уақытымыз кетті. Ал патент алуға бір жыл уақыт керек. Ғалымдарымыз көптеген дүние жасап шықты, соны өндіріске енгізу, айналымға шығару қиын. Сондықтан заңнамалық тұрғыдан осы үдерістерді жылдамдатуды ұсынамын. Біз шетелдік тестілерді қолданамыз. Өзіміз жасай алатын дүниені неге шеттен сатып алуымыз керек?!

— **Сұраныс болып жатса, өндіруге дайын тұрған препараттарыңыз бар ма?**

— Дайын тұрған препараттар жеткілікті. Мысалы, оған 2011 жылы Қырғыз Республикасы Америкадан тауық етінің ірі партиясын сатып алған. Олар осы өнім құрамындағы белсенді хлордың қалдығын анықтауы қажет еді. Бұрын тауық етін зарарсыздандыру үшін белсенді хлормен өңдейтін. Қырғыздар бізден осы бөлшектерді анықтайтын екі патентті сатып алмақ болды. Біз сата алмадық, өйткені заңнамаға сәйкес патент сату үшін оның құнын анықтау, бағалау керек. Ол үшін бір жыл бұрын мемлекеттік сатып алу жоспарына осы шығыстарды енгізу керек. Оны ешкім жасамайды. Біз бағасын нақты айта алмағандықтан, олар көп күтіп отырмады. Осы себептерден біз дайын жетістігімізден табыс таба алмадық. Оны тауық етіне тигізсе, бояуы түсін өзгертеді, бұл белсенді хлор мөлшері көп дегенді білдіреді. Екінші индикатор тамшы түрінде. Тауық етіне тамызғанда ақ не сары түсті тамшының түсі өзгеріп кетеді. Сөйтіп, өнім хлормен өңделгенін көрсетеді.

Біз коммерциализациялау қолға алғанда таллау жүргізе келе, құрама жемазықты өндіруді қолға алу керек деп шештік. Өйткені елімізде мал көп, оны бордақылау мәселесі өзекті. Сұраныс көбірек, нарыққа жасқы шығады. Ал біз әзірлеген сынама тестілерге сұраныс аз. Оны айналысқа шығаруға рұқсат алу үшін ұзақ уақыт қажет.

Тағы бір айта кетер жайт, сатушылар етті уақытында сата алмаса, не электр өшіп қалса, тоназытқыштағы өнімнің аздап дәмі, түсі, иісі өзгере бастайды. Етті ағартқышпен (белизна) өңдейді, сонда микроб жойылып, ет ағарады. Соны қайта мұздатып, етті сата береді. Осындай фальсификацияны біздің тест көрсетіп береді. Тағы бір сынамамыз бар. Ол индикатор тамшы не тест жолақтары түрінде. Айталық, сатушы етті көп уақыт сата алмай жатып қалса, ет қарая бастайды, ондағы микроағзалардың қою, табиғи түсін қалпына келтіру үшін калий перманганаты (марганцовка) сұйығымен өңдейді. Түсі қызарғанда, қайта мұздатып сатады. Тексергенде тест түсін өзгертсе, өнімнің жалған екенін білуге болады. Ол қауіпті. Сонымен қатар сатуға өлген малдың, не өліп бара жатқан, жантөсілім кезіндегі (агония) сойылған малдың еті сатылады. Ол да қауіпті. Біз осыған арналған индикатор ойлап таптық. Тағы бір «қулық» құрғақ сүттен әзірленген сұйықты малдың сүті деп сатады. Біз өнімнің табиғи сүт емес екенін анықтайтын тест те әзірледік.

Енді табиғи балға келсек, оған қант шәрбатын қосып көбейтеді. Барлық тұтынушы «мен балды қымбатқа сатып алдым, ол қауіпсіз, табиғи» деп ойлайды. Алайда көптеген омарташы ауру араларын түрлі химиялық затпен өңдейді. Паразит, кенелерден емдеу үшін түрлі акарицид себеді. Қытайда жасалатын химиялық жағынан қауіпті флувалинаттар қолданады. Осындай химиялық заттар араның балының құрамына өтеді. Ара пестицидпен өңделген алқаптағы гүлдің тозаңын жинайды. Яғни, бал өрқашан таза бола бермейді, онда химикат бар. Біздің омарташылар неге әлемдік нарыққа шыға алмай отыр? Өйткені балды тексеретін шетелдік зертханалар оның құрамынан бөгде заттар табады. Осы мәселенің шешімі ретінде қауіпсіз бал алу үшін бал арасына арналған биопрепарат әзірледік. Ара кенесіне қарсы фитобиотик шығардық. Онда химия жоқ болған соң бал қауіпсіз органикалық күйінде қалады.

— **Әңгіменізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Жәнібек АМАНГЕЛДІ

Елорданың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінде оң динамика байқалады. Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, соңғы бес айдың өзінде ғана инвестиция көлемі 20,9 пайызға артқан. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес мөлшері айтарлықтай артып, 25,2 пайызға өсім көрсетіп отыр. Сондай-ақ тауар айналымы – 10,6, құрылыс жұмыстарының көлемі 2,2 пайызға ұлғайыпты.

Жадыра МҮСІЛІМ

24 КӘСПОРЫН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Жыл басындағы жағдайға сәйкес, елорда халқының саны 1 млн 370 мың адамды құрайды. Бұл көрсеткіш бас жоспардың болжамынан бірнеше есе көп. Өйткені халық саны жыл санап өсіп келе жатқан бас қаланың бас ауруы баспана болып отырғаны жасырын емес. Сондықтан қала әкімдігі тұрғындардың талабын басты назарға алып келеді. Айталық, бес айда 1 215 шаршы метр тұрғын үй іске қосылып, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда көрсеткіш 35,4 пайызға өскен.

Қала әкімі атап өткендей, жылына елордаға 50 мыңға жуық жаңа тұрғын келеді. Одан бөлек, 30 мың бала дүниеге келеді. Ал күн сайын Талапкер, Қосшы, Қоянды сияқты қала маңындағы елді мекендерден елордаға 150 мың адам келіп-кетеді екен. Сондықтан қаланың тез дамуы мен халық санының өсіміне байланысты елорда алдында бірқатар жаңа міндет тұрғанын айтқан әкім: «Бұл – тұрақты экономикалық өсімді сақтау, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау, инфрақұрылымдық даму және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, миграциялық ағымды бақылау. Осыған орай біздің алдымызда күрделі міндет тұр. Бұл дегеніміз – миграцияның жоғары қарқыны жағдайында жаңа жұмыс орындарын құру бойынша тиімді шаралар кешенін қабылдау. Бірінші кезекте, бұл – тұрақсыз жұмыспен қамтылған адамдарды тіркеу және анықтау, жеке атаулы қолдау шараларын ұсыну, сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқамерзімді тегін курстар және ары қарай жұмысқа орналастыру. Жылдың соңына дейін 60 мың жаңа жұмыс орнын құруды жоспарлап жатырмыз», – деді.

Негізі, жұмыс орындар шағын және орта бизнес саласында құрылады. Қазірдің өзінде салада елорданың экономикалық белсенді тұрғындарының 70 пайызы жұмыс істейді. Шағын және орта бизнестің қала экономикасына қосқан үлесі шамамен 69,5 пайызды құрайды екен. Былтыр шағын және орта бизнес 11 триллион 400 миллиард теңгенің өнімін шығарған. Биыл кәсіпкерлердің төрт мың жобасына жалпы сомасы 29,5 млрд теңгені құрайтын қаржылай көмек көрсету жоспарлануда. Сондай-ақ елордада 154 инвестициялық жобадан құралған пул жасалып, биыл қалада 24 кәсіпорынды іске қосу күтіліп отыр.

Маңызды мәселелердің бірі – елорданың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазіргі кезде әкімдік Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстарымен көкөністерді жеткізу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Бүгінде 30 мың тонна өнім көлемінде келісімшарт жасалған. Қызылорда облысында күріш бағасын тұрақтандыру үшін өндірушілермен ынтымақтастық туралы меморандумға, Үкімет басшысының тапсырмасы бойынша Меркі зауытымен 3,5 мың тонна қант жеткізу туралы шартқа қол қойылыпты. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін өндірістік қуаттарды құру бойынша бірқатар инвестициялық жоба іске асырылып жатыр.

Елорда басшысының айтуынша, қаланы дамытудың 2035 жылға дейінгі жаңа бас жоспары әзірленіп жатыр. Онда барлық тұрғындар үшін қолайлы орта құруға басты назар аударылатын болады. Сумен жабдықтау мәселелеріне де ерекше назар аударылады. «Қабылданған шаралардың арқасында біз су қысымын қалпына келтіріп, қаланы сумен қамту мәселесін шеше алдық. Маусымның бірінші онкүндігінде Астана су қоймасынан су құбыры іске қосылды. Бұл қалаға тәулігіне 90 мың текше метр көлемінде бастапқы су беруді қамтамасыз етті. Бұдан бөлек, маусым айында ауыз судың жаңа сорғы-сүзгі стансасы кезең-кезеңімен іске қосыла бастады. Жүйе реттелгеннен кейін тәулігіне 35 мың текше метр судың бірінші блогын іске қосу қамтамасыз етіледі. Тамыз айында қуаттылығы тәулігіне 70 мың текше метр болатын тағы бір блокты іске қосуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, сорғы-сүзгі стансасын тәулігіне 105 мың текше метр судың жалпы тобылық өнімділігіне шығарамыз. Бұл ауызсу тапшылығын жоюды және бірнеше жыл бойы қуат қорын жасай алады. Сумен жабдықтауды одан әрі тұрақтандыру үшін Нура жерасты сулары кен орнынан су құбырын, Тельман сорғы стансасынан техникалық су құбырын салу жөніндегі жобаларды әзірлеу аяқталуға жақын. Ол бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын бір жарым жыл ішінде аяқтау жоспарланып отыр. Қаланы үздіксіз сумен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында

оның одан әрі дамуын ескере отырып, каналдан су алу нүктесі бар төртінші сорғы-сүзгі стансасын салу жөніндегі жобаны әзірлеуді бастау қолға алынбақ», – дейді Жеңіс Қасымбек.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛАҒАН

Қала әкімдігі жылыту маусымының басына дейін жалпы қуаты сағатына 1 130 гигакалорияны құрайтын үшінші жылу электр орталығының бірінші кезеңі мен екі газ жылу стансасының құрылысын аяқтауды мақсат етіп отыр. Бұл жылу энергиясының профицитін қалыптастыруға мүмкіндік береді екен. Ал газға 12 мыңнан астам абонент қосылып, бірінші және екінші жылу электр орталықтарының 16 қазандығы газға ауыстырылыпты. Одан бөлек, 17 автономды жылу стансасы газға қосылды.

Жаңа бас жоспарда қалалық ортаны абаттандыруға ерекше назар аударылды. Негізгі қалалық саябақтар мен скверлерді қайта жөндеу, қала көшелерін көгалдандыру қоғамдық кеңістіктер мен қасбеттерді біркелкі дизайн-кодқа келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Мәселен, қалада жаңа қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды салу бойынша да ауқымды жұмыс қолға алын-



тұрғын алаптарда 2 өрт сөндіру депосын салуды аяқтау көзделген. Сондай-ақ қала әкімі биыл Теміржолшылар және Үркер елді мекендерінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін ашу, Көктал және Үркер елді мекенінде екі өрт сөндіру депосын, Кирпичный елді мекенінде және Интернациональный елді мекенінде мектеп құрылысын аяқтау жоспарланып отырғанын жеткізді. Бұдан басқа елді мекендерде 30 көшені асфальттау, 7 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып көзделген. Себебі елді мекендердің дамуы қала әкімдігінің ғана емес, Мемлекет басшысының да тікелей бақылауында.

ҚУАНЫШТЫ ХАБАР КӨП

Көлік ағынын түсіру мақсатында биыл 31 жобаны іске асыру көзделіп отыр. Сондай-ақ Жеңіс Қасымбек биыл Астанада Тәуелсіздік даңғылында автомобиль көпірі ашылатынын тілге тиек етті. Сол секілді биыл қоғамдық көлік паркі 400 автобуска ұлғайып, 70-тен астам көше жөнделсе, қосымша алты жаңа бағыт ашу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, аялдамаға бұрылатын орындарды, пандустарды, тротуарларды және әлеуметтік нысандарға кірме жолдарды ыңғайластыру жұмысы жүріп жатыр.

«Қала тұрғындарының өсуін ескере отырып, қоғамдық көліктер санын ұлғайту жұмысын жүргізіп жатырмыз. Жуырда 20 электроавтобус жеткізілді, оған дейін 50 автобус болатын. Шілде айында тағы 70 автобустың жеткізілуін күтіп отырмыз. Жыл соңына дейін барлығы 400 автобус жеткізіледі. Бұл жаңа бағыттарды іске қосуға, күту уақытын қысқарту, ескі автобустарды алмастыру секілді өзекті мәселенің шешімін табуға мүмкіндік береді. Жыл соңына дейін Есіл өзені арқылы Тәуелсіздік даңғылындағы көпірді ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл көпір жолдардағы көлік нөпірін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді: Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа теміржол бекеті ауданымен, Қошқарбаев даңғылымен, Нәжімеденов көшесімен, Өзірет Сұлтан мешіті ауданымен, Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Момышұлы даңғылымен қосымша байланыс қамтамасыз етіледі», – деді қала әкімі.

Нөсерлі кәріз желісін дамыту бойынша жұмыс та жалғасын тауып келеді. Биыл «Нұрлы жол» вокзалы ауданында және Қорғалжын тас жолының солтүстігінде тазарту құрылыстарының 2 кешенін пайдалануға берілмек. Бұл өз кезегінде су жинаудың жалпы ауданын 20 пайызға ұлғайтады.

Тұрғын саны тұрақты өсіп келе жатқанын ескерсек, қаладағы әлеуметтік нысандарға деген қажеттілік те күн өткен сайын өзекті бола түсті. Сәйкесінше, балабақшалар жетіспейді, мектептерде бала саны шамадан тыс толық. Қазір елордада оқушы орындарының тапшылығы 26 мың орынды құрайды, 8 мектептің оқушылары үш ауысымда оқыса, 18 мектептің жұмыс режимі шамадан тыс жүктеменен жұмыс істейді. Бала туу көрсеткіші мен қалаға қоныс тебушілердің өсуі балабақша тапшылығын да тудырады. Сондықтан жеке инвестициялар есебінен 30 балабақша салу туралы келісім жасалыпты.

Астанада екі жыл ішінде 40 мектеп салу жоспарланған. Қазір 14 мектептің құрылысы жүріп жатса, 11 мектеп жаңа оқу жылында пайдалануға беріледі. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында тағы 24 мектеп салынады. «Жыл сайын қалада ішкі көшік мен бала туу есебінен халық саны артып келеді. Мысалы, егер мектепті орта есеппен 8-10 мың түлек бітірсе, жаңа оқу жылында 24-25 мың бала мектеп табалдырғын аттайды. Оқушы орындарымен қамту үшін мектептер салу бойынша жүйелі жұмыс жүргіземіз. Жаңа оқу жылында 11 мектеп өз есігін айқара ашады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 90 мыңға жуық оқушы орнын құрамыз», – деді Жеңіс Қасымбек. Оның айтуынша, мектептер барлық аудандарда, соның ішінде елді мекендерде де салынып жатыр. Жаңа оқу жылында тапсырылатын

БАРЛЫҚ САЛАДА



серпін байқалады

ған. Биыл 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып отыр.

«Біз елорда тұрғындары мен қонақтары бос уақытын пайдалы өткізе алатын орындар санын кеңейту үшін ғана емес, сонымен қатар қаладағы саябақтар мен гүлзарларды қайта құру үшін де жұмыс істеп жатырмыз. Биыл 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандырамыз. Олардың бір бөлігі «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша аяқталды. Мысалы, Амман және Абылай хан көпірлерінің астында жауу жүргіншілер өткелдері ашылады. Олар Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерін байланыстырады. Сондай-ақ Сәтбаев көшесі Қажымұқан көшесінен Петров көшесіне дейін жөнделеді. Орталық жағалаудың тарихи көшелері (Желтоқсан, Бейбітшілік, Бұқарбай батыр көшелері) қайта құрылады. Бұл жаңа абаттандырылған орындарды бұрынғы орындармен біріктіруге мүмкіндік береді, сол арқылы серуендеуге арналған үлкен кеңістік ашылады», – деді елорда әкімі.

Сондай-ақ ол қаланы абаттандырумен қатар көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті. Биылда 1 миллионнан астам жасыл желек отырғызу жоспарлануда. Оның ішінде 452 мың жасыл желек қалада, қалғаны елорда жанындағы «Жасыл белбеу» аумағында отырғызылады. Оның ішінде ағаш, бұта, көпжылдық сәндік бұталар мен гүлдер, қайың, балқарағай, тал, қарағай, ұсақ жапырақты қарағаш, сирень, акация, тау күлі, шымтезек, раушан рибоза, тау қарағайы, жапон спиреясы, сұр спирея секілді көптеген көшет түрі бар.

ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮЛКЕН ҮМІТ АРТАДЫ

Қаладағы құрылыс көлемі 103 пайызды құрады. Жыл басынан бастап 1 миллион 215 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. «Жалпы жыл соңына дейін үш миллион шаршы метрден көп тұрғын үй салуды жоспарлап отырмыз. Бұл шамамен 40 мың пәтер, оның ішінде 6 мың пәтер мемлекет тарапынан халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі. Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, ұзақ құрылыстарды аяқтау елорда әкімдігінің ерекше бақылауында тұр. Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасының екінші кезеңі аясында салынып жатқан барлық даулы үлескерлік құрылыс нысандарын аяқтап, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Бұл 16 даулы үлестік нысан немесе 30-дан астам көппәтерлі тұрғын үй», – деді Жеңіс Қасымбек.



Астанада нүктелік құрылысқа қарсы күрес жүріп жатыр. Қазір қалада осындай 22 нысан бар. Биыл қантар айынан бастап инженерлік желілерсіз және бас жоспарсыз құрылысқа рұқсат берілмейді. Егер қандай да бір құрылыс компаниясы құрылысты техникалық шарттардың толық пакетінсіз жалғастырса, құрылыс ұчаскелеріндегі жұмыс толығымен тоқтатылады және компания жосықсыз компаниялардың «қара» тізіміне енгізіледі. Ендігі жерде 20-ға жуық ұчаскеде көп-пәтерлі тұрғын үй кешендерінің орнына әлеуметтік нысандар пайда болатынын айтқан ол: «Қалада осындай 22 нысан бар. Барлық нысаннан хабарымыз бар. Олар бойынша көрші үйлердің тұрғындарының бастамашыл топтарымен және құрылыс салушылардың өкілдерімен белсенді жұмыс істейміз. Қазір екі нысанның ісі сотта, қалғандары бойынша шешім бар. Ұчаскелер тұрғындардың пікірін ескере отырып, әлеуметтік нысандарды салу үшін пайдаланылатын болады. Мысалы, Есіл өзенінің жағасында, Қосыгин көшесінің ауданында егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізілді. Көппәтерлі тұрғын үй кешендері гүлзарға ауыстырылды, Copenhagen ТК ауданында көппәтерлі тұрғын үй кешені алаңға ауыстырылды. Nova city ТК ауданында көппәтерлі тұрғын үй кешені білім беру орталығына, Қалалық романс ТК ауданында – мектеп, балабақша мен сквер секілді қоғамдық маңызды әлеуметтік нысан салынады», – деді.

Биыл наурыз айында 2030 жылға дейін қалалық жанартау бағдарламасы жарар-тылды. Оның шеңберінде 206 апатты үйді немесе 14 мың тұрғынды қоныстандыру



жоспарлануда. Бүгінде елордада 16 тұрғын алабы бар, онда елорда халқының төрттен бірі тұрады. Бұл негізінен қаланың шет аймақтары. Қаланың үш жылдық бюджетінде шет аймақтарды инфрақұрылымдық дамытуға – жолдар, желілер, әлеуметтік нысандар салуға ерекше назар аударылды. Биыл тұрғын алаптарда 30 көшені асфальттау, 7 қоғамдық кеңістікті жайластыру, 13 шақырым кәріз желілерін, 2 кәріз-сорғы стансаларын, 5 шақырым нөсер көрізін, 20 шақырым электрмен жабдықтауды, 27,5 шақырым сумен жабдықтау желілерін, 7,4 шақырым газбен жабдықтау желілерін салуды аяқтау,

20 мектеп Алматы, Байқоңыр, Есіл аудандарында орналасатын болады. Сондай-ақ қала әкімі Есіл және Нура аудандарының тұрғындарына жақсы жағалығымен бөлісті. Себебі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бұл аудандарда 15 мектеп салынады. Бұл ғана емес, осы айда әкімдік 15 заманауи балаларға білім беру орталықтарын салуға Мемлекет басшысының қолдауын алыпты. Осылайша, елорда әкімдігі үш жыл ішінде үйірмелер мен бөлімдерге деген негізгі қажеттілікті жауып, алдыңғы кезеңде әр ауданда бір-бір орталық бой көтермек.



Ұлы дала әрқашан ардақты перзенттерін сахна төріне шығарып отырды. Талантты ақындар да, ел бастаған көсемдер де, сөз ширатқан шешендер де кем бола қоймады. Алайда олар Ресейдің отары кезінде, әсіресе кеңестік жүйенің тоталитарлық саяси сипатына байланысты әртүрлі тағдыр кешті. Солардың бірі – туған халқына қызмет етудің ерен үлгісін көрсеткен, кенже қалған ұлтын өркендетке жетелеген Темірбек Жүргенов еді. Жасы қырыққа да жетпей, сол жүйенің құрбаны болды.

Аты әлемге танылған Мұстафа Шокай өзінің «Ұлттық зиялы» атты мақаласында «Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатындар адам ғана кіре алады» деп жазған еді. Осындай ұлттық зиялының нағыз зиялысы Темірбек Жүргенов 1898 жылы қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданындағы Жүргенов атындағы (бұрынғы «Жанаталап» кеңшары) серіктестік жерінде дүниеге келді. Ол Ақтөбенің қазіргі Ырғыз ауданы мен Сыр бойының шұрайлы жерлерін мекендеген, жұртшылық арасында әділетті ісімен де, шешен сөзімен де танылған, жоғары бедел иесі Қара Жүргеновты отбасында ұлттық тәрбиесі бойына сіңіріп өсті. Туасы зерек «Темірше» Бұқараның Көкілташ медресесінде тоғыз жыл оқыған, шығыстың бірнеше тілдерін жаксы меңгерген, атақты ақын, айтулы аудармашы Тұрмағамбет Ізтілеулі ұстаздық еткен ауыл мектебінде араб, парсы, шағатай тілдерін меңгеріп, сол кездегі ел арасындағы ауыз әдебиетінің, шығыс мәдениетінің әлемдік озық үлгілерінен ерте сусындады. Ал 1909 жылы қазіргі Жалағаш ауданына қарасты Ақарық (Аламедек) ауылындағы орыс-қазақ бастауыш мектебіне түсіп, солтүстігімізде ежелден көрші болып келе жатқан Ресей тілін қазақ тарихында алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінің авторы Досмұхаммед Бұкиннен үйренді. Мұны бітірісімен 1913 жылы Темірбек оқуын Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде жалғастырады. Төрт жылдық оқу ерекше мәнді болды. Ол орыс әдебиетінің Крылов, Некрасов т.б. өкілдерінің шығармалармен танысады. Өресі бікіткен сайын білім көкжиегі кеңейіп түскен, осы кезге дейінгі оқуды қанағат ете алмаған, рухани жаны ылғи да алға ұмтылған, ізденісті мәңгілік серік еткен, әсіресе орысша оқу білімін жетілдіру мақсатымен Темірбек 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне түседі. Осында оқып жүргенде-ақ студент жастардың қоғамдық қозғалыстарына белсенді араласады. Бірақ ол Ресейдің сол кездегі саяси қоғамдық өміріндегі жаңа өзгерістердің тікелей әсерінен бұл училищені бітіре алмайды. Білімді және талантты жас Торғай Кеңестерінің съезін шақыру бюросының мүшелігіне, Орынборда шыққан Торғай облыстық депутаттар кеңесінің органы болған «Қазақ мұны» газетінің редакциялық алқасының құрамына тартылады. Осы газеттің бірінші нөмірінде 1918 жылғы 21 наурыз – 3 сәуірде Орынбор қаласында өткен Торғай облыстық кеңестерінің І съезін ашардағы сөзі толық берілген облыс атқару комитетінің төрағасы Әліби Жангелдиннің ықпалымен ол совет қызметіне келеді, коммунистік партия қатарына өтеді. 1919 жылы Ырғыз уезі Кеңегаара болысы революциялық комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалса, 1920 жылы Ырғыз уездік революциялық комитетінің, уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағалығына сайланады. Ал 1921–1923 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде оқып, журналист дипломын алған Темірбек Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің Құқық факультетінде оқи жүріп, Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады, Қазақ АКСР-і мен Түркістан Республикасының ОАК-теріне мүше болып сайланады. Осы кезметтерінде Орталық Азияда құрылған республикалар аумағының ұлттық-территориялық межеленуіне ат салысады.

Темір Нарком

қайраткердің мәдениет майданының зерттеушісі ретіндегі бүгін де күн тәртібінен түсе қоймаған мәселелер туралы ойларын әңгіме өзегі етпекпіз.

Темірбек Жүргенов өзінің «Мектептің түрі, тілі туралы», «О языке, школе и борьбе за кадры работников культуры», «Мектептегі оқу тәрбие жұмысы және «дүмше молдалар» туралы», «К республиканскому смотрю школ» т.б. мақалалары мен баяндамаларында мектеп жүйесіне ерекше көңіл бөлуі жайдан жай емес еді. Бұл адамзат баласының отбасынан кейінгі, оның болашағын айқындайтын аса маңызды тәрбие мен оқу жүйесінің қасиетті мекені екені белгілі. Сол себепті ол жалпы мектеп жұмысындағы кемшіліктерді жоюды жоғары деңгейге қойып, оның сапасы тікелей оқу тәрбиеге тәуелді, ең бірінші өз ісін жақсы білетін мұғалімдерді тандай білуге байланысты, қай жерде оқушылардың тәртібі жақсы қолғалынған болса, сол жердің сабақтары жақсы өтеді деп білді. Мектеп жұмысының сапасы, яғни оқытудың сапасы, тәрбие жұмысының сапасы ең алдымен мұғалімнің сапасына байланысты екені атап көрсетіліп, оның білімі мен жоғары әдістемелік дайындығы, өз ісіне деген сүйіспеншілігі, өскелең ұрпақты коммунистік, біздіңше ұлттық рухта тәрбиелеуге деген нық сенімі екеніне назар аударды.

Өз халқының ұлттық рухының негізі тілі екенін терен түсінген Темірбек Жүргеновтің айрықша көңіл бөлген мәселесі – қазақ тілінің болашағы болатын. Оның мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуі турасындағы ойларының мәні бүгін де ерекше екендігі мына сөздерден айқын байқалады: «Қазақ тілі байыса, басқа мәдениетті жұрттардай өз шаруашылығына керекті өз тілінде түсіндіре алатын болса, былайша айтқанда, адам баласының барлығы бірдей білген білімге жетіссе, халық мәдениетінің де өскені ғой» деп, «бүгінгі таңдағы ұлт істерін сипаттай алатын мағыналы, бай, көркем тіл жасауымыз керек» деп армандалды. «Біз мұнан былай тіл мәдениетінің өсуін қолымызға алып, күнде көріп отырмасак болмайды, өйткені тіл мәселесі өте қиын, бірақ барыныша керек мәселе» деді.

Осы сәтте бұрын да бірнеше рет жазылған, айтылған белгілі композитор Е.Брусиловскийдің «Дүйім дүлдүлдер» атты мемуарындағы қанша уақыт өтсе де өсте мәнін жоймаған мынандай оқиғаны тағы да еске сала кетейік. Темірбек Жүргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болады. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналады, ішінде тек екі адам – қарағандылық Б.Орлов және Е.Брусиловский орыс жұртынан еді. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де қазақ тілінде сөйлеп отырады. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да, Жүргеновтен қазақша сөйлемеуін өтініп, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өз үқпай отырғанын, сөйлеушілерді ол түсінетіндей болу үшін орысша сөйлеу жөн екенін айтады. Бір кезде Жүргеновтің қара көздері ұшқындап кетеді. Жұрттың бәрі өкіше түсіп, тым-тырыс бола қалды. Ол «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!» – дейді. «Сіз қайда жүрсіз, өзіңіз!» – деп Жүргенов даусын Жүргеновтің бетер қатайта сөйлейді. «Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егер де мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?» – деп сөзін аяқтап, өзге ұлттың қазақ тілін құрметтеуін талап етеді.

1927 жылы Темірбек Жүргенов өзінің «Мектептің түрі, тілі туралы» атты қысқа ғана, алайда тұжырымды мақаласында «Мектептің түрі, тілі деген мәселе Қазақстандағы қай оқу орындарының да осы күні алдында тұр» деп жазып еді. Осы мәселе ғасыр өтсе де елімізде өзінің өзектілігін өсте жоймай, күн тәртібінде өткір тұрғанына дау жоқ. Ал «бізде бастауыш та, орта да, жоғарғы да оқу орындары өз тілімізде болуы керек» дегені, шындап келгенде, оны кеңестік жүйенің «халық жауы» деп тануына негіз болған ойлар деуден басқа не айта аламыз?

Темірбек Жүргенов мәдениет ұғымының айрықша саласы ұлттық өнерге ерекше ықпал жасады. «Қазақ халқының өнерінің өткені мен бүгінгі туралы» «О прошлом и настоящем искусстве казахского народа» деген 1936 жылы «Правда»

газетінде басылған мақаласында қазақ поэзиясының тарихынан қысқаша, бірақ тұжырымды мәліметтер бере отырып, «біздің міндетіміз – бұл поэзияны жан-жақты қорғау, оны тасымалдаушы, біздің ісiмiздiң көпшiлiгiнiң хабаршысы ақындар мен жыршыларды көтермелеу, оларды халықтың iшiнен сүйiспеншiлiкпен iздеу, олардың күштерiнiң толық гүлденуi үшiн қажеттi жағдайлар жасау» дедi. Ал «Мәдени құрылыс қайраткерлерiнiң съезi» («Съезд деятелей культурного строительства») атты «Советское краеведение» журналында 1935 жылы жарық көрген, ұлттық саясат негiзiнде, «әрине, лениндiк-сталиндiк және данқты большевиктiк партияның басшылығымен қол жеткiзiлген мәдениет майданындағы ұлы жетiстiктердi тек цифр, сандармен жеткiзу қиын...» деп басталатын

болашағы жоқтығы және өсе алмайтындығы туралы айтыпты мыс. Сталин: «Неге олай ойлайсың?» десе, ол: «Бұл халықтың лексиконында «қозғалыс» («движение») сөзі жоқ» депті мыс. Мұнымен шектелмей, Темірбек Жүргенов Алашорданың басшысы Бөкейхановтың қазақ халқының келешегі жоқ деген өз пікірінің әлеуметтік тамырын іздеуге талпынады. Біріншіден, Әлихан Бөкейхановтың өзі өкілі болып саналатын таптың үстемдігін өмірлік деп түсінді. Бұқара көпшіліктің өз кемеліне келіп, өзі ел бола алады деп ұғынған жоқ. Екіншіден, осындай себеппен халықтың болашаққа үмітін жойып, санасын сендіріп, үстем тапқа еш уақытта қарсы шықпайтындай ету болатын. Үшіншіден, халықтың аяғын матап, кісендеп, ал өздері халықтың мұңын мұңдап, жылағанысып,

Түркістандағы бүкіл оқиғаны жіті бақылап отырған, әркез әділетті ұстанымда болған Мұстафа Шоқай кеңестік жүйенің бар саясатын жоққа шығарған жоқ. «Кенес үстемдігінің 16-ыншы жылдығына орай» деген мақаласында «Кенес үкіметі өмір сүрген 16 жыл ішінде ешқандай бір оңды істер болмады десек, ол да дұрыс болмаған болар еді» деп жазды. Сонымен қатар Мұстафа Шоқай жоғарыда аталған «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстанның 15 жылдағы мәдени құрылысы» т.б. еңбектеріндегі Темірбек Жүргеновтің Алашорда жетекшілері туралы пікірлері «Орыс миссионерлігі» атты шығармасында қатты сынға алынады. Сталин мен Әлихан Бөкейханов арасындағы жоғарыда болған сөзді талдай келе былай деп жазды: «Қазақ ұлттық партиясы «Алаштың» негізін қалаған, Алаш бағдарламасының авторы болған, Алашорда үкіметін басқарған Әлиханнның аузынан мұндай сөздің шығуы тіпті қалай десе де ақылға сыймайды». Сондай-ақ большевиктердің өз жауларына ең көп қолданылатын «фашистер», «империализм малайлары» т.б. сөздерді жалаң қолданбай, олардың алды артын «онбаған», «қара ниет» секілді небір былапыт сөздермен орап, жаңа күшейткіш сөздер қосуларына қарап: «Біз «Яш Түркістан» арқылы таратып келе жатқан ұлттық идеяларымыздан Мәскеудің зәре құты қашып отырғанын анық байқаймыз», – деп жазды.



Темірбек Жүргенов еліміздің аса бір қайшылықты да, қиын кезеңінде кең мағынадағы мәдениетінің негізін қалады. Халқымыздың санасын сауықтырар, рухын жаңартар оқу тәрбие жүйесіне, шынайы өнеріне айрықша көңіл бөлді. Бұл бағытта тұлғалауы тұлғаның артына қалдырған мұрасы айдай айқын, күндей қызулы.

көп көзіне қамқор сияқты болып көріну.

Темірбек Жүргенов келесі «Мәдениет майданын бұзылған ұлтшылдықтың сынықтары мен қалдықтардан тазарту» («Расчистить фронт культуры от осколков и пережитков разгромленного национализма») атты еңбегінде қазақ халқының «белгісіз емес» сатқаны Мұстафа Шоқай өздеріне диверсанттар, тыншылар және т.б. кадрларды тарта отырып, жастардың санасын контрреволюциялық ұлтшылдықтың уымен уландыруға және осылайша оның желілерін тартып алуға тырысатынын ұмытпауымыз керек деді. Бұған мысал ретінде тұңғыш қазақ театрының тұңғыш директоры болған Дінмұхамед Әділовті атайды. «Қазақ ұлттық өнерін құру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды 1926–1928 жылдары Заки Валидов пен Мұстафа Шоқайдың серігі тыңшы, белгілі бір Дінмұхамед Әділовке тапсырылды» деп жазды. Бұл жағдай туралы Мұстафа Шоқай «Жауларымыз біздің қызметтеріміз туралы не айтады?» деген мақаласында: «Біз «Яш Түркістан» беттерінде театр директорлары мен әртістерін өнерге қарсы күреске шақыратын көрінеміз. Қазақстанның оқу ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтың жазуына қарағанда, Мұстафа Шоқайдың жактасы, Қазақстан театрының директоры Дінмұхамед Әділовтың істемеген жамандығы қалмаған. Сол себепті ол атылған» деп жазылды. Ол кезде еліміздегі қайшылықты жайлардың барлығын Алаш қозғалысымен, шетелдегі Мұстафа Шоқайдың атымен байланыстыру молаға айналған болатын.

Бір ескерте кететін мәселе – берісі Түркістан, арысы бүкіл түркі жұртының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен, осы жолда өзінің өмірін де аямаған Мұстафа Шоқай өзіне жактас іздеп, тікелей Кенес қызметкерлерін тартуда арзан жолға түскен емес, әркімнің өз ұстанымын өзі табуын қалады. Рас, халық үшін адал жандарды қолдап отырды.

«Қазақстанның 15 жылдағы мәдени құрылысы» («Культурное строительство за 15 лет») деген мақаласында Темірбек Жүргенов хандық дәуірден бастап «Алашорда» буржуазиялық ұлттық пайғамбарлары қазақтар өз мемлекетін, тілі мен мәдениетін құра алмайды, қазақ халқының келешегі жоқ, халық ретінде жойылуы туралы кесім жасады, жергілікті феодалдар халық өнерінің әрбір өскінін тұншықтырды деп сендірді. Сондай-ақ патшалық Ресей кезінде де Қазақстанның шын мәнісіндегі мәдени дамуы болмағанына дәлелдер келтіріп, Кенес заманында формасы бойынша ұлттық және мазмұны жағынан социалистік мәдениет құрылды деп, қиюы келмейтін мәселені біріктіріп, мұны ең үлкен жетістік санады.

Кенестік жүйе «ұлтшыл» деумен шектелген жоқ, өздерінің ойдан шығарған «халық жауы» деген тұжырымдарын мойындату үшін түрлі амалдарға барып, ерекше қайсар қайраткердің де сағын сындырған еді. Содан «қанішерлердің» айыптауын мойындаудан басқа жол қалмады. Сөйтіп, Темірбек Жүргенов жасы қырыққа да толмай бұл дүниеден қолтаңба қалды. Осындай тұлғаның өмірінің соңындағы аяншыты жағдайы кешегі 30-ыншы жылдары болған, өзін естіген Қызылорда облыстық партия комитетінің жүйесінде қызметтес болған Александр Иннокентьевич Коренченко деген ақсақалдың басынан өткізген бір оқиғаны еріксіз еске түсіріп отыр.

А.Коренченко 1937 жылы «халық жауы» аталып, түрмеге қамалады. Түрме қызметкерлері әртүрлі әрекет жасаса да, «халық жауы» дегенді ол еш мойындамайды. Ең соңында арнаулы камераға әкеліп, қабырғаға тақап қойып, басының төбе жағына пистолетпен атады, көнбейді, басының оң жағына атады, көнбейді, үзінін рет басының сол жағынан атқанда өзі есінен танып құлап түседі. Камерасына алып келіп, үстіне мұздай су құйып, есіне келтіреді. Бірақ мойындау жоқ. Сонымен оны бірер күннен кейін шығарады. Бостандыққа шыққан А.Коренченко қайда барарын білмей, түрме дуалына сүйеніп отыра салады. Төбеді жүрген бақылаушы қайтадан түрмеге түскін келіп тұр ма деп айқайлағаннан соң алысырақ барып бір ағашқа сүйеніп ұйықтап кетеді. «Қанша ұйықтағаным есімде жоқ, оянғанымда қайдан келгенім, қайда тұрғаным ештеп есіме түсе бастады», – деді. Өткенге лағнат айтты. Еріксіз көзіннен жас шықты.

Міне, бұл – кеңестік кезеңнің шындығы. Тоталитарлық, авторитарлық басқару жүйесіне негізделген мемлекеттен басқаны күтуге болмайтынын кәрі тарих талай дәлелден келеді. Тіпті, қазіргі тәуелсіздік үстемдік еткен қоғамымыз да сонау саяси қуғын сүргін кезіндегі талай арыстарымыздың бұл дүниеден еріксіз аттанған жайларын еске түсірген оқиғалар болмай қалмады. Кейбір құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қылмысты ашуға сауаты жетпей, тікелей адам құқығын аяққа басып, жалаңаш денеге үтік басқан жайларға не деуге болады?

Міне, осылай тағдыры трагедиямен аяқталған Темірбек Жүргенов еліміздің аса бір қайшылықты да, қиын кезеңінде кең мағынадағы мәдениетінің негізін қалады. Халқымыздың санасын сауықтырар, рухын жаңартар оқу тәрбие жүйесіне, шынайы өнеріне айрықша көңіл бөлді. Бұл бағытта тұлғалауы тұлғаның артына қалдырған мұрасы айдай айқын, күндей қызулы.

Әбдіжәлел БӘКІР, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, саяси ғылымдар докторы, Мұстафа Шоқай FO ғылыми жетекшісі



Тәуелсіздік алғалы көң-байтақ елімізде 13 мың шақырымнан астам республикалық маңызы бар автомобиль жолы төселіп, қайта жаңғыртылған екен. Аяқталған жол жөндеу жұмыстары республикалық автомобиль жолдарының негізгі желісіндегі қираған учаскелерді, оның ішінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» сияқты алты ірі халықаралық транзиттік дәлізді қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Осы жылдар ішінде учаскелердің жалпы көлемі пайдалану жағдайы айтарлықтай жақсарған.

Республикадағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының желісі шамамен 96 мың шақырым, оның ішінде республикалық маңызы бар – 25 мың шақырым, жергілікті маңызы бар 71 мың шақырым жол бар екен.

Бүгінде республика бойынша 4 600-ге жуық ауылдық округ пен кішігірім кентте 8 млн-ға жуық адам тұрады. Бұл еліміздегі жалпы халықтың 41 пайызын құрайды. Ауыл-аймақтарда негізгі шешілуі тиіс мәселе – инфрақұрылым. Оның ішіндегі бастысы – ауыл мен ауданды, облыс, ауыл мен қалаларды жалғайтын жолдар. Осы жолдар – бүгінде ауыл-аймақтардың барыс-келіс мәселесін шешіп, халық тұрмысын жақсартудың басты келісі.

Қазір жолдардың сапасын осыдан он немесе жиырма жыл бұрынғы жағдаймен салыстыруға мүлдем келмейді. Еліміздегі ауыл-аймақтарды жалғайтын республикалық және облыстық маңызы бар күрежолдардың бүгінгі жағдайы мен оның тозуына тікелей әсер ететін бірнеше фактор бар. Бүгінде тозығы жеткен жолдарды күрделі және ағымдағы жөндеуге бюджеттен жүйелі түрде қаржы бөлініп отырады. Бірақ ол көптеген елді мекенде құмға сіңген судай болып отыр.

Одан қала берді, қазақстандықтар жылдар бойы жөндеу көрмеген шұңқырларды, келір-бұдырларды аса шыдамдылықпен айналып өтіп кете беретін жағдайға да жетті. Мемлекет қазынасынан қыруар қаржыға салынған ақылы автобандар біздің көз алдымызда шетінен опырылып, қирап та жатыр.

Өткен шақырымдардағы Парламент Мәжілісінің депутаттары Үкімет пен құқық қорғау органдарының алдына бірнеше рет осы сұрақты қойғаны рас. Олардың міндеттеріне, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын бақылау мен жүк тасымалдау ережелерін бұзу және артық салмақ бойынша тиісті әкімшілік әрекет ету шараларын қолдану қызуырақ кіреді.

ЖОЛ ДАҒДАРЫСЫН

Қалай еңсереміз?



Алайда бүгінде ауыр жүк көліктерін тоқтату, тексеру және айыппұл салуға жергілікті жерде Көлік инспекциясы мен Полиция департаменті айналысады. Мамандар осы мәселені де онтайландырып, бір мекеменің құзырына беру қажеттілігін алға тартуда.

Облыстық маңызы бар, ауыл және ауданаралық жолдарда нормаланған мөлшерден артық салмақпен құм, тас, шағал, кірпіш, цемент, тұз тағы басқа заттарды тиеген жүк көліктердің саны азаяр емес. Өйткені еліміздің барлық аймағында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Екіншіден, 40 және одан жоғары салмақтағы осықе қысыммен жүк артқан шетелдік маркалы үлкен жол көліктері пайда болды. Бұлар да республикалық маңызы бар жолдарды тоздыруға өз үлесін қосуда. Әрине, еліміздің дамуы мен экономикалық өркендеуі саласында көлік логистикасының дамуы орынды, алайда бұл барлық заң талаптары мен нормаларды сақтау арқылы ғана жүзеге асуы тиіс.

Бұдан басқа елімізде немесе көршілес мемлекеттерде салынып жатқан үлкен зауыттар мен өндіріс орындарына қажетті жабдықтарды тасымалдайтын салмағы 80 тоннаға дейін жететін көліктердің көбеюі тағы бар.

Бүгінде Қазақстанның өзінде 400 мыңнан астам ауыр жүк көлігі бар екен.

Осыдан туындайтын негізгі сұрақ: аталған жүк тасымалдайтын көліктер жолдардың осығі жүктемесі мен оның нормаларын сақтай ма? Бұл тақырып ондаған жылдар бойы өз шешімін таба алмай келе жатқан күрделі әрі көкейкесті мәселе болып отыр.

Осыған байланысты Мәжіліс депутаттары жүк көтергіштігі үлкен болады деп күтілетін жолдарды күрделі салу мәселесін қарауды, тіпті рұқсат етілген шекті нормалдан асатын ауыр жүк көліктерін Қазақстан аумағына әкелуден бас тартуды бірнеше рет ұсынған болатын.

Айтпақшы, жалпыға ортақ жолға шығатын қытайлық самосвалдарға тыйым салудың күшіне ену мерзімін 2026 жылдың 1 қаңтарынан 2024 жылдың 1 қаңтарына өзгертулі қарастыратын құжат әзірленуде. Тиісті министрліктің хабарлауынша, қытайлық самосвалдардың салмақ пен өлшем параметрлеріне сәйкестігі де тиісті бақылауға алынатын болады.

Жол активтері ұлттық сапа орталығының ақпараттары негізіндегі нақты мысалдарға тоқталсақ, Мәселен, бір ғана Түркістан облысындағы облыстық маңызыға ие 5 900 шақырым жергілікті жол бар. Оған қоса, құм-шағал қоспасын өндіретін 159 кен орны бар. Былтыр 1 200 шақырым жолды күрделі жөндеуден өткізу үшін 51 млрд теңге қаражат жұмсалған. Ал ауыр жүк көліктерінің кен орындарынан артық салмақпен жүк тасымалдауының нәти-

жесінде аталған жолдың 300 шақырымы бүгінде қайта күрделі жөндеуді қажет етеді. Сол 300 шақырымды бұзған ауыр жүк көліктеріне салынған айыппұл 42 млн теңгені ғана құраған. Бұл осы жолды жөндеуге сұрап отырған 15 млрд теңгенің тек 0,3 пайызы ғана.

Сол сияқты Жамбыл облысы бойынша былтыр жол жөндеуге 16 млрд бөлінсе, биыл 25 млрд қаржы қарастырылған. Бір ғана мысал: былтыр облыстық маңызы бар «Тараз–Ұланбел–Шығанақ», «Бірлік–Мойынқұм–Ұланбел» автожолында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл жолдардың осығі жүктемеге рұқсат етілген салмағы – 8 тонна. Ал биыл сол жолдардың 30 пайызы қазірдің өзінде бүлініп үлгерді. Мамандар бұған ауыр жүк көліктері кінәлайды.

Бүгінде бұл талапқа бағынғысы келмейтіндер жетіп артылады. Мәселен, бір ғана кіші Қамқалыдан тұз тиеген 60-80 тонналы ауыр жүк көліктері Жанатас арқылы Түркістан облысына, Ақкөл арқылы Тараз және Шу қалаларына, одан әрі қарай Қырғыз Республикасына қатынайды. Бұл сөзсіз, ескі жолдармен қоса, жөндеуден өткен жаңа жолдардың тез тозуына әкеледі.

Атырау облысы – бұл мәселенің тын мысалы. Онда Индер ауданындағы сусымалы қоспасы бар қарьерлер Жарсуаттан 22 шақырым және Бөденелен 14 шақырым жерде – екі ауылдың арасында орналасқан. Ауыл тұрғындарының айтуынша, жолды қысқарту үшін жүргізушілер жайлау арқылы тура жол салып алған. Әсіресе, қытайлық Shacman самосвалдары жойқын. Бұл жүк көліктері Атырау–Индер тасжолын да қиратып жатыр. Олар Индер тасжолында шамадан тыс жүктеме салдырған тексеріске түспес үшін жайылымнан әдейі төтелеп өтеді. Оған кедергі жасап, тосқауыл болып отырған жергілікті билік немесе құзыретті органдардан ешкім жоқ.

Солтүстік Қазақстан облысындағы жолдардың сапасы да көңіл көншітпейді, тұрғындар тарапынан көп шағым түседі.

Мұнда жыл сайын Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының мамандары жолдарды арнайы тексеруден өткізеді. Нәтижесінде, мердігерлер тарапынан көптеген заңбұзушылықтар анықталған, бұл – техникалық қадағалаудың жеткіліксіз бақылауының кесірі. Әрбір нысанда жөндеу жұмыстарын жүргізгенде міндетті түрде маман болуы керек, бірақ көбінесе бір адам бірден төрт, тіпті бес учаскені бақылауға алады. Осыған байланысты атқарылған жұмыстардың сапасы тиісінше ақсап тұр.

Солтүстік Қазақстан облысындағы жолды қалпына келтіруге жыл сайын бюджеттен миллиардтаған сом бөлінеді. 2021 жылы бұл көрсеткіш 24,5 млрд теңгені құраса, 2022 жылы жол жөндеуге бекітілген

бюджет 17 млрд болған. Жүргізілген жөндеу жұмыстарының сапасына тиісті бақылау болмағандықтан, екі жыл немесе одан да аз уақыттан кейін жаңа асфальтты ауыстыруға тура келеді.

Жергілікті билік өкілдері жолдардың бұзылуына қарьерлерден шығатын ауыр жүк көліктері себеп екенін айтады. 2021 жылы рұқсат етілген көрсеткіштерден асып кеткен жүк жөнелтушілерге 90 әкімшілік хаттама жасалып, кінәлілерге қатысты 211 іс қозғалған. Мамандардың айтуынша, толық бақылау жүргізілмеуін коммуналдық автотұрақтарда орындардың жоқтығымен, оған қоса материалдық-техникалық базаның әлсіздігімен байланыстырады. Бұл облыстағы жол жөндеу жұмыстарын үлкен қаржылық шығындарға әкеп соқтырады.

Бұл тек Жамбыл, Түркістан, Атырау мен Солтүстік Қазақстан облыстарының ғана емес, жалпы еліміздің барлық өңіріне ортақ мәселе. Ал мемлекеттік бюджеттің ең көп бөлігі дәл осы жолдарды төсеу, күтіп ұстау және жөндеуге жұмсалатыны тағы бар.

Осы мәселені шешу үшін депутаттар алдымен республика бойынша қажетті деп табылатын аймақтарда ауыр жүк көліктерінің салмағын жылжымалы анықтайтын арнайы көліктердің санын міндетті түрде көбейту қажет деп есептейді. Сонымен қатар Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Көлік комитеті мамандар жетіспеушілігі мәселесін қайта қарастырып, олардың тиімді шешілу жолдарын ұсынуы керек деп есептейді.

Тағы бір мәселе – республикалық маңызы бар жолдарда жүктін салмағын анықтайтын цифрлық сканерлік тұрақты бекеттерді кез келген жерге емес, айналып өтуге келмейтін көпірлердің дәл алдында орналастыру қажет. Ауыр жүк көліктеріне рұқсатты салмақтан артық мөлшерде заттарды тиегені үшін кен орындарына тексеру жүргізіп, әкімшілік құқық бұзу фактілері анықталған жағдайда айыппұл салу мөлшерін бірнеше есеге көбейту ұсынылады.

Сайып келгенде, республиканың елді мекендеріндегі жалпы пайдаланымдағы жолдар мен көшелердің жай-күйі жұртшылық тарапынан да, Мемлекет басшысы тарапынан да жүйелі түрде әділ сынға ұшырап отырады. Жолдардың жай-күйінің нашарлығынан автокөліктердің құны шарықтап кеткен. Бұл ел экономикасына өзінің кері әсерін тигізеді, жазатайым оқиғалар денгейінің жоғарылауына әкеп соқтырады. Жолдарды салу мен жөндеуде сапа талаптарын сақтамайтын жосықсыз құрылысшылардың бары да істің алға жылжуына үлкен кедергі жасайды.

Бүгінде саланың алдында тұрған барлық мәселе мен жағдайды өзгерту үшін ұсынылған нақты қадамдарды дер кезінде қабылдап, уақыт оздырмай іске асырған жөн.

Ерболат САУРЫҚОВ,
Мәжіліс депутаты

Биыл Түркістан облысының құрылғанына 5 жыл толды. Содан бері облыс орталығы – Түркістан қаласын рухани астана ретінде дамыту бағытында бірқатар шара қабылданды. Бұл өз кезегінде өңір экономикасының дамуына тың серпін беріп, ел дамуының драйверіне айналды. Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімі Дархан Сатыбалды жалпы өңірлік өнім көлемі айтарлықтай өсіп, қоғамның маңызды салалары дамып келе жатқанын жеткізді.

Экономиканың басты көрсеткіші саналатын жалпы өнім көлемі бес жылда 2 есе өсіп, 3,5 триллион теңгеге жетіп отыр. Өнеркәсіп өнімінің көлемі де 2 есеге артып, 867 миллиард теңгені құраған. Осы жылдар ішінде Индустрияландыру картасы аясында өңірде 43 жоба іске асырылып, 2 834 жаңа жұмыс орны ашылды.

«Түркістан облысының жеке құрылына байланысты негізгі өндіріс орындары Шымкент қаласының аумағында қалды. Облыс өнеркәсібінің негізгі үлесін тау-кен, яғни уран өндірісі құрайды. «ҚазАтомпром» Ұлттық компаниясы уран өндіріші компаниялардың сұранысына сәйкес, Созақ ауданында күкірт қышқылы өндіретін зауыт салуды жоспарлайды. Жоба сәтті жүзеге асса жаңа 250 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, өңірдің республикалық бюджеттің трансферттеріне тәуелділігі жоғары. Бұл орайда өзінің кірістерді көбейтуіміз қажет. Осыған байланысты облыстың өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін бірнеше маңызды ірі жобаны іске асыруды жоспарлап жатырмыз. Мемлекет тарапынан қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету көзделуде», – дейді аймақ басшысы.

Сондай-ақ биыл да өнеркәсіптегі өнім көлемі сақталып отыр. Қазір өңдеу өнеркәсібінде 19 жобаны іске асыру жоспарлануда. Нәтижесінде, аймақта 500-ге жуық жұмыс орны ашылмақ. Ауыл шаруашылығы саласында да алға жылжу бар екенін жеткізген аймақтың әкімі: «Экономиканың маңызды саласының бірі ауыл шаруашылығында өнім көлемі бес жылда 2 есе артып, алғаш рет 1 триллион теңгеден асты. Оның ішінде агроөнеркәсіп кешеніне 336 миллиард теңге инвестиция тартылды. Салада жаңа технологияларды қолдану да маңызды. Қарқынды бау көлемі биыл 5 405 гектарға жеткізіледі.

ӨНЕРКӘСІПТЕ

Өрлеу бар

Нәтижесінде, өнімділік 5 есеге артып, 300-350 центнерге дейін өнім жинауды көздеп отырмыз. Сондай-ақ су үнемдеу технологиясы 28 763 гектарға, «Бір алқаптан жылына 2-3 өнім алу» жобасы 9 303 гектарға ендірілді. Бұл тәсіл ағын суды 2 есе үнемдеп, өнімділікті 3 есеге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Республикадағы жылыжайлардың 71 пайызы облысқа тиесілі. Ал 2027 жылға дейін 500 гектарға жаңа жылыжай салу жоспарланған», – дейді Дархан Сатыбалды.

Бұдан басқа егістікті әртараптандырудың нәтижесінде 3 миллион тонна көкөніс, бақша, картоп өнімдері жиналыпты. Нарықты отандық өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында биыл 60 жобаны іске асыру жоспарланса, бүгінде оның 16-сы іске қосылды.

Аймақта қолайлы бизнес климат қалыптасқан. Кәсіпкерлік субъектілерінің саны жыл сайын өсіп, бес жылда 184 мыңға жетті. Аймақтағы кәсіпкерлердің басым бөлігі ауыл шаруашылығы, сауда, туризм, қызмет көрсету мен өнеркәсіп саласының үлесіне тиеді екен. Бес жылда шығарылған өнім 11 есеге дейін өсіп, 1 триллион теңгеден асты. Былтыр «Кәсіпкерлікті дамытудың» ұлттық жобасы шеңберінде бизнес субъектілері 46 миллиард теңгеге жеңілдетілген несиелен қамтамасыз етілсе, өз ісін бастауға ынталы азаматтарға «Түркістан» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы арқылы 22 336 қызмет түрлері тегін көрсетілген.

Облыстағы инвестиция көлемі де көңіл көншітерлік. Осылай деген аймақ басшысы: «Түркістан қаласын рухани астана ретінде дамыту өз кезегінде инвестиция көлемінің өсіміне ықпал етті. Бес жылда көлемі 3 есеге артып, жалпы 3 триллион теңгедей инвестиция облыс экономикасына тартылды. Негізгі капиталға бағытталған инвестицияның басым бөлігі жеке инвестицияға тиесілі болса, 5 жылда облысқа салынған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 2 миллиард долларды құрады. Осылайша, 133 инвестициялық жоба іске асырылып, өңірде 9 347 жұмыс орны құрылды», – делі.



Сонымен қатар құрылыс пен тұрғын үй қатынасында да атқарылған шаруа көп. Мәселен, өңірде құрылыс саласы қарқынды дамып жатыр. Қолдануға тапсырылған тұрғын үй алаңы екі есеге көбейіп, 864 мың шаршы метрге жеткен. Соның нәтижесінде 5 жылда 4 420 отбасы баспаналы болса, мемлекет тарапынан ұсынылған «7-20-25» бағдарламасы және «Отбасы банк» арқылы 5 мыңнан астам отбасы ипотекамен үй алды. Жалға алған баспана ақысын субсидиялау бағдарламасымен екі мыңнан астам отбасы қамтылып, 221 көппәтерлі үйге күрделі жөндеу жүргізілген. Биыл қосымша тағы 55 үй жөндеуден өтеді екен.

Биыл да 205 мың шаршы метр үй қолданысқа берілсе, жыл соңына дейін жалпы алаңы 211 мың шаршы метр 65 көпқабатты үйдің кілті қожайындарының қолына тапсырылмақ. Нәтижесінде, 3 557 отбасы өз баспанасына қол жеткізеді деген сөз.

Бұдан кейін облыс әкімі өңірде 2 511 ұйым білім беру саласында қызмет көрсететінін тілге тиек етті. Қазір аймақта 1 372 мектепке дейінгі ұйымда 155 мың бала тәрбиеленіп жатыр. Соның ішінде 2-6 жастағы балаларды балабақшамен қамту 98 пайызды құрайды. Балабақшаға кезекке тұру, жолдама беру және қабылдау толық цифрландырылған. Ал облыстағы 1 000 мектепте 515 мың оқушы білім алады. Оның 86-ы соңғы 5 жылда бой көтерген. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, былтыр да 34 мектептің



құрылысы аяқталған. Алайда әлі де болса өңірде 35 мың оқушы орынға тапшылық бар. Бұл мәселені шешу мақсатында қазір 33 мектептің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Осылай деген Дархан Сатыбалды: «Оның ішінде, «Білім инфрақұрылымын қолдау қоры» арқылы 9 мектептің құрылысы жүруде. Сонда биыл 20 мектепті пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, «Жайлы мектеп» пилоттық жобасымен 3 жылда 63 мектеп салу көз-

делсе, жергілікті бюджет есебінен 30 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оған қосымша 41 нысанды жөндеуге құжаттама әзірленуде», – делі.

Қазір аймақта денсаулық сақтау саласында 45 медициналық ұйым жұмыс істейді. Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, босандыру және жан сақтау қызметтерінің медициналық жабдықтармен қамтылуына үлкен назар аударылып отыр. Жұмыспен қамту бойынша да атқарылған шаруа баршылық. Биылдың өзінде 109 мың адам жұмыспен қамтылыпты. «Он мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын ашу» бастамасы аясында 12 мыңға жуық жұмыс орны ашылса, биыл өз ісін ашуға ниетті 1 688 адамға қайтарымсыз грант ұсыну жоспарланған.

Түрізмді дамыту және инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге де айрықша көңіл бөлініп отыр. Қазір орталықтандырылған ауысудан қамтылған елді мекендердің жалпы саны 720-ға жетіп, қамту денгейі 86,4 пайызды құрады. Өңірде 113 елді мекенде ауысуды мүлдем жоқ, 204 елді мекеннің су жүйесі тозған. Бұл мәселенің он шешімін табуына әкімдік ерекше көңіл бөледі. Биыл 18 елді мекенге жаңадан

ауысуды құбыры салынса, 12 елді мекеннің тозығы жеткен су жүйелері жаңартылмақ. Сондай-ақ халықтың табиғи газ бен сапалы электр қуатымен қамтамасыз ету үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл ғана емес, аймақ халқын толғандырған автомобиль жолдарына да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Осылайша, 2025 жылдың соңына дейін өңірдегі нормативтік жолдардың үлесі 95 пайызға жеткізілмек.

Ж.АСҚАРБЕК

Сырдың шежіресін суретпен бейнелеуде қас қағым сәттің хас шебері атанған Болат Омарәлиевтің өмір жолы тұнып тұрған тарих. Облыстық газетте табан аудармастан жарты ғасырға жуық қызмет еткен белгілі фототілшінің сурет әлеміне көз жүгіртсеңіз, өзгеше күйге бөленеріңіз хақ.

Бүгінде 75 жастың желкенін кереген ағамыздың фотомұрағатында өткен күндер өрнегінен сыр шертетін сырлы дүние көп. Небәрі 15 жасында қолына фотоаппаратын ұстап, табиғат тамашаларын таспалауға әуестенген бала Болаттың бойынан ерекше қабілеттің бүгіп жатқаны бір көргеннен аңғарылып тұрса керек. Сол кездің өзінде ересек адамдардың қолынан келе бермейтін қас қағым сәттің көріністерін дер кезінде түсіріп, басылым беттеріне бере бастаған. Әлі де буыны бекімеген баланың фототілшілік үлкен басылымдарда ойып тұрып орын алыпты.

Қалам ұстаған қауымның төл мерекесі күні қарттықтың асыл қасиеттерін бойына сіңірген абыз ақсақалдың қара шаңырағына арнайы ат басын бұрдык. Жастайынан сурет әлемінің сырғына терең бойлаған фототілші өткен күндер өрнегінің боямасыз сәттерін бүкпесіз баяндай жөнелді.

Талай тарихи сәттің куәсі болған Болат Омарәлиев Қызылорда облысы Сырдария ауданы Қоғалықөл ауылында кіндік қаны тамған. Бала кезде табиғат тамашаларына тамсана қарайтын оның бойынан қас қағым сәтті қалт жібермей бақылап отыратын қырағылығы байқала бастапты.

Он бес жасында бала кездегі қызығушылығы үлкен арманға жетелеп, сурет сырына үңіліп, Қызылорда қаласындағы фотостудияға шәкірт болып орналасады. Фотосалонда екі еврей ұлтынан шыққан мамандармен жұмыс істеп, тәжірибе жинақтайды. Еңбек жолын ерте бастаған фототілші бұл жерден көп нәрсе үйреніп шығады. Кәсіби маманның бойына қажетті дүниенің біразын меңгерді.

«Небәрі 15 жасымда қаладағы фотостудияға шәкірт болып жұмысқа орналастым. Сол уақытта менің бұл қызығушылығымға үрке қарағандар аз болмады. Өйткені ол кезде суреттерді таспалау өнері қазақтарға таңсық көрінетін еді. Ешқандай қызығушылық туғызбайтын. Сол кездері маған газетке фототілші болып жұмыс істеуге лайықты екенімді айтқандар аз болмады. Содан көптің қолдауы қанат бітіріп, Алматыға келдім.

Жамбыл облысы Меркі ауданындағы №5 Ақарал мектеп-гимназиясының мәжіліс залында мәдениет қайраткері, Б.Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері, танымал журналист Жолдасбек Дуанабайды еске алуға арналған «Қалам ұшындағы өмір: белестер, болмыстағы нысандар мен естеліктер» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.

Мектеп оқушыларына журналистика мен баспа ісі туралы мәлімет беру, олардың шешендік өнерге бейімділігін арттыру, мамандық таңдауға бағыт беру үшін ұйымдастырылған конференция жоғары деңгейде өтті.

Залда танымал журналист «Жарк етіп сөнген бір жасын» атты портреті орнатылған, оның шығармашылық өмірінен сыр шертетін «Қалам ұшық қаламгер» деп аталған әдеби-танымдық бұрыш та көптеген құнды материалмен жасакталыпты.

Іс-шараға арнайы шақырылған қонақтардың арасында Жолдасбек Дуана-

Сол жерде Юрий Редкин деген ұстазымнан үш айлық курстан өттім. Алғашқы ұстазым кәсіби деңгейімді біршама шыңдауға айтарлықтай үлесін тигізді. Содан елге оралып, облыстық «Сыр бойы», сол кездегі «Ленин жолы» газетіне жұмысқа орналастым. Еңбек жолым осылайша өріліп кете барды», – деп фототілші өткен күндерін еске алды.

Табиғаттың тамаша көріністері мен ерекше эмоцияларды таспалауды кәсіпке айналдырған Болат ағаның бала күнгі арманы осылайша ақиқатқа айнала бастапты. Өз ісіне деген сүйіспеншілігі алға жетелеп, суретке түсірудің қыр-сырына кәсіби түрде зерттеу жүргізе бастайды.

Болат аға Сыр өңірінің бас басылымында еңбек еткен жылдары облыстың бірінші басшыларын суретке түсіріп, аймақтың әр күнінен көрініс беретін



ҚАС

ҚАҒЫМ СӘТ –

БІР ҒҰМЫР



Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ЖҰРТ ЖАДЫНДАҒЫ

ЖОЛДАСБЕК



байдың ағасы Айтжан Әшімханұлы, қаламгердің қызы Дина Жолдасбекқызы, сыныптас досы Бейбіт Кененбаев, журналистика саласының ардагері Әтіркүл Исаева, аудандық білім бөлімінің әдіскері Құралай Бағаділова мен осы жолдардың авторы Әлихан Нұралиев болды.

Жиынды алғы сөзімен ашқан мектеп директоры Нұрилла Қойшыманова белгілі журналист Жолдасбек Дуанабай турасында ой қозғап, осы конференцияны жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдыру жайын тілге тиек етті.

Бұдан соң Жолдасбек Әшімханұлының өмір жолы мен шығармашылық жолындағы тарихи фотосуреттері көпшілік қауымға таныстырылды. Кешке қатысқан мектеп оқушылары Жолдасбек Дуанабай туралы арнауын оқып, бала Жолдасбектің мектеп қабырғасындағы зерткігімен оның ҚазМУ-ге құжат тапсыруы әркім бейнелейтін сахналық көрініс қойды.

Конференция кезінде Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп пен ардагер журналист, Бектұрған Жамбабаевтың қалам иесі туралы естеліктері бейнетаспа арқылы көрсетілсе, Әтіркүл Тәжібекқызы мен Әлихан

тарихи дүниелерді жасай білді. Сыр өңірінің ауылдарын түгел аралап, тамаша көріністерді бейнелейтін дүниелерді өмірге алып келді. Нәтижесінде, 19 жасынан бастап фотосуреттерінің мұрағатын қалыптастыра бастайды.

«Қазір қолымда жұмыс істеген жылдары түсірген 8 қап фото еңбегім бар. Оның әрбірі мен үшін қымбат, басым көпшілігі Қызылорданың тарихын бейнелейді. Осы күнге дейін фотомұрағатымнан 500 суретімді ғана жарияладым. Соның ішінде 1965-2014 жылдар аралығында қызмет атқарған министрлер мен шенеуніктердің суреттері бар. Атап айтсам, Сыр өңірінің дамуына өзіндік үлес қосқан Сейілбек Шаухаманов, Бердібек Сапарбаев, Икрам Адырбеков, Серікбай Нұрғисаев, Мұхтар Құл-Мұхаммед және Болатбек Қуандықовтың фотолары сақтаулы. Бұған қоса, аңыз адамдар мен өнер жұлдыздары, оның ішінде, Құман Тастанбеков, Меруерт Өтекешова, Әмина Өмірзақова, Нұрғали Нүсіпжанов, Дос-Мұқасан сынды белгілі адамдардың суреттерін де кезіктіресіз. Мен көптеген тарихи суреттің авторы болғандықтан мақтан тұтамын. Мұны халықтың игілігі үшін тынбай жасаған есіл еңбегімнің айқын жемісі деп білемін», – дейді ол.

Оның айтуынша, бүгінде фотомұрағатында 2 000 негатив бар. Осы күнге дейін 500 суретті жарияласа, қалған 1 500 суретті рет-ретімен жарыққа шығаруға ниетті. Оның әрбірі өткен шақтан сыр тартатын тарихи сәттерге толы дейді.

Бұған дейін Болат Омарәлиев жайында Тілеген Бекарыстановтың «Қоғалықөлдің құлагері» атты кітабы жарық

көріпті. Бұл еңбек оқырмандар тарапынан жоғары баға алғанын да айта кету керек. Фототілші «Егемен Қазақстан», «Қазақстанская правда», «Қазақ әдебиеті», «Известия» газеттерінің, «Советский фото» журналының және басқа да басылымдардың фотобайқауларының лауреаты атаныпты. Сондай-ақ еңбектері 2012 жылы өткен фотокөрмелерге қойылыпты. Сол сияқты 1989 жылы Мәскеуде өткен фотокөрмеге Қазақстанның атынан арнайы қатысқанын да айта кеткен артық болмас.

Жалпы, оның еңбектері 20-дан астам кітапқа иллюстрация ретінде пайдаланылған. Қас қағым сәттің хас шебері әр туындысы арқылы өткен жылдардың атмосферасын, әрбір кезеңнің боямасыз бейнесін дәлме-дәл жеткізе білді. Фототілшінің қолынан шыққан туған өлкенің өткені, маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғалардың жарқын бейнелері көпке танылды деп айтуға негіз бар.

«Ең алғаш рет облыстық газетте 2 жылдай қаламақы негізінде жұмыс істедім. Сол уақытта айлық 50 сом болатын. Маған сондай мөлшерде қаламақы төленіп тұрды. Осы орайда менің суреттерімді жоғары бағалап, қызметке алған сол кездегі «Ленин жолы» газетінің бас редакторы Ұзақ Бағаевтың еңбегі ерен. Бертін келе, 1969 жылы, яғни 18 жасқа толған шағымда штатқа алындым. Алдымен хат бөлімінде 4 жыл хат тіркеуші болдым. Кейіннен фототілші болып, зейнетке шыққанша тынымсыз қызмет атқардым. Газеттің талай редакторымен қызметтес, көптеген игі жақсылармен табақтас болдым. Тарихи сәттердің әрбірі фотомұрағатымда сақтаулы. Сол уақытта журналистиканың қызығынан қиындығы басым болатын. Тілшілер бір мақала дайындау үшін күн-түн демей еңбек ететін. Ол уақытта газет қызметкерлерінің қолында қарапайым жазу құрылғысы да болмайтын. Тіпті, іссапарға шығуға көлік те таппай қалатынбыз. Қазір техника қарыштап дамып кетті. Айлық жерден көзді ашып-жұмғанша жедел ақпарат алуға мүмкіндік зор. Кабинеттен шықпай-ақ көлемді мақала дайындап жатады. Сол кездері тілшілердің жұмысына қызыға қарайтын едім. Қолыма қалам ұстап, мақала жазуға да мүмкіндігім болды. Бірақ фотоаппараттан ажырамай, тарихи сәттерді таспалап, мұрағатымды толықтыра бердім. Бұл өз мамандығымға деген шексіз сүйіспеншілігімнен болса керек», – деп ол өткен кездерді кимастықпен еске алды.

Өңіріміздің 50 жылдық тарихын бейнелейтін мұрағаттық туындыларымен көпшілікке танылған Болат аға бүгінде қарметті еңбек демалысында. Қазыналы қария ұлы мен қызынан немере-шөбере сүйіп, бақытты да бақуатты тұрмыс кешіп жатыр. Әлі күнге дейін әлеуметтік желіде белсенді. Уақыт көшінен қалмай, замандастары мен жазылушыларына әлеуметтік желі арқылы тарихи сәттерге толы суреттерімен үзбей бөлісіп отырады.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Атыханұлы көпшілік алдында әріптестері жайындағы естелік әңгімесін айтып берді.

Кеш барысында оқушылар Журналистика факультетінде Жолдасбек Дуанабаймен бірге оқып, кейін «Жас Алаш» газеті редакциясында бірге қызмет еткен Гүлнар Жұмабайдың естелігін де нақышына келтіріп оқып берді.

Ал Айтжан Әшімханұлы інісінің аса бауырмал болғанын айтып, келешекте оның атын бір көшеге беру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ ол өз сөзінде осынау тағлымды шараны өткізуге мұрындық болған мектеп директоры Нұрилла Қойшыманова мен директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Райхан Бәбіжановаға алғысын жеткізді. Танымал журналистің қызы Дина да әкесі жайында тебірене сөйлеп, Талғат Айтбайдың әке еңбектерін топтастырып, кітап түрінде баспадан шығарғанына ризашылығын білдірді. Ал сыныптасы Бейбіт Кененбаев Жолдасбектің балалық шағы туралы сөз қозғады. Конференция жұмысын қорытындылаған мектеп басшысы Нұрилла Қойшыманова қайнаған өмірдің ортасында жүріп, әр өзгеріске өзіндік ойын білдіруге тырысқан журналист Жолдасбек Дуанабайдың есімі мәңгі ұмытылмайтынына сенім білдірді.

Ал журналистің артында қалған еңбектері 5-10-сынып оқушыларының зерттеу нысанына айналмақ.

Әлихан НУРАЛИЕВ,
«Меркі тынысы» газетінің
бөлім меңгерушісі,
Жамбыл облысы

ЖАСТАР САЯСАТЫ АУЫЛҒА ЖЕТТІ МЕ?



Бүгінде бір емес, бірнеше жоғары оқу орнының дипломы бар жастар жетерлік. Тіпті, шетел асып, оқу бітірген жас мамандар қатары да жыл санап толығып келеді. Алайда бұл көрсеткіш елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға айтарлықтай әсер етіп жатқаны байқалмайды. Шындығы сол, жастардың жемісті жұмысы еріктілер қатысатын түрлі жиында ғана көзге көрінеді. Ал қазір жастардың арасында шекара сыртынан жұмыс іздеп кеткендер көп. Елде қалғандардың өзі алған білімін кәсіп деңгелетуге арнауың орнына жалдамалы жұмысқа жем қылып отырғаны жасырын емес.

Жадыра МҮСІЛІМ

Сонғы жылдарда Жастар және отбасы істері комитеті елдегі жастар және отбасы мәселелері бойынша ҰЕҰ-мен бірге мемлекеттік, жастар және отбасы саясаты саласында түсіндіру жұмыстарын, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды бірлесіп жүзеге асырады. Ал жастар ресурстық орталықтарын құру, олардың қызметін қамтамасыз ету және үйлестіру жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кіреді. Сондай-ақ балтырдың бастап Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бұйрығына сәйкес, мемлекеттік гранттарды беру үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы Оператордың конкурс өткізуі арқылы өтеді. Биыл да Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты Жастар және отбасы істері комитеті 14 ҰЕҰ-да 11 ортамерзімді және 5 ұзақмерзімді мемлекеттік грант беруді көздеп отыр. Жобалар жастарды жұмысқа орналастыруға және оларды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, жастарға тегін психологиялық және заңгерлік көмек көрсетуге, жастардың инновациялық және кәсіпкерлік қызметін жандандыруға жәрдемдесуге, экологиялық акцияларды іске асыру арқылы жастарды патриоттыққа тәрбиелеуге, жастарға отбасылық өмірге дайындалуға жәрдемдесуге бағытталмақ. Бірақ мемлекеттің бұл мүмкіндігін ауыл мен аудан жастары көре ала ма? Мәселе осында болып тұр. Өйткені кәсіптен нәсіп тауып, түрлі жеңілдік арқылы жеке іс бастағандардың көбі мемлекеттік қызметтен біршама хабары бар бұрынғы кәсіпкерлер. Өзге жастарға жігер сыйлап, көсіп бастауына арналған әдемі жобаларымыз ауыл баласына келгенде ақсап жатыр.

ОЛҚЫЛЫҒЫ КӨП ОРТАҚ БАҒДАРЛАМА

Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Жастар ресурстық орталығын басқарған Сая Сағынғали «ауылда әлеуметтік жобалар жүзеге асырылмайды» дейді. Статистикаға сәйкес, қазір елде 14-35 жас аралығындағы 6 миллионнан астам адам тұрады. Ал олармен жұмыс жүргізу — жастар саясатының маңызды бөлігі. Бір қызығы, қазір жастар саясатында тұжырымдама да, заң да болғанымен, оны жүзеге асыруға атсалысатын бағдарлама нақтыланбаған. Қазір де үкіметтік емес ұйымдардың жобаларын бақылайтын эксперт маман ретінде жұмыс істейтін Сая Сағынғали азаматтық бастамаларды қорғау орталықтарына жылына миллиондаған, миллиардталған ақша бөлінетінін тілге тиек етеді. Орталық үкіметтік емес ұйымдарға қаражат бөледі. Сөйтіп, жыл сайын жобалардың байқауы өтеді. Яғни, мемлекет өз тарапынан қаражат бөліп жатыр. Алайда грантты ұтып алған ұйымдардың жұмысы үйлестірілмеген. «Бізге жастар ұйымдарын атаулы мерекеле, мейрамдарда өкілшіліктің жұмыстарына пайдаланады. Шын мәнінде, жастармен жұмыс істей алмайды. Тағы бір қателік, бұл ұйымдарда жұмыс істейтіндердің көпшілігі костюм, шалбар, жалтұқ киіп алған шенеуніктер. Меніңше, жастармен жұмыс істейтін ұйымдарда әр жастың категориясына сай жоспар, бағдарлама бөлек болуы керек. Бізде барлығына бірдей жоспар. Сондықтан

жастарға сай бағдарлама жасау қажет деп ойлаймын», — дейді.

Олқылығы көп ортақ бағдарлама жергілікті жерлердегі жұмыссыз жастардың санын өсіруде. Мәселен, ірі мегаполистер мен өндірісі бар аумақтарда жұмыс болуы мүмкін. Бірақ аудан мен ауылдық округтерде көсіп ашқысы келетін жастар болғанымен, түсіндірме жұмысы да, бөлінген қаражат та жетпейді. Осы себепті де ауылдық жерлердегі жастарды жұмыспен қамту мәселесі тасбақаның жүрісі секілді баяу. Мемлекеттік гранттың қызығын көретіндер де аз. Өйткені қаражат бөлінген жерде де «аға-көкеңін» арқасы, басшылар тарапындағы бюрократия басымдыққа ие.

Қызылорда облысы Қазала ауданының мәслихат депутаты Есет Табынбаевтың айтуынша, қазір елдегі әрбір ауданда Жастар ресурстарын қолдау орталығы бар. Бірақ осы орталықта істейтін қызметкерлердің біліктілігі — бірінші мәселе. «Бұл орталық бай-бағдарлардың балалары, оқуын енді ғана бітірген маманды жұмысқа тұрғызатын орынға айналған. Соңғы өзгеріске сәйкес, жастардың санаты 14-35 жасқа дейін болып өзгертілді. Қазір кез келген ресурстық орталыққа барсаңыз, басшы болып 26-27 жастағы мамандар отыр. Кеңесшілерінің жасы — 21-22-де. Оқуды кеше бітіріп келген балаларға елдегі жастар саясатын сеніп тапсырып отырмыз. Жиырмадан енді асқан жас маман мен 35 жастағы адамның ой-өрісі, интеллектуалдық деңгейін салыстыруға болмайды. Сондықтан алдыңғы кезекте жастармен жұмыс істейтін мамандарды іріктеп алу керек», — дейді ол. Себебі жастардың өзін үш топқа бөлуге болады. Біріншісі — оқып, тоқыған, азаматтық көзқарасы қалыптасқан тәжірибесі бар жас. Екіншісі — «ақша болса қалтаңда, талтанда-саң талтанда» дейтіндер. Олар қоғамдағы мәселеге басын қатырмайды. Үшіншісі — маргинал жастар. Сондықтан әртүрлі жастағы және түрлі санаттағы жастарға түсіндірме жұмысын жүргізетін маманның өзі көргені мен түйгені мол тәжірибелі маман болуы маңызды.

Сондай-ақ Есет Табынбаев мемлекеттік бағдарламалар мен түрлі жеңілдік ауылдық округтерге жетпейтінін жеткізді. Себебі, әлгінде айтқандай, түсіндірмелік жұмыс тоқырап тұр. Бөлінген қаражат та жыртыққа жамау бола алмай келеді. Оның айтуынша, көсіп бастағысы келетін жастар бар. Бірақ мемлекеттің жеңілдігі қаражатқа қызығушылық басталмай жатып-ақ бітіп қалады екен. Бір көшенің асфальт емес, транзитін төсеуге 25-30 миллион ақша бөлетіндер ауданның жастар саясатына 5-6 миллион ақша береді. Бұл 25 мың жасқа жұғым болмайды. Сондықтан ол «Қаражат тапшылығын шешпей, құрғақ сөз бен жиындар жастардың вакуумын толтыра алмайды. Елдегі түрлі бағдарлама арқылы жас мамандарды тарту да толық тиімділігін көрсете алмай келеді. Себебі құлайын деп тұрған ауылдарға жастар бармайды. Осының барлығы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін түсіндіруі тиіс өкілдіктер мен орталықтардың олқылығынан туындап отыр. Қазір ауылдық өкілдіктерде жастармен айналысатын маман жоқ. Бұл да жастар саясатын кері тартып келеді», — дейді.

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ОЙДАН ШЫҒАРЫЛАДЫ

Әлеуметтанушы Айдар Хамиттің де өз айтары бар. Оның айтуынша, елдегі жастар

саясаты ойдан шығарылған дүние. Себебі қолға алынған жобаның өміршеңдігі түбегейлі зерттелмейді, ары қарай жұмыс істеуіне толық баға берілмейді. Қолға алынған бағдарламалар белгілі бір деңгейде жастардың дамуына, әртүрлі қажеттілігіне ықпал етуі мүмкін. Бірақ жастар арасындағы аймақтық, діни, тілдік, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктер жоспардың жүзеге асуына кедергі келтіреді. Өйткені жастарға арналған жобалар жастар арасындағы ерекшелікті ескермей қабылданады. Ең қызығы, мемлекет жастарды объект ретінде қарастырады. Ал өркениетті елдерде жастар қоғамның белгілі бір мүшесі ретінде субъект болып саналады.

Сондай-ақ әлеуметтанушы жастар ресурстық орталықтарының жүктемесі көп екенін айтады. Мысалы, онтүстік аймақтардағы орталықтың 10 қызметкерінің орташа алғанда 500 мыңдай жасты қамтуға қауқары жетпейді. Орталықтағы мамандардың жүктемесі көп болғандықтан белгілі бір санаттағы жастарға қызмет көрсету кемшін қалып келеді екен. «Біз қазір Финляндия, Эстония секілді батыс елдерінің мысалдарына жүргенімізбен, толық жұмысын тәжірибеле қолдана алмай келеміз. Бұдан бөлек, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы — мемлекеттік гранттардың операторы. Жылда олар азаматтық секторларға мемлекет тарапынан ұсынылатын қаражатты бөледі. Оның ішінде жастар мәселесімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар бар. Алайда олардың жұмыс нәтижесін бағалау қиын. Жалпылай алғанда, әлеуметтік-экономикалық өсерін бергенімен, кемшілік те көзге ұрып тұр. Мәселен, қала мен ауыл арасындағы айырмашылық бар. Кейбір жобалар орыстiлді сарапшылардың бағалауы бойынша жүзеге асып отыр. Әйтпегенде, қазақтiлді ҰЕҰ-дың жобаларын бағалауға қатысты сұрақтар жылда көтеріледі. Демографиялық ерекшелік те ескерілмейді. Ауыл баласы қалаға келсе де түрлі кедергіге тап келеді. Мысалы, қалаға оқуға келген жастың пәтер жалдау құны қымбат. Осы қажеттілікті өтеу үшін студенттер жұмыс істейді. Бұл сапалы білім алуына кедергісін тигізеді. Сол үшін қазіргі жастарда маман болу мақсаты жоқ. Кәсіби бағдарға қатысты сұрақ көп. Яғни, саналы түрде таңдаған мамандығына қызмет етіп жатқан жастар өте аз. Өкінішке қарай, өз кәсібі бойынша жұмыс істейтін жастардың үлесі 40 пайызды ғана құрайды», — дейді Айдар Хамит. Айталық, «Серпін»; «Дипломмен — ауылға!», «Жастар практикасы» бағдарламасының бір қайнауы ішінде қалды. Қазір бұл бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар керек. Өкінішке қарай, елдегі жүзеге асқан жобалардың өміршеңдігіне зерттеу жасалмайды. Сәйкесінше, заманға сай қайта жанартылмайды.

ШИКІ ШЕШІМ ШЕКТЕУ ҚОЯДЫ

Жастармен жұмыс істейтін маман даярлауға да көңіл бөлетін уақыт жетті. Әлеуметтанушының сөзінше, басқа елдерде жастармен жұмыс істейтін арнайы мамандарды оқытатын факультет бар. Бізде жастармен жұмыс жүргізетін маман тапшы. «Ал жастар мәселесін зерттеу мемлекеттік тапсырма ретінде ғылыми орталықтарға бөлінген. Яғни, байқаусыз және тендерсіз өткізіледі. Тағы бір мәселе, жастар саясатында қолға алынған кейбір жобалар мемлекеттің көзқарасына кереғар келеді. Мысалы, Мәжілісте жастарға квота берілген. Қарлық резерв бар. Осындай квотаның болуының өзі біраз жастарға шектеу қояды. Екіншіден, квота Президент айтып жүрген меритократиялық принципке қайшы келеді. Білімі мен біліктілігі тұрғысынан жастар саясатындағы қарлық резервке де қатысты даулы сұрақ көп», — дейді Айдар Хамит.

Мәжіліс депутаты Айдарбек Ходжаназаров қолға алынған жобалардың жемісті жүзеге асқанын жастар арасындағы теңсіздік мәселесі түбегейлі шешілгенде ғана көруге болады деп санайды. Өкінішке қарай, әлі де елдегі жастардың ресурстарға қолжетімсіздігі ала-құла. Әсіресе, ауыл мен қала арасындағы теңсіздік жер мен көктей. Қала жастарының білім алуынан бастап кәсіп таңдауына дейін мүмкіндік мол. Ал ауыл баласы атқа қонып, жоғары жалақысы бар жақсы жұмысқа түру үшін қала баласына жасалып отырған жағдайға қолжетімділігін арттыру маңызды. Оның айтуынша, қазақтiлді және орыстiлділер арасындағы теңсіздік те бар. Мысалы, орыстiлді жастар қажетті дүниелерді ресейлік каналдардан қарай алады. Ал қазақтiлді контенттер қазақ тілін тұтынатқындардың қажеттілігін толық қанағаттандырмайды.

Қорыта айтқанда, жастарға қатысты саясаттағы олқылықтар әлеуметтік жіктелуді тереңдете түсуі мүмкін. Сондықтан есеп беруге емес, жастарға арналған жобалардың жемісін бергеніне көбірек көңіл бөлінгені керек-ақ.

АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІ ТАРАТЫЛДЫ



Астана қаласында 29 маусым күні Құрбан айт мерекесіне орай қала әкімдігі мен демеуші Petro Retail компаниясының Qazaq oil брендімен халықтың әлеуметтік осал топтарына құрбандық ет және азық-түлік себеттерін таратты.

Астана қаласы әкімдігі қасиетті Құрбан айт мерекесіне орай Qazaq oil-мен келісімге отырды. Елорданың мұқтаж жандарына 1000-ға жуық азық-түлік себетін таратты. Сонымен қатар сол азық-түлік себеттерімен бірге құрбандыққа шалынған мал еттерін де үлестірді. Елорданың еріктілерімен бірге әлеуметтік топтарға тиесілі азық-түлік себеттері таратылды.

Елорда әкімдігінің Қоғамдық даму басқармасының басшысы Нұрәулет Әлмұхановтың айтуынша, мұқтаж отбасылар ҚМДБ және Астана қаласынан, аудан әкімдіктерінен келіп түскен тізімдер бойынша анықталыпты.

Ж.ҚҰТТЫБАЙ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ТҮР БАСТАЛДЫ



Астанада 27-29 маусым аралығында елорданың 25 жылдығына орай «Астана – менің Отанымның елордасы» атты әлеуметтік түр басталды. Бұл күндері Абай облысынан 52 бала келеді. Жоба аясында еліміздің барлық өңірінен елордаға аз қамтылған отбасы балалары, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және мүмкіндігі шектеулі балалар келеді.

Жобаның ұйымдастырушысы — Астана қалалық әкімдігінің «Астана даму орталығы» ЖШС. Үш күндік кәсіби гидтердің қатысуымен балаларға арналған ерекше экскурсия және мәдени-көңіл көтеру бағдарламасы ұйымдастырылды. Жобаның мақсаты — Астана қаласы туралы балаларды ақпараттандыру, отансүйгіштік рухты, елге деген махаббаты мен құрметін арттыру. Әрі тарих пен мәдениет жайлы қосымша білім беру, қиын өмірлік жағдайларға тап болған оқушыларға жәрдемдесу, ерекше сауықтық бағдарлама арқылы байланыс орнату. Балалар Астанаға келуі кезінде «Астана-Бәйтерек», «Нұр Әлем» болашақ

энергиясы музейі, Тұңғыш Президент музейі, Ұлттық музей, «Хан Шатыр» СОО сияқты басты көрікті орындарын тамашалайды. Сонымен қатар балаларға арналған ең қызықты сауықтыру орындары — океанариум, джунгли, еліміздегі ең үлкен шолу денгелегі, батут саябағын көрсету жоспарлануда. Бұл балалардың саяхатты қызықты әрі жоғары деңгейде өткізуге жол ашады. Экскурсия, тамақтану және орналастыру бойынша шығындарды Астана қаласының әкімдігі төлейді.

— Бұл алғаш рет өткізіліп отырған жоба емес, мұндай іс-шаралар пандемияға дейін де болды. Араға 1-2 жыл салып, қайта қолға алады. Қазақстанның барлық өңірінен 1 000-ға жуық баланы тартып, осындай арнайы түр ұйымдастырып отырмыз. Балалардың тізімін жергілікті әкімдік береді. Яғни, түрлі ойын мен білім сайысы, спорттық додаларға балалар белсенді өнер көрсететін болады. Бір ғана Абай облысынан 52 жасөспірім бала келді. Тур аясында Астананың көрікті жерлерін тамашалайтын болады, — деді Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Өмірзақ Тілеужан.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарабастау ауылы Таңбалы көшесі, 5Б үй мекенжайында орналасқан, тел. 8 (72770) 2-78-65.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты оның құрамына кіретін тарихи-мәдени мұра объектілерін және олар орналасқан аумақтарды анықтау, зерделеу, қорғау және сақтау, түпнұсқалы мұражай коллекциялары негізінде көркем және ғылыми экспозицияларды жасау және оларды кеңінен тарату болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылым-

дары, математика және статистика және/немесе қызметтер (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орндарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес болуы тиіс.

3. Лауазымдық міндеттері:

Мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-

экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкін сақтау және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; ұйымның саясаты мен стратегиясын белгілейді, оның бөлімшелерінің музей қорын қалыптастыру, сақтау бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану бойынша жұмысын үйлестіреді; музейдің (музей-қорықтың) жоспарларын, бағдарламаларын мен жобаларын жасау және жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет бағыттары бойынша олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді; ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді, Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын, тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді; Қазақстан Республикасының және шетелдердің мәдениет және өнер ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді; ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолданады; директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілері мен мамандары арасында жұмыстың жекелей бағыттарын бөледі; шарттарды жасайды және бұзады, мәмілелер жасайды, сенімхаттар береді, қажетті есептілікті ұсынууды қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді; еңбек

қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

4. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; «Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі; Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі; Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі; «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын, ішкі еңбек тәртіпмесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініші;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері (косымшалармен);
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшір-

месі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтамасы;

6) 075-у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтамасы;

7) жеке куәліктің көшірмесі;

8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет (кандидатпен EGOV арқылы алынады).

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2023 жылғы 1 шілдесінен бастап 2023 жылғы 15 шілдеге дейін жүргізіледі.

6. Конкурстың өткізілетін күні мен орны:

Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматта.

Конкурс қатысушыларына әнгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-05-66 телефондары бойынша алуға болады.

Комитет культуры Министерства культуры и спорта

Республики Казахстан объявляет конкурс на вакантную должность директора республиканского государственного казенного предприятия «Государственный историко-культурный и природный музей-заповедник «Таңбалы»

Общие квалификационные требования к участникам конкурса:

1. Наименование предприятия с указанием местонахождения, почтового адреса, телефона, краткое описание его основной деятельности:

Республиканское государственное казенное предприятие «Государственный историко-культурный и природный музей-заповедник «Таңбалы»: находится по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Карабастау, улица Таңбалы 5Б, тел. 8 (7270) 2-78-65.

Предметом деятельности предприятия является осуществление деятельности в области культуры.

Целью деятельности предприятия является выявление, изучение, охрана и сохранение входящих в его состав объектов историко-культурного наследия и связанных с ними территорий, создание на основе подлинных музейных коллекций художественных и научных экспозиций и их популяризация.

2. Квалификационные требования к кандидатам:

Высшее (или послевузовское) образование по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка учителей с предметной специализацией общего развития, по естественнонаучным предметам, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли (архитектура, строительство, машиностроение) и/или информационно-коммуникационные технологии и/или естественные науки, математика и статистика и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа).

Стаж работы не менее 5 лет в сфере культуры или на руководящих должностях, либо не менее 5 лет для лиц, зачисленных в Президентский молодежный кадровый резерв, либо не менее 4 лет

в сфере культуры или на руководящих должностях для лиц, завершивших обучение по программам послевузовского образования в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или в зарубежных высших учебных заведениях по приоритетным специальностям, утверждаемым Рабочим органом, и для лиц, имеющих ученую степень по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка учителей с предметной специализацией общего развития, по естественнонаучным предметам, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли (архитектура, строительство, машиностроение) и/или информационно-коммуникационные технологии и/или естественные науки, математика и статистика и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа).

3. Функциональные обязанности:

Руководит производственной, административно-хозяйственной и финансово-экономической деятельностью учреждения, осуществляет контроль над сохранностью и эффективным использованием имущества организации, организует работу по борьбе с коррупцией; определяет политику и стратегию деятельности организации, координирует работу его подразделений по формированию, хранению, музейного фонда, а также, охраны и использованию памятников истории и культуры Республики Казахстан в интересах государства и общества; руководит разработкой и осуществлением планов, программ и проектов музея (музея-заповедника), координирует работу структурных подразделений по их выполнению по направлениям деятельности; руководит научно-исследовательской деятельностью, обеспечивает проведение мероприятий, направленных на пропаганду и

популяризацию культурных ценностей, историко-культурного наследия народа Казахстана; обеспечивает сотрудничество с организациями культуры и искусств Республики Казахстан и зарубежных стран; принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, развитию их профессиональных знаний и опыта, созданию условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе; распределяет отдельные направления работы между заместителями директора, руководителями и специалистами структурных подразделений и филиалов; заключает и расторгает договоры, совершает сделки, выдает доверенности, обеспечивает представление необходимой отчетности, издает приказы, представляет интересы организации в суде, государственных органах и организациях; обеспечивает контроль за осуществлением требований безопасности и охраны труда, противопожарной безопасности.

4. Должен знать:

Конституцию Республики Казахстан, Трудовой кодекс Республики Казахстан, Гражданский кодекс Республики Казахстан, Бюджетный кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», Предпринимательский кодекс Республики Казахстан, Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан, Законы Республики Казахстан: «Об авторском праве и смежных правах», «О культуре», «О государственном имуществе», «О противодействии коррупции», «О государственных закупках», «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия», правила оказания доврачебной медицинской помощи, порядок внутреннего трудового распорядка, по безопасности и охране труда, производственной санитарии, требования пожарной безопасности.

5. Лицо, претендующее на участие в конкурсе, предоставляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе;

2) резюме на государственном и русском языках;

3) автобиографию, изложенную в произвольной форме;

4) копии документов об образовании (с приложениями);

5) копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы или архивную справку, содержащую сведения о трудовой деятельности работника;

6) справку о состоянии здоровья по форме № 075-у;

7) копию удостоверения личности;

8) сведения о совершении лицом коррупционного преступления (получается кандидатом через EGOV).

Участник конкурса может предоставить дополнительное относительно его образования, стажа работы, уровня подготовки (копии документов о повышении квалификации, степеней и званий, научных публикаций, а также рекомендаций с предыдущего места работы и т.п.).

Прием документов для участия в конкурсе проводится в течение 15 (пятнадцать) календарных дней с момента опубликования с 1 июля 2023 года по 15 июля 2023 года.

6. Дата и место проведения конкурса:

Город Астана, проспект Мангилик ел 8, здание «Дом министерств», 15 подъезд, в онлайн формате.

Дата проведения собеседования участникам конкурса будет сообщена дополнительно.

Документы принимаются нарочно или через почту по адресу: Республика Казахстан, город Астана, проспект Мангилик ел 8, здание «Дом министерств», 15 подъезд, каб. 314.

Подробную информацию можно получить по телефону +7 (7172) 74-02-52, 74-05-66.

ҚҰМЫРА ЖАСАУДЫҢ

ҚҰПИЯСЫ



Қыш құмыра жасаудың тарихы тым тереңде жатыр. Қазір де қолөнердің осы бір түріне қызығушылық танытатындар көбейді. Әсіресе, жастар қыш құмыра жасаудың тың тәсілін меңгеріп, мұны қажеттіліктен бұрын хобби деуге келетіндей. Ерекше кәсіпті меңгерген елордалық Ақерке Айткелдімен сұхбатымыз осы турасында өрбиді.

— Ақерке ханым, бізді басқа-басқа, қыз баласының қыш құмыра жасау кәсібін меңгергені қызықтырды. Сіз қыш құмыра жасауды қалай меңгердіңіз?

— Қыш құмыра жасаушыларды алғашқыда әлеуметтік желіден көріп, қызығып жүретін едім. Көп ойланбай Алматы қаласындағы құмыра жасайтын Dala crafts орталығына барып, құмыра жасап көрдім. Мен бұл кәсіптің жүрегіме жақын екенін сездім. Себебі мен бала кезімнен сурет салғанды жақсы көретінмін. Осыдан соң маған құмыра жасау арқылы қазақ қолөнерін дамыту туралы ой келді. Dala Crafts құмыра жасау орталығының басшысынан сұрастырғандым олар мұндай орталықтың Астана қаласында жоқ екенін айтты. Осы кәсіпті Астана қаласында ашуға бел будым. Осылайша, 2022 жылдың 29 қыркүйегінде Dala crafts Astana құмыра жасау орталығын аштым.

Менің негізгі мамандығым — есепші. Бұған дейін өз мамандығым бойынша жұмыс істедім. Бірақ шыны керек, уақыт өте жалақыға жұмыс істегім келмеді. Астана қаласынан құмыра орталығын ашамын деп шешкен соң құмыра жасаудың шебері Бекзат Бахтиярұлынан дәріс алдым. Енді, міне бүгінде өзім де шеберге айналдым.

— Қазір қыш өнері сұраныста ма?

— Қыш өнерінің тарихы тереңде жатыр. Оның жасалу технологиясы да жылдан-жылға күрделене түскен. Қазір бұл өнерге сұраныс жоғары деп айтуға келмейді. Қыш құюмен айналысатын шеберлер де көп емес. Алайда елімізде қыш құмыра жасайтын орталықтар жыл сайын артып келеді.

Негізі, қыш құмыра жасаудың денсаулыққа пайдасы зор. Әсіресе, онкология, аутизммен ауыратын балаларға қол моторикасын дамытуға, бала бойындағы ойлауды, тепе-теңдікті ұстауда үлкен пайдасы бар. Ми жұмысын дамытуға ерекше ықпал етеді.

— Қыш ыдыстар қалай жасалады?

— Құмыра әртүрлі техникамен жасалады. Оған су, арнайы тазалайтын құрал, темір және қыш ыдыстың сыртын тегістеп алатын құрал қажет болады. Құмыра жасау үшін арнайы дайындалған саз керек. Біз оны Д.Қонаев қаласынан алдыртамыз. Бұл өнер шебердің орталық бөлігі маңызды. Ең басында саз балшықты шеберге ұстату үшін кішкентай ғана сазды шебердің ортасына қою керек. Одан кейін шебердің ортасына сазды бар күшінді салып жапсырасыз. Саз-балшық қатты жабысуы керек. Жұмыс кезінде, шебер айналған кезде саз балшық дұрыс жабыспаса, сіздің жасаған затыңыз дұрыс шықпайды. Құмыра жасау барысында үнемі суды қолданып отыруыңыз керек. Өйткені саз құрғап кетпеуі қажет. Саз балшықтың биіктігін көтеріп, қалаған пішінге келтіріп аласыз.

— Сонда бір қыш ыдысты жасауға қанша уақыт кетеді?

— Бір құмыра жасауға жарты сағаттай уақыт кетеді. Бұдан соң дайын болған ыдыстың сыртын ангоб бояумен әрлеп, дайын болған ыдыстарымызды күн түспейтін жерде, қалыпты температурада кептіреміз.

Қыш құмыраны «бір көріп алсам, жасай беремін» деу қателік. Оған машықтану үшін көп тер төгу қажет. Бұл өнер адамның жүйкесін тыныштандырады. Сосын шыдамдылыққа, ыждағаттылыққа үйретеді. Егер адамның өзінің бұл салаға деген құштарлығы болмаса, үйреніп кетуі қиын болады. Десек те, бізді Астана қаласындағы тұрғындар қыш ыдыс жасауға деген қызығушылығы шабыттандырды. Бүгінде мұнда 4 жасар баладан бастап зейнеткерлікке шыққан қариялар да көптеп келіп жатыр.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Жанель ҚҰТТЫБАЙ

ҚОЛЫНАН КЕЛСЕ,
ҚОНЫШЫНАН БАСАДЫ

Алматы облысында жер қатынастары, білім беру және құрылыс салаларын жемқорлық жайлаған. Бұл жайында өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомстваралық комиссияның кезекті отырысы коммиссия аяқталды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Нұрсұлтан Бекиновтің баяндамасында айтылғандай, жыл басынан бері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері көңіл көншітпейді. Облыста 5 айда 19 сыбайлас жемқорлық фактісі тіркелген. Жемқорлыққа жол берген 27 ауазымды тұлға әшкереленсе, олардың үшеуі — облыстық деңгейдегі басшылар.

Түрлі заңсыздықтармен жұрттың наразылығын тудырып, даудамайдан бел ортасында жүретіндердің қатарында жер комиссияларының мүшелері бар. Жерге қатысты мәселенің барлығы осы комиссияның қорытындысы бойынша шешіледі. Осыдан барып мұндағылар бармақ басты, көз қыстыға жол беріп, күмәнді шешім шығаруға бейім келеді. Әсіресе туған-туыстарына, тамыр-таныстарына бүйрегі бұра-тындар көп. Жер бөлуді майлы

жілікке айналдырып алғандар үшін жер телімдерінің нысаналы мақсатын заңсыз өзгерту де тұқ те емес. Әдетте, мұндай істерде соңғы сөз сот залында айтылып тынады.

Алматы облысында жердің нысаналы мақсатын заңсыз өзгерту деректері Алматы қаласы маңында орналасқан. Мұндай деректер Қарасай, Талғар, Іле және Жамбыл аудандарында жиі анықталды. Өйткені мұндай жердің бағасы тым қымбат. Мәселен, осы аудандарда 5,5 мың гектар жер 56 мың телімге бөлініп сатылып кеткен. 30 мыңға жуық жер телімдерінде құрылыс жұмыстары басталып та кеткен екен, — деді Нұрсұлтан Берікулы.

Сондай-ақ отырыс барысында облыста жер саласын басқаруды автоматтандыруға бөлінген қаржының да тиімсіз пайдаланылғаны айтылып қалды. — 2019 жылы елімізде геопортал жүйесін енгізу бойынша жұмыстар басталған еді. Облыста бұл жобаға 1 млрд теңгеден астам қаражат келешегі зор. Бұдан әрі де кенейтіп, дамытамын деген ойдамын. Бізге мемлекет тарапынан көп қолдау жасалды. Шымкент қаласының әкімдігі республика бойынша бізде ғана өндіріс паркін ашып берді. Жұмыс істемей тұрған үлкен зауыт иесімен келісім жасап, арнайы бағдарлама құрып, біз сияқты ерекше әрі болашағы бар кәсіппен айналысатындарды жинап, осында орналастырды. Жоба бойынша алғашқы жылы цехтың жалға алу құнының 75 пайызын, екінші жылы 50 пайызын, үшінші жылы 25 пайызын төлеп береді. Шүкір, бір жылдан бері отырған ғимаратымыздың жалға алу құнының 75 пайызын төлеп берді. Сонымен бірге қажетті құрылыстар мен шикізатты алу үшін 5 млн теңге қайтарымсыз грант алдым. Осындай керемет мүмкіндіктерді жасап бергені үшін алғысымыз шексіз. Енді тек жұмыс істеп, мемлекет бюджетіне де өз үлесімізді қосымыз керек», — деп мемлекеттің қамқорлығына ризашылығын білдірді кәсіпкер.

Осы төсенішті бастау идеясына дейін балға ұстап көрмеген автор мұндай ұсталық қасиеттің нағашы жұртында болғанын кейін естіпті. Анасының ата-бабалары күмістен астын егерін жасаумен айналысқан екен. Жиһаз-трансформердің сал ауруына шалдыққан балалар үшін де тиімділігі жоғары. Сондықтан кәсіпкер кейде осындай науқастағы балаларға қайырымдылық есебінен жиһаз беріп тұрады.

«Ел іші — өнер кеніші» дегеніміз осы шығар...

Жиһаз сыбайлас жемқорлықтың білім беру саласында мүлде шектен шығып кеткені де сөз болды. Жас ұрпаққа тәрбие беріп, заманға сай білім беру міндетті жүктелген педагогтер арасында жалған құжат көрсетуден тайынбайтындары жеткілікті.

Олар біліктілігін арттыру үшін жалған санат жасатқандар тым көбейген. Мәселен, Балқаш ауданында 64 және Еңбекшіқазақ ауданында 291 мұғалімге берілген санаттар Ұлттық тестілеу орталығының базасында тіркелмеген болып шықты. Осылайша, жалған санат жасатқан мұғалімдерге жалақы ретінде қазынадан 430 млн теңгеден астам қаражат қосымша төленіп кеткен. Білім саласында жалақы төлеу кезінде мемлекеттік қаржыны жымқыру дерегі де азаймай тұр. Сонымен қатар облыста 110 адамның жалған дипломмен мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қызмет атқарып жүргені жаға ұстатады.

Комиссия отырысында облыстық Білім басқармасының басшысы Салтанат Беспаева, Жер қатынастары басқармасының басшысы Аманжол Абдрахманов, облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Еркем Баймұхамбетовтің баяндамалары тыңдалды.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

ЖИҒАЗ-ТРАНСФОРМЕР

ШЫМКЕНТТЕН ШЫҒАДЫ

Шымкент қаласында әлемде баламасы жоқ «Көшпенділер» деп аталатын жиһаз өндіріледі. Жиһаз жиынтықтары арқылы, яғни осынау конструктордан бірнеше жиһаз құрастыруға болады. Аты айтып тұрғандай, 12 бөлшектен тұратын жиһаз көшіп-қонуға өте қолайлы. Бағзы замандағы ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігін еске салатын осынау дүние заманауи үлгімен жасалынған.

Шымкенттік Ерлан Сағынтаев бұл құрамалы жиһазды құрастыруға 3 жыл уақытын сарп еткен. Терең логика мен әрбір бөлшегінің көлемі бір-біріне сай болу үшін жіті математикалық есептерді, үшқыр ойды талап ететін мұндай затты құрастыру идеясы Ерлан Батырханұлына өз-өзінен келіпті. Өмірінде ағаш өңдеуге арналған қарапайым балға ұстап көрмеген автор өзінің денсаулығы мазалап жүрген соң әсіресе бүйрегінде кінәраты болғандықтан, сүйеніп жату үшін қабырғаға көрпешені қалай жапсырып қоюға болады деген ойдың жетегінде болады.

«Бастапқыда аяғы бар әрі қабырғаға да жапсырып қоюға болатын көрпешені құрау үшін өлшем жұмыстарын жүргіздім. Картон қағаздарды қиған кезде жай-намаздың көлеміндей 120см * 60 см шамасы болды. Содан белі, аяғы ауыратын ата-апаларымызға ыңғайлы жұмсақ жайнамас ретінде де қолдануға болады екен деген оймен мұны одан әрі дамыттым. Бір топтамада 10 адам намаз оқи алатындай бірнеше құралмалы-жиналмалы үшкір көрпеше жасап шығардым.



Бір тылсым күш мені құрастырған көрпешелерімнен бұдан басқа да түрлі дүние жасауға болатынына жетеледі. 12 бөлшек адамның 12 мүшесі, ал әр құрақтың аяқтары бүгіліп, қайта ашылғанда тура адамның молдас құрып отырғаны сияқты кейіп береді. Қазақтың жігіттері молдас құрып отырады ғой, дәл сол сияқты» деген автор бұл ерекше дүниені бастапқыда қалай жасап шығарғанын айтып берді.

12 бөлшекті жайып жібергенде өлшемі 2,5*2,5 метр көлемінде күрес кілеміне де ыңғайлы болады. Бір-бірімен

тығыз, жылжымай жабысатын, өте ұқыпты істелінген көрпеше тектес бөлшек трансформатор құралмалы болғандықтан, компанияның атауын да Qigaq grup қойыпты. Осылайша, 2016 жылдан бері ойды дамытып, әрбір бөлшегінің адамға қызмет ету түріне мән беріліп жасалған құралмалы жиһаз идеясы 2019 жылы пісіп жетілген. 8 үлкен, 4 кіші бөлшектен тұратын құрақтан бүгінде бірнеше жиһаз құрастыруға болады. Тапсырыс берушінің қалауына қосымша 4 жастығы мен 2 үстелі де бар. Ұлттық ою-өрнекпен безендіріліп, заманауи стильде жасалынған

құрақты құрастыру, бөлшектеу және бір жерден екінші жерге тасымалдау оңай. Сол үшін оның атауын «Көшпенділер» деп қойыпты. Автор өзінің есептеуімен 20 түрлі жиһаз жасап шығаруға болады дегенімен, сатып алушылар бөлшектерден бұдан өзге де түрлерін құрастырып қойып жатқанын айтады.

Әмбебап жиһаз үйде көп орын алмайды. Үй бұрышында бірінің үстіне бірі жиналып тұрғанда бар болғаны 1,20*60 метр орынды ғана алатын бөлшекті кез келген уақытта кенейтіп, ұзынынан 12 метрлік диван немесе конак бөлмеге арналған ортасында шай үстел қойылған 2 орындық 1 диван істей салуға болады. Одан бөлек, ортаға шай үстелін қойып, айналдыра көрпеше төсеп тапшан жасасаңыз, тіпті керемет көрінеді.

«Күндіз конак бөлме жиһазы, түнде жатын бөлмеге арналған диван бола алатын бұл трансформердің адамға көрсететін қызметі көп. Атқаратын қызметі тек қазақтың емес, кез келген түркі халықтарына тән. Бір шетте жиналып тұрған бөлшектерді кішкентай балалар да көтеріп кете алады. Бір топтама бір жеңіл көлікке түгеледей сыйып кетеді. Оны таза ауаға серуенге алып шықсаңыз, төсенішіңіз де, жатын орныңыз да бола береді. Мысалы, келіндер үй жинағанда дивандар мен столдарды жылжыта алмай жатады ғой. Ал бұл жиһаз өте жеңіл, бір шетте ешкімге кедергі келтірмей тұра береді. Әсіресе, көпқабатты үйдің 1 бөлмелі пәтерінде тұратын жандар үшін де таптырмас дүние. Барынша минимализм үлгісінде жасалған жиһаз-конструкторды қыз жасауына да алып жатқандар көп. Қыздың дүниесіне арналған жиһаздардың бірнеше бөлігінің қызметін атқарады. Қазір адамдар минимализмге ауысып жатыр», — дейді Qigaq grup компаниясының негізін қалаушы Ерлан Батырханұлы.

Топтамасы 375 мың теңге тұратын жиһаз-трансформерге үйін ерекше стильде безендіретін қалталы азаматтар тарапынан да сұраныс артқан. Олар пайдаланылатын материалдардың қымбат түріне тапсырыс береді екен. Оның ба-

ғасы 660 мың теңге көлемінде болады. Бүгінде Шымкент қаласының тұрғындарынан бөлек Алматы, Астана, Ақтөбе жұрты да қызығушылық танытып жатыр. Әрбір миллиметрді үлкен есепті ететіндіктен, автор маңызды бөлшектерді өзгертіп алмас үшін тапсырысты әзірге ұлымен бірге істеп беріп отырған. Бір жиынтықты 3 күнде бітіреді. Алайда соңғы кездері тапсырыстың артуына орай шеберлерді тартуды ойлап отыр. «Бұл жобаның келешегі зор. Бұдан әрі де кенейтіп, дамытамын деген ойдамын. Бізге мемлекет тарапынан көп қолдау жасалды. Шымкент қаласының әкімдігі республика бойынша бізде ғана өндіріс паркін ашып берді. Жұмыс істемей тұрған үлкен зауыт иесімен келісім жасап, арнайы бағдарлама құрып, біз сияқты ерекше әрі болашағы бар кәсіппен айналысатындарды жинап, осында орналастырды. Жоба бойынша алғашқы жылы цехтың жалға алу құнының 75 пайызын, екінші жылы 50 пайызын, үшінші жылы 25 пайызын төлеп береді. Шүкір, бір жылдан бері отырған ғимаратымыздың жалға алу құнының 75 пайызын төлеп берді. Сонымен бірге қажетті құрылыстар мен шикізатты алу үшін 5 млн теңге қайтарымсыз грант алдым. Осындай керемет мүмкіндіктерді жасап бергені үшін алғысымыз шексіз. Енді тек жұмыс істеп, мемлекет бюджетіне де өз үлесімізді қосымыз керек», — деп мемлекеттің қамқорлығына ризашылығын білдірді кәсіпкер.

Осы төсенішті бастау идеясына дейін балға ұстап көрмеген автор мұндай ұсталық қасиеттің нағашы жұртында болғанын кейін естіпті. Анасының ата-бабалары күмістен астын егерін жасаумен айналысқан екен. Жиһаз-трансформердің сал ауруына шалдыққан балалар үшін де тиімділігі жоғары. Сондықтан кәсіпкер кейде осындай науқастағы балаларға қайырымдылық есебінен жиһаз беріп тұрады.

«Ел іші — өнер кеніші» дегеніміз осы шығар...

Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

6-10 қыркүйек аралығында Алматы қаласында VIII ВАIQONYR халықаралық кинофестивалі өтеді. Бұл фестиваль дәстүрлі түрде отандық кинематографтың жаңа есімдерін ашады, Қазақстанның дарынды жастарының халықаралық ілгерілеуіне қолдау көрсетеді. Осы орайда кинотанушы, Ваіqонуг IFF кинофестивалінің бағдарлама директоры Ержан Жұмабековпен сұхбаттасқан едік.

— Ержан, фестивальдің бағдарламалық директоры ретінде шетелдік әріптестеріңізбен көп сөйлесетін шығарсыз. Ваіqонуг кинофестивалі туралы олардың пікірі қандай? Жас киногерлер үшін бұл фестивальдің қандай маңызы бар?


— Ваіqонуг — жас киногерлер шығармашылығының дамуы мен насихатталу жолындағы Орталық Азиядағы, ТМД елдеріндегі ең маңызды шаралардың бірі. Бұл алаңда кино өнерінің жаңа көркемдік мүмкіндіктері мен жетістіктері айқындалып, кино әлемінің өкілдері мен көрермен арасында өзара байланыс қалыптасады. Бүгінде кинофестивальдің көптеген қатысушылары кино саласында қызметін атқарып, жаңа белестерден көрінуде. Олардың қатарында ұлттық киномызды әлемге танытып жүрген Шарипа Оразбаева, Дархан Төлегенов, Диас Бертіс, Әлішер Жәдігеров, Берік Жахановтар бар.

Әр жылдары кинофестивальдің қазылар алқасында жоғары санаттағы Оберхаузен, Клермон — Ферране, Бусан сияқты кинофестивальдерінің өкілдері жұмыс жасайды. Бұл фестиваль деңгейінің және олардың бізбен жұмыс істеуге, ынтымақтастыққа деген ұмтылысының көрсеткіші деп білемін.

— Кез келген кинофестиваль үшін оның басқа ұқсас кинофестивальдерден өзгеше келбеті болуы өте маңызды. Бұл фестивальдің ерекшелігі қандай?

— Ваіqонуг — Қазақстанда теңдесі жоқ бірегей шара. Жеті жыл ішінде фестиваль ерекше атмосфера құрып, әлемдік киноиндустрия мен дарынды жас кинематографистердің назарын аудара алды.

Кинофестивальдің өту форматы бойынша екі негізгі бағытта бөліп қарастыруға болады. Ол — практикалық және теориялық бөлімі. Бірі қысқаметрлі және толықметражды фильмдердің (көркемсуретті, деректі, анимациялық) көрсетілімі болса, екіншісі — кинотанушылар мен сыншылардың форумы. Екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Ірі халықаралық фестивальдер аясында да арнайы кино-



Ержан ЖҰМАБЕКОВ,
КИНОСЫНШЫ:

ВАIQONYR — теңдесі жоқ бірегей жоба

сыншылар ұйымы жұмыс жасайды. «Сыншылар апталығы», «Сыншылар жұлдесі» және т.б. шаралары бар. Былтырғы жылы біз осы тәжірибені енгіздік. Киносыншылардың талдауы, авторлық дәрістер жүргізілді. Арнайы басылымдарда рецензиялар жарияланды. Осылайша, біз сапалы практикалық мысалдарды талдау негізінде біз кино өнерін дамытуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізе аламыз.

Жас кинематографистердің шығармашылығына қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған «Жаңа көзқарас», «Дидар», «Шәкен жұлдыздары» кинофестивальдері өз уақытында дарынды режиссерлерді айқындап, ұлттық кино бағытындағы жаңа есімдерді ашты. Алайда осы уақытқа дейін жастар киносын кол-

даудағы кинофестивальдер тұрақтылыққа жетпеді. Қазір жұмыс атқарып келе жатқан «Бастау», «Еуразия» халықаралық кинофестивальдері өз форматы бойынша сандық шеңберге жасап, еліміздегі өндірістік толқынды толығымен қорыта алмайды. Студенттік фильмдерден бөлек, оқу орындарын тәмамдаған жас режиссерлердің туындылары және жеке студиялар арқылы түсірілген фильмдер де назардан тыс қалып отырды. Бұл фильмдер тек шетелдік фестивальдерге ғана үміт артатын-

дай күйге жетті. Ваіqонуг форматы бойынша арнайы құралған «ұлттық конкурс» жастар киносынның барлық бағытын қамтып, ары қарай сол фильмдердің танылуы үшін барынша жұмыс атқарып келеді. Оның ішінде әртүрлі халықаралық кинофестивальдерге ұсыну, көрсетілімдер ұйымдастыру, ақпараттық қолдау және т.б.

— Сізді бұл жоба несімен қызықтырды?
— Кинофестиваль саласындағы алғашқы тәжірибем «Шәкен жұлдыздары» халықаралық кинофестивалінен басталды. Ұзақ жылдар бойы осы фестивальдің тұрақты іріктеу комиссиясының мүшесі болған, ұстазым кинотанушы Гүлжан Наурызбекова фестивальдің бағдарламалық-ұйымдастыру жұмыстарына араластыратын. Кинофестивальдер қозғалысына деген қызығушылығым осы кезден келді десе болады.

2016 жылы алғаш республикалық форматта ашылған Ваіqонуг кинофестивалі бүгінге дейін тұрақты дамып келеді. Кинофестивальдің мақсаты тек фильм көрсетіп, сыйлық үлестірумен аяқталмайтыны белгілі. Кино өнерін насихаттау, көрерменнің талғам деңгейін қалыптастыру, саладағы жас мамандарға шығармашылық орта қалыптастыру, олардың дамуы үшін тәжірибелі мамандарға жарнамалау фестивальдің негізгі бағытына айналғанда біздің өнер мен мәдениет

— Кинофестиваль тақырыптық — жарлық тұрғыда шектеу қоймайды. Фильмдер қандай бағытта болса да бірінші кезекте көркемдік тұрғыда жаңашылдығы мен ізденісі арқылы ерекшеленуі тиіс.

— Фестиваль көптеген жас режиссерлерге жол ашып берген сияқты. Қалай ойлайсыз?
— Иә, байқау дирекциясы қатысушы фильмдердің әлемдік аренаға жолдама алуына септігін тигізіп жатады. Жарқын мысалдардың бірі — режиссер Шарипа Оразбаева. Оның «Картоп жегіштер» картинасы I Ваіqонуг SFF «Бас жұлдесін» жеңіп алып, кинофестивальдер арасындағы келісімнің арқасында «Еуразия-2016» ХКФ халықаралық байқауына өткен.

Фестивальдің дәстүрі бойынша, «Бас жұлдені» иеленген фильмнің режиссері келесі фестивальдің қазылар алқасының құрамына енеді. 2017 жылғы фестиваль қатысушыларының жұмыстарын Шарипа Оразбаева бағалаған болса, 2018 жылы қазылар алқасының құрамына режиссер әрі актер Баймұрат Жұманов, ал 2019 жылы Тимур Сердалин енді.

Фестивальдің әр жылдарында қазылар алқасында Гүлнәр Әбікеева, Рашид Нұғманов, Серік Апрымов, Гульбара Толомушова, Кристиана Бюхнер (ХКФ «Оберхаузен»), Жюльен Вестерман (ХКФ «Клермонт-Ферране»), Хонг Сонг-Ву (ХКФ «Пусан»), Эдуард Новиков және т.б. танымал тұлғалар болды.

Ал алғашқы кинофестивальге Оңтүстік Кореялық режиссер әрі сценарист, Венеция, Канн және Берлин кинофестивальдерінің жеңімпазы Ким Ки-Дук келіп, ашылумен құттықтаған болатын.

— Фестивальде болған қандай жақсы өзгерістерді атай аласыз?

— 2020 жылы Ваіqонуг кинофестивалі аясында алғашқы рет өткен питчингті айтуға болады. Жобалар байқауына келіп түскен өтінімдердің ішінен 14 жоба іріктеп алынды. Фестиваль дирекциясы отандық беделді продюсерлерді серіктестікке шақырды. Питчингтің басты мақсаты — жас режиссерлердің жобаларына деген қызығушылықты таныту болды. Нәтижесінде, екі бірдей жоба өз продюсерлерін тауып, келесі фестиваль бағдарламасында көрермен назарына ұсынуға дайын болды. Олар — қысқаметрлі Neet, (реж. Диас Тлеу, продюсері Дина Жұмабек) және толықметражды «Отар» (реж. Әлішер Жәдігеров, продюсері Анара Жүнісова) фильмдері.

Былтыр фестиваль аясында алғаш ТМД елдерінің кинотанушылары мен сыншыларының форумы өтті. Іс-шара киносыншылар мен кинотанушылар арасында өзара іс-қимыл мен дискурстың, тәжірибе алмасудың тұғырнамасы ретінде ойландырылды және де сәтті өтті деп ойлаймын.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ж. ЖАНГЕЛДІ

Өрлеу-өріс

ТОРАҢҒАЛЫҚ ТУРИСТІ МАГНИТШЕ ТАРТАДЫ



Қарағандыдағы Балқаш өңірі туристік аймақ ретінде танымал. Жаз шыға Балқаш көліне ағылатындардың қарасы қалың. Жақында тағы да бір жағымды жаңалық жария болды. Енді Ақтоғай ауданына қарасты Тораңғалық ауылы бұдан былай Ақтоғайға емес, Балқаштың шекарасына кіреді.

Бұған дейін Тораңғалық курорттық ауылын дамытып, туристер үшін жайлы жағдай жасау мәселесі талай көтерілген болатын. Осы мәселені облыстық мәслихаттың депутаттары кезекті сессияда қайта көтеріп, ауылды қаланың шекарасына қосып берді.

«Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы мен Балқаш қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгеріс енгізілсін: Ақтоғай ауданының Тораңғалық ауылдық округі жойылысы, кейіннен оның аумағы Балқаш қаласының әкімшілік бағынысына енгізіле отырып, оны есептік деректерден алып тасталсын» делінген құжатта.

Айта кету керек, Балқаш қаласының шекарасын өзгерту мақсатында үкіметтік қаулы шыққан болатын. Бұл қаулы Тораңғалық ауылдық округін Балқаштың шекарасына кіргізу үшін әкімшілік реттеуді шешу мақсатында ұйғарылған. Бүгінде облыстық Экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева жасалуы керек барлық рәсім заң жүзінде жүргізілгенін атап өтті.

Тораңғалық — Тораңғалық ауылдық округінің орталығы. Балқаш көлінің жағасында, Балқаш қаласының солтүстік-батысында 25 шақырым жерде орналасқан. Іргесі 1937 жылы қаланған. 1968 жылы Балқаш құс фабрикасы ашылып, 1998 жылы жекешелендірілген. 1977 жылы Тораңғалық ауылдық кеңесі атқару комитеті құрылған. Тораңғы ағашының көп өсуіне сай Тораңғалық деп аталған. Ауылдық округ бұрын Тоқырауын

ауданына қараған. 1997 жылы ауданның тарауына байланысты Ақтоғай ауданына қосылды. Халқының саны — 0,6 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы — 3,5 мың гектар. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары — балық аулау, көкөніс, құс өсіру, қосымша — сүтті ірі қара, шошқа өсіру болды. Округте мектеп, ФАП, клуб, кітапхана, 14 демалыс орны, «Балқашқұс» ЖШС, АТС, пошта басқа да мәдени-тұрмыстық мекемелер бар. Ауыл басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады.

Тораңғалықты қалаға қосудың басты себебі бар. Бірнеше жыл бұрын Балқаш курорттық аймағын дамыту бойынша арнайы жоба да құрылған болатын. Бұл жоспарға сәйкес, бюджеттік және жеке құйылатын инвестиция сомасы — 30 млрд теңге.

Бұл жерде жағажай туризмі басты орында. Балқаш көлі жағасындағы 40-тан астам демалыс орны мен пансионатқа жыл сайын 30 мыңнан астам турист келеді. Балқаштың туристік әлеуетін арттыру мақсатында іске асырылатын кешенді шаралар қатарында бос жер учаскелерін пайдаға жарату, Балқаш қаласы әуежайын қайта жаңғырту, Бертіс шығанағының туристік объектілеріне, Шұбартүбек және Тораңғалық кенттерінде инженерлік инфрақұрылым жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары тұр. Сонымен қатар ұзындығы 360 шақырымды құрайтын төртжолалық Қарағанды — Балқаш күрежолы толық іске қосылады. Жеке инвестициялар есебінен 9 жаңа демалыс аумағының құрылысы басталады.

Аталған аймақтарда туризмді дамытуда басты басымдықтар инфрақұрылымды дамытуға бағытталса, туристер саны артады. Турист — жергілікті жерге келетін қаражат көзі.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Ел ішінде

Шыны керек, бүгінде статистикалық есептердің басым бөлігі шындықтан алшақтай барады. Жыл сайынғы есеп жүргізу өткен жылғымен шамалас бағытта жүргізіле беретінін ешкім жоққа шығармайды.

ЖАЙЫЛЫМ ЖАНАЙҚАЙҒА АЙНАЛДЫ

Түркістан облысына қарасты ауыл әкімдері елді мекендерде сүт және ет өнімдерін өндіру бойынша көрсеткіштерді жақсарту мақсатында статистикалық есептерге шаруа қожалықтарындағы мал бастарын әдейілеп қосып жазған. Бұл туралы Түркістан облыстық прокуратурасы мәлімдеді.

Осылайша, аудан әкімдері жайылым жерлерді басқару Жобасын түзу және бекіту барысында бұрмаланған есептерді қолданған.

Бүгінде аталған статистика прокурорлардың ықпалымен ретке келтіріліп, облыс бойынша нақты қажеттілік 3 есеге, яғни 2,1 млн гектардан 652 мың гектарға дейін төмендепті.

Түркістан облысының прокуратурасы анықталған деректер бойынша «Қолжетімді жайылым» жобасының аясында 174 ауыл әкімі Қазқстан Республикасының Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы кодексінің 498-бабы (статистиканы қосып жазу және бұрмалау) бойынша 5 млн теңгеге әкімшілік жауаптылыққа тартты.

Одан бөлек, прокурорлық актілердің негізінде қала, аудан әкімдіктерімен бұрын бекітілген осыған ұқсас жобаларды қайта қарау жұмыстары жүргізілуде.

Осы тектес кемшіліктердің алдын алу мақсатында Стратегиялық жоспарлау және реформалар бойынша агенттігіне, Ауыл шаруашылығы министр-

лігіне және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне мал шаруашылығы саласындағы бағдарламаларды интеграциялау бойынша бірқатар ұсыныстар жолданған.

Сондай-ақ жуырда Мәжіліс депутаттары жайылым жерлер туралы заңнамаға ауыл шаруашылығы кешендерінің құрамына жайылым жерлерді теңдер өткізбей беруге тыйым салатын түзетуді бірінші оқылымда қабылдағанын атап өткен жөн.

Айта кетейік, еліміздегі қолда бар 187 млн гектар жайылым жердің бүгінде тек 82 млн гектарға жуығы ғана жайылым жер ретінде пайдаланылуда. Оның 61 млн гектары ауыл шаруашылығы мақсатында болса, 20 млн гектары — елді мекендердің жерлері.

Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтының мәліметі бойынша, соның салдарынан Қазақстанның оңтүстік аймақтарында ауыл тұрғындарының тығыздығы және сәйкесінше мал басының, әсіресе жеке шаруашылықтағы мал санының жоғары болуына байланысты жайылым жер тапшылығы қатты байқалуда.

Назгул НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы



ЖОШЫ ХАН ЖАЙЛЫ ЖАҢА ДАСТАН



кері Еділ Құсайынов пен Қайрат Тоқымбетов жазған. Қойылымның суретшісі ретінде Ерлан Тұяқов арнайы шақырылса, хореографы — Салтанат Сұңғат, сахна сайысын Абылай Салимханов қойды. Жалпы, шығармашылық топ аянып қалмаған. Сахнаға эскалатор жүргізілген, фон 3D графикамен өрленген, тіпті қағанның айбарын көрсететін тақ та ерекше өрленген. Кезінде осындай соңғы үлгідегі техникаларды пайдалану үшін театрлар қыруар қаржыға шетелден режиссер алдыратын еді. Ал «Жошы ханда» өзіміздің режиссерлер мен мамандар қалыптасқан стереотипті бұзып, қазақ театрының мүмкіндіктерін тағы бір рет паш етті.

Шыңғыс ханды Жанқалдыбек Төленбаев шынайы сомдаған. Бұғандейінгі спектакльдерде Шыңғыс ханды тек қатығез жағынан көрсек, бұл жолы қарттықтың қайнарына жетіп, кемелденген әке образында көбірек танымыз. Қойылымда Шыңғыс хан ұлдары арасындағы алауыздықты шешіп, сыртқы жаулардың китүрқы ойларының жүзеге асуына жол бермеуге тырысады. Шыңғыс ханның өз қарамағындағы жерлерін төрт ұлына беріп, ұлыстарға бөлу сахнасы арқылы оның көрегендігі мен сарабал саясаткерлігі байқалады. Заңғар таулардан асып, терең теңіздерді кешіп, таралғы созылғанша, үзеткі қажалғанша тыным таппай, қаншама халықты қарамағына қаратып, бір ұлысқа ұйыстырған хан әке мен оғлан Жошының ел билеу жөніндегі ой ерекшеліктері, талғам-түйсіктері бой көрсетеді.

Кей сәттерде әке шешіміне қатысты өз пікірін ашық айтатын Жошы оғлан бейнесі бүгінгі Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуының ежелгі шарт-талаптарын негіздеуші ұлы тұлға Жошы хан бейнесіне дейін көтеріледі. Жошы өз иелігіне берілген Ертіс өзенінен Орал тауына, онтүстіктен Каспий теңізі мен Арал теңізіне дейінгі жерлер, Сырдария аймағы, Қойлық пен Сақасыннан Бұлғардың шетіне дейінгі Қыпшақтың кең даласын зор мәртебе тұтады. Ұлы дала кіндігі

Ұлытауда Жошы ордасы тігіледі. Спектакльде Жошы хан рөлін театрдың жас актері Қайыржан Салдыков сомдайды. Динамикаға құрылған драмада хан ордасындағы алауыздықтар мен көреалмаушылықтар да көрініс тапқан. Айталық, бақсы Көкеш пен Қағанның сүйікті тоқалы Құлқа тақтан дәмеленіп, Жошы мен бауырлары арасына от салады. Жошының көзін құрту үшін бақсы Құлқаға у береді. Оны ханша көйлегіне жасырады. Алайда спектакль барысында у ішіп уланған ешкімді көрмедік. Сонында сол ұдың ханның қолына қалай жеткені де ашық қалды. Дегенмен түркі баласын бір тудың астына жинап, артынан ерген елдің тыныштығы мен біртұтастығын ойлаған оғлан бейнесі бүгінгі қазақ театрына қосылған жаңа тұлға болды. Шыңғыс ханнан кейін қаны түркі баласына бір шаңырақтың астына бас қосқызып, бір қазаннан дәм татқызыған, тағдырын бір қазыққа байлаған Жошы өмірі — елдің елдігін, ділдің бастауын көрсететін құндылық.

тарихи драмасының авторы — Думан Рамазан. Белгілі жазушы бұған дейін «Кенесары — Күнімжан», «Абылай ханның арманы», «Керей — Жәнібек хандар» пьесаларын жазып, әдеби қауымның ыстық ықыласына ие болған еді. Ал қоюшы режиссері — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов. Автор мен режиссердің тандемі тарихи сананы қайта жаңғыртуға, көркемөнерді бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуге өлшеусіз үлес қосады. Сондай-ақ спектакльге ерекше реңк беріп, шығарманың мазмұнын аша түскен оның музыкасы. Әуендерді композитор, этномузыкант, Қазақстан Республикасының мәдениет қайрат-

рады. Алайда спектакль барысында у ішіп уланған ешкімді көрмедік. Сонында сол ұдың ханның қолына қалай жеткені де ашық қалды. Дегенмен түркі баласын бір тудың астына жинап, артынан ерген елдің тыныштығы мен біртұтастығын ойлаған оғлан бейнесі бүгінгі қазақ театрына қосылған жаңа тұлға болды. Шыңғыс ханнан кейін қаны түркі баласына бір шаңырақтың астына бас қосқызып, бір қазаннан дәм татқызыған, тағдырын бір қазыққа байлаған Жошы өмірі — елдің елдігін, ділдің бастауын көрсететін құндылық.



Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының қоржыны тағы бір жаңа туындымен толықты. Бұл жолғы қойылымның ішкі мазмұны, сыртқы көрінісі де ерекше. Алтын орданың бастауы болған Жошы ұлысының қалыптасуы жайлы сөз етеді. Осы арқылы қалың көрерменге қазақ елі тарихының ерте замандардан бастау алғанын дәлелдейді.

Көктем ҚАРҚЫН

Кетбұға бидің Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының қазасын естірткені туралы аңызды білмейтін қазақ жоқ. Қаһарлы хан «Ақсақ құлан» күйі арқылы ұлының өлімін естірткені үшін домбыраның көмейіне қорғасын құйғызады. Сондықтан да тарихи қойылымның шымылдығы қоныр домбыраның үнімен ашылды. Ары қарайғы сюжет қиян-кескі ұрыс сахнасына ойысады. Жүздеген соғыста қол бастап, Шыңғыс ханның сенімінен шыққан Жошы бұл жолғы шайқасты қан төкпей, шағарды жермен-жексен етпей алуды көздейді. Бірақ барлығын білектің күшімен шешіп үйренген бауырлары Шағатай мен Үгедейдің шыдамы жетпейді. Осылайша, Жошыға көнбей, Ұлы жасақ занына сай әрекет етеді. Қойылымда «әділдік» принципі көбірек сөз болады. Осы уақытқа дейін жолында тұрған жанның қанын төгіп, ешкімді аямай келген қолбасшы Жошының бойында үрей пайда болады. Ол ұрпақтарының келешегі үшін уайымдай бастайды. Ақыры өкесіне ішіндегісін бүкпей айтып, жорықтың шегін сұрайды:

— Бәрін бір қалыпқа салам деп жүргенде түркі баласы өзі жұтылып, өзегінен айырылып қалмай ма? Осыншама жорықтың шегі болуы керек қой? Егер жер бетінде тіршілік тоқтамайтын болса, соғыс та тоқтамайды. Себебі әр заманның өз Шыңғыс ханы болады, — дейді Жошы. Ал Шыңғыс хан алған бетінен қайтпай:

— Бір билікке бағынғанда ғана жер бетінде тыныштық орнайды. Қателесесің, Жошы. Шыңғыс хан дүниеде жалғыз. Ол енді қайта тумайды. Адамдар тығырыққа тірелген уақытта оны іздейтін болады. Бірақ ол кезде Шыңғыс хан қол жетпейтін алыста болады, — дейді.

Осындай диалогтар арқылы автор спектакльде әке мен бала сабақтастығын да ұштастыра білген. Айта кету керек, «Жошы хан»



Түркістан театрының елордадағы турнесі

Елордамыздың 25 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында, осыдан бес жыл бұрын облыс ретінде құрылған Түркістанның бар-жоғы екі жылдық тарихы бар театры гастрольдік сапармен Астанаға келді.

Түркістан музыкалық драма театры 2023 жылдың 2-5 шілде аралығында Астана қаласының бас театрларында қойылымдарын көрермендерге ұсынады. Театрдың ашылғанына аз уақыт өтсе де, бірнеше тарихи драмаларды сахналап үлгерді. Д.Исабековтің «Бөрте», Е.Аманшаевтың «Қорқыт», А.Нүсіптің «Мағжан», Т.Ахметжанның «Махаббат мұнарасы», Р.Мұханованың «Фарица» т.б. спектакльдері тек қана түркістандық көрермендермен шектелмей, республика жұртшылығының іздеп келіп көретін қойылымдарына айналды. Қазір Түркістан музыкалық драма театрының репертуарында 9 спектакль бар.

Сапалы дайындалған спектакльдер бірнеше байқаудың бас жүлдесін де иеленді.

Гастрольлік сапар барысында Түркістан музыкалық драма театры 2023 жылдың 4 шілдесінде Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры сахнасында жас драматург А.Нүсіптің «Мағжан» тарихи драмасын қояды. Спектакльдің өзекті тақырыбы — Мағжан Жұмабаевтың ағартушылық саласындағы еңбегі, махаббаты, ұлтқа адал қызметі, Сарыарқаны жайлаған аштық (1921—22 жж.) болып табылады.

Сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» сахнасында драматургтер Е.Аманшаевтың «Қорқыт», Т.Ахметжанның «Махаббат мұнарасы», Р.Мұханованың «Фарица» спектакльдері 2-5 шілде аралығында қойылады.

Түркістан музыкалық драма театрының үздік қойылымдары елорданың төрінде апта бойы көрсетіледі. Астаналықтарды аз уақытта көрерменнің көңілінен шыққан жас театрдың қойылымдарын көріп, саф өнермен сусындауға шақырамыз.

«Роза Бағланова» мюзиклін ұсынады

Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының ASTANA MUSICAL мемлекеттік театры Оңтүстік Кореядағы Daegu International Musical Festival (DIMF) халықаралық мюзиклдер фестивалінде «ҮЗДІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЮЗИКЛ» және «ҮЗДІК ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ» атағын жеңіп алып, бас жүлдеге ие болған «РОЗА БАҒЛАНОВА» атты жүлделі мюзикліне шақырады.

КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстанның Халық Қаһарманы, күміс көмей әнші, ардақты Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына орай қойылған мюзикл әншінің балалық және жастық шағы, сондай-ақ соғыс жылдарындағы қиын тағдыры, шығармашылық жолының қалыптасуына негіз болған өміріндегі шешуші сәттері жайлы баяндайды.

Театр өнерінің заманауи технологиялары, шығармашылық режиссерлік, музыкалық және ерекше хореографиялық шешімдер, XX ғасырдағы танымал әндер және соғыс жылдарындағы ерекше атмосфера ешкімді бейжай қалдырмайды.

Мюзиклдің композиторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері — Артур Оренбургский, саунд дизайнер — Ақжол Өмірзақов. Қоюшы-режиссер — Astana Musical мемлекеттік театрының көркемдік жетекшісі — Есләм Нұртазин, қойылымның авторлары — Ефрат Шарипов, Шыңғыс Маман, Айдын Сахаман және Әннәс Бағдат.



NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГІ
AIQYN
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПІАШАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4320
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,